

423
54 84 162
8828



130
1794

4

Біржан
сал
Қожағұлұлы




**«ЖАЗУШЫ»
БАСПАСЫ,
АЛМАТЫ — 1967**





Алғы сөзін жазып, жалпы
редакциясын басқарған
Профессор ЕСМАҒАМБЕТ ЫСМАЙЫЛОВ
Құрастырған ҚАРТА ҚАҢТАРБАЕВ.



Қазі
Б94

Біржан сал
Қожағұлұлы

Ө Л Е Ń Д Е Р



8828

012

Суретші
ЭДИЛ РАХМАНОВ

73

74

БІРЖАН САЛДЫҢ АҚЫНДЫҒЫ

Қазақ поэзиясы мен өнерінің тарихында алатын орны ерекше, даңқты халық композиторы, асқан әнші, дарқан ақын Біржан салдың есімі мен тамаша шығармалары қа-
лың бұқараның сүйіспеншілік құрметіне бөленіп, бүгінгі түрі ұлттық, мазмұны социалистік жаңа мәдениетіміздің сарқылмас асыл қазынасына айналып отыр. Біржанның композиторлығы, әншілігі, ақындығы, өзінің замандас-
тарын қандайлық қызықтырып баурап алатын болса, қазіргі ақын-жазушы, әнші-композиторларды, жалпы мәдениеттік қауымды соншалық қызықтырып баурап әкеткендігінің куәсіміз. Біржан әнші, композитор ретінде қазақтың әншілік өнерін, музыкасын дамытып, молық-
тырып, жаңа белеске көтергендігін, Арқада әншілік, композиторлық творчествоның өзіндік озық үлгі-өрнегін, мектебін жасағандығын, қазақ ақындарының айтыстағы суырыпсалмалық (импровизаторлық) дәстүрін үлкеп ақындық дарынмен дамытып қалыптастырғандығын әде-
биетші, өнерші ғалымдар толық мақұлдап жазып келеді.

Біржан бұрынғы-соңғы қазақтың сал, сері ақындары-
ның ағасы, ұстазы, жаңашыл өнерпазы. Өйткені сал, сері ақындардың поэзия мен музыканы, халықтың ойын-
сауық өнерлерін ұштастыра біліп, жаңа көркемдік маз-
мұнмен дамытуға жол ашқан жаңашылдық сипаты да, қалың бұқараның азатшыл, әділетшіл арман-күйлерін

жырлаған өршіл сарындары да Біржанның творчестволық дүниесінен толық табылады. Оның асқақ үнге, терең де нәзік лиризмге толы тамаша ән өлеңдері мен жырлары, айтыс өлеңдері мен тапқыр сықақтары өз заманындағы өзі өскен қоғамдық ортадағы күрделі әлеуметтік, ізгі адамгершілік мәселелерді тебіреніп толғайды. Демек, Біржанның ақындық шығармалары өзінің өмірлік сыр-сипаты жағынан қазақ әдебиетінде бұқарашыл, прогресшіл тенденцияға саяды.

Біржан — XIX ғасырдың орта кезінде өмір сүрген ақын. Бұл дәуірде ақын өскен қазақ ауылы бір жағынан атам заманғы көшпелі, патриархалды салтты сақтап келсе, екінші жағынан Россияның қол астына қарап, оның тіршілік, өнер сағасындағы пайдалы ықпалын қабылдай бастаған-ды. Біржанның ата мекені «Арқаның кербез сұлу Көкшетауы». Сол сұлу Көкшені, Бурабай төңірегін қоныстаған Атығай, Қарауыл, Керей елдерінің XIX ғасырда жаңа түскен қала, деревняларымен жақын араласа отыруы, Біржанның ақындықпен ел кезіп жүргенінде жарменкелі ойын-сауығы, өнері анағұрлым қызықты Көкшетау, Ақмола, Омбы, Қарқаралы, Семей, Атбасар, Торғай, Орынбор т. б. қалаларда да болуы сөз жоқ, оның ақын-әншілік өнеріне жаңа леп бергендігі даусыз. Мұны әдебиет, өнер зерттеушілері айрықша атап көрсетеді.

Біржан сал туралы осы күні көп жазылып жүр. Ең алғаш баспа жүзінде Біржанның атақты сал ақын, әнші ретінде есімі Сәбит Мұқановтың, А. Затаевичтің, С. Сейфуллиннің еңбектерінде аталады. Біржанның өмірі туралы тұңғыш деректі жазған — Сәбит Мұқанов. Онан кейін Қ. Жұмалиевтің, А. Жұбаповтың, М. Әуезовтің, М. Ғабдуллиннің, Е. Ысмайыловтың кітаптарында Бір-

жанның өмірі мен творчествосы сөз болады. Біржан туралы бұрын-соңғы деректерді жинап, қорыта отырып, оның поэзиялық шығармалары жөнінде нақты талдау жасаған — әдебиетші ғалым Ғ. Әбетов. Біржанның ақындығы айтыстағы өнері туралы пікірлер басқа әдебиетшілердің еңбектерінде де кездеседі. Біржанның өмірі мен ата-тегі туралы және бұрын белгісіз өлеңдерін, әндерін жинауда көп еңбек етіп келе жатқан Б. Ғ. Ерзакович, Е. Байболов, Қ. Қаңтарбаев, М. Майшекин т. б. «Біржан — Сара» айтысы негізінде ақын Қ. Жұмалпевтің либреттосы бойынша композитор М. Төлебаев опера жазып, ол совет жұртшылығының зор бағасына ие болды. Біржан туралы бұрын-соң жазылған еңбектердің қай-қайсысы болсын ұлы ақын-композитордың шығармалары ескірмей, тозбай халықпен бірге жасап келе жатқан асыл қазына екендігін кеңінен түсіндіреді.

* * *

Біржанның өмір баяны өз мезгілінде жазылып алынбаған. Оның замандастарының, туған жақындарының естелік әңгімелері бойынша кейін бір жүйеге келтіріп жазылып келеді. Біз де бұрын-соңғы жарияланған немесе жиналып қолжазба күйінде сақталған деректерге, ауызекі әңгімелерге сүйеніп, оның өмірі мен шығармасы жайында қысқаша айтып өтелік:

¹ Біржан 1834 жылы бұрынғы Көкшетау дуаны, Ақсары болысының ішінде Бурабайға жалғас қалың тоғаймен қоршалған айдын шалқар Жөкей көлінің жағасында дүниеге келген. Көкшенің сексен көлдерінің бірі Жөкейге жақын төңіректен суы күмістей сылдырап мөлдір бұлақтар ағады. Соның бірін осы күнге дейін ел Қожағұл

бұлағы деп атап келген. 1870-жылдары Көкшетау дуанының жері мен елін аралаған Батыс Сибирь өлкесінің жерсу мекемесінен келген И. Я. Славцов дейтін агроном, 1824 жылы Көкшетау дуаны ашылатын жиында Ақсары болысының беделді биі Қожағұл Дербіс баласын атайды. Оның ауылы Қожағұл бұлағының бойында дейді. Бұлақ пен Жөкейдің арасы он шақырымнан аспайды. «Мың жарым жылқы біткен» Қожағұлдың қысқы күнгі мекені көл мен бұлақ төңірегі болса, жазғы жайлауы одан алыс кең жазықтағы Мамай көлі, Майлысар алқабы екен. Бір жағы айдын шалқар көл, сыңсыған қалың орман, екінші жағы сылдырап аққан ерке бұлақ, үшінші жағы кең жазық, малдың өрісі, төртінші жағы Көкшенің биік те кербез шың-шоқыларымен жалғасып жататын қырқа. адыр, төбелер — барлығы да адам қолдан жасағандай әсем бір поэзиялық дүниедей сұлу жер болашақ дарқан ақынның әсемдік қиялын еріксіз тербесе керек. С. Мұқанов Ыбрай туралы мақаласында Көкшетаудың сұлу табиғаты Біржан, Ақан, Ыбрайлардың ақындық, әншілік өнерінің дамуына елеулі әсері болғандығын айтады. Өзінің белгілі «Көкейкесті» дейтін әнінде Біржан осы бір сұлу жерлермен қалың ел сән түзеп, сайран салып көшкендігін сүйіспеншілік сезіммен еске түсіре:

Бүркітті асуынан талай өттім,
Қалың ну орманыңда сайран еттім.
Айнала Жөкейкөлдiң жағалауып,
Шіркін-ай, бір көруге арман еттім!—

деп туған жеріне деген ыстық махаббатын айтады.

Біржанның ата-тегін, кейінгі ұрпақтарын елдегі қариялар да, Қарта мен Есім де кеңінен таратып баяндайды. Біржанның руы Керей, Керей ішінде Ақсары. Ақ-

сарыдан Нұралы, Нұралыдан Батыр, Батырдан Кенже, Кенжеден Бертiс, Бертiстен Қожағұл, Қожағұлдан Тұрлыбай, Тұрлыбайдан Нұржан, Біржан. Біржаннан Темiртас, Қалiкен, Асыл, Ақық, Темiртастан Мұхаметқали мен Жамал туған. Қожағұл — Біржанның ұлы атасы. Қариялардың айтуына қарағанда, Біржан әкесi Тұрлыбайдан гөрі, елдің билігіне, шешендік сөзіне үнемі араласқан ұлы атасының тәрбиесін көбірек көріпті. «Жақпадым өзiм әкем Тұрлыбайға» деген Біржан сөзі бір доға, бір бет әке мінезiне наразылықтан туғандығы сөзсiз. Оның бержағында Тұрлыбай ерте өліп, Біржан атасының қолында баласы атанып кете барған. Жоғарыда аталған Славцовтың дерегінде Қожағұлдың фамилиясын Дербіс деп атаған, ал қариялар Бертiс дейді. Мұның қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екенін ажырата алмадық. Бертiс дегенді сол кездегі тілмаштар «Дербіс» деп бұрып жаза салуы да ықтимал.

Біржанның арғы аталары XVIII ғасырдың ақырында бұрынғы Қызылжарға (Петропавл) қарасты Ақ Қосақ болысындағы қалың керей ішінен көшіп осы Жөкей көлінің төңірегіндегі рулас Ақсары ортасына келіп орналасқан. Керей ішіндегі Нұралы Көшектен тарайтын ауылдар қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Преснов ауданының жерінде де, Көкшетау облысы, Еңбекшілер ауданының Біржанның туған жерінде де бар. Біржан да оның әкесі Нұралы, бабасы Қожағұл басқа ағайындары Қызылжар жағындағы ағайын-туғандарымен үнсімі сапырылысып, араласып, олардың қысқы мекені — Жайсаң қорығы мен жазғы жайлауы Қайранкөл өздерінің Жөкей мен Мамайкөлі сияқты болып кеткен. Біржанның:

Ақсары, Тоқсары мен екі Сары,
Үш жүздің болысына болдым дәрі,

Құдайберді Көшектің баласы едім,
Қызып кетсем сөйлеймін одан да әрі.—

деген өлеңі ата-бабасын қайдан, қалай тарайтынын есіне түсіруден туган. Қожағұл, Біржанның өзі айтқандай, дәулетті ел жұмысына араласқан білікті шешен, белді адам болыпты. Қожағұлдың үйіне сол замандағы қазақтың белгілі шонжарлары, шешен билері, ағасұлтан ұлықтары, ақын әншілері үнемі ағылып келіп, кетіп жатқан. Сондықтан Біржанның аулында, төңірегінде жүрген замандас, ел билігіне араласқан адамдар жайында сақталған әңгіме сөздер бірталай кездеседі. Ол сақталған сөздердің кейбірін Біржан айтып таратса, енді бірталайын Біржанның серіктері, құрбылары айтып таратқан. Қожағұлдың мәмлесінен тараған бір сөзді Керей Соқырбайдікі дейді.

Бай болам десең, ерте тұрып малыңды бақ,
Кедей болам десең, төсеніп ұйықта да жат.
Батыр болам десең, қаруланып жауға шап,
Жаман болам десең, көрші туысқаныңмен
күнде ұрыс та жат.

Керей Мүсет, Тоқсан, Сексен, Шоқай билердің дау шар үстінде айтқан шешендік толғаулары да Біржанның жас кезінен тыңдаған сөздері екен. Мүсетпен кездескен жерде: «сөзден ешкімге есе бермеймін деп жүрген Саққұлақ Керейдің торалалы жылқысын құртқан кесірлі Мүсет сенбісің?» — дегенде, ол бөгелместен:

— Е, кеше еліңді қалмақ шауып, қызыңды қатып, қатыныңды отын қылған еді. О да менің қырсығым ба еді? — деп оны жеңіп кетіпті. Шонай бидің көңіл айтқан толғауы да мағыналы.

Ну қарағай құласа, орнына орман шыршалар
Жапырақ шығып гүлденіп, бұлақ шығып бұрленіп
Қолдан ұшқан қыран құс, қонақтай өтпес демеңіз.
Айдын шалқар суалса, бұлақ болар сарқырап
Теңіз болар жарқырап, аққу жүзіп бетінде
Тұрақтай өтпес демеңіз...

Бір талай сөздер Керей советник Тұрлыбековтің есіміне байланысты. Қожағұл, Тұрлыбек, Ыбрай тағы бір топ адам отырған жерде Атығай Үкіби келіп, өзін елегісі келмеген шонжарларды кекетіп былай дейді:

Азғана Керей едің,
Керей ішінде кедей едің,
Арбаңды майлаушы едің,
Атыңды жегіп айлаушы едің

Жауыр аттың арқасында біртал ақ жүргендей, басыңа бір ақ бақыт біткен еді, елді қырып жібермессің — деп шығып кетіпті. Ара кісілер — сені айдатады ғой дегенде Үкі тағы да: кетсем артымда сөзім қалады, жанымды құдай алады депті. Бірақ Тұрлыбекке мақтау сөздер де айтылған. Біржанның:

«Болғанда өзің советник, Жүсіп қазы,
Әулие боламысың бұдан артық.
Мал мен бақ, бақыт өнер бәрі түгел
Теңіздің мұхитындай тұрсың шалқып»,—

деген өлеңді сол кездегі өзінен үлкен, ұстаз тұтқан Орынбай, Шөжелердің үлгісінде арнайы шығарған. Шыңғыс, Тұрлыбек, Тезек төрелер өзінің мәжілістес ақын шешендерін көтермелеп сыйлықты үйіп, төгіп беріп отырғандығын да ескермеске болмайды.

Орынбай ақынның Абылайдағы Тұрлыбекке, тағы басқа адамдарға арнаған өлеңдері, Орынбай мен Арыс-

танның, Шөже мен Тезекбайдың, Шөже мен Орынбайдың айтысқан өлеңдері, Біржанның жас кезінде зор ықыласпен тыңдап жатпаған репертуарына айналыпты. Біржан бұрынғы шешендердің нақыл сөздерін де, атақты майталман суырып салма ақындардың сөздерін де үлкен өнер үлгісі ретінде кейін есейген шағына дейін еске түсіріп те айтып отырған. Орынбайдың Сералы қожаға қарсы:

«Шаригат айтар болсаң, кітап ұста,
Қазақтың өлеңінде нең бар кожам».

Нүркей ақынға қарсы:

Жақсы көрген кісімен ніскесемін,
Жаман көрсем айғырдай тістесемін,—

Тоғжан ақынға қарсы:

Мен дария жайлаған жайын едім,
Шынымен мен туласам қайтер едің,—

деген сөздерін айтып отырады екен.

Біржан салдың бала және жігіт бола бастаған шағында атын, немесе мағыналы тапқыр сөздерін естіп біліп қызыға қараған, үлгі алған ақын әншілер аз болмаған. Біржанның ата-тегін бірталай тексерген Қарта Қаңтарбаев және Біржанның өзін көріп мәжілістес болған Тұран баласы Ысмайыл, т. б. қариялардың айтуына қарағанда ақынның өзімен рулас, жерлес Атағазы, Тәттімбет деген адамдар әрі батыр, әрі өнерпаз, әнші-күйші болса керек. Жанботаға арнаған бір өлеңінде Біржан намысын жоқтайтын ауылдасы Исаны атайды. Иса да Керейден шыққан әкесі Қожағұлмен қатар өскен адам екен. Керей-

мен ауыл аралас, қой қоралас отыратын қалың ел Атығай. Атығайдың Қожағұлмен замандас мықтысы Аңғал батыр болса Біржанмен тұстас Өтегілеу, Күшен, Бабапазар, Шағырай, Бабай, Тоқсанбай, Баймап, Сатбай, Кеженбай, Оразалы, Қосдаулет деген шешен билер екен. Бұлардың кейбірімен (Бабай, Шағырай) кейін Біржан өзі өлең өнер жарысына түсіп, құрбы-құрдас болып кеткен.

Біржанның Атығай ішінде жақын араласқан адамының бірі Байқожа Тәнті баласы. Оразалы, Байқожа да Біржанның аталарындай Қызылжар жағынан қоныс аударып келіп Көкшетау Бурабайдың баурында Қызылағаш деген жерден мекен теуіп жомарттық, өнерпаздық салтанатын құрыпты. Ағайынды Жанқожа мен Байқожа екеуі екі жолға түскен. Жанқожа байлық пен болыстық жолына салынып елдің партия дау-жанжалына араласып кетсе, Байқожа серілікпен өмір өткізіпті. Ол да Біржан сияқты дәулетін өнер жолына жұмсап елдегі ақын-әншілерді үйіне жинап алып, немесе салдарша сән түзеп ел кезуді әдетке айналдырған екен. Байқожаның баласы Бекахмет те өз заманында атақты әнші сері. Біржанның да, Ақашның да «батасын» алып қасына еріп жүрген дарқан өнер иесі. Біржан мен Ақан жайындағы естелік әңгімелерін айтқанда қызықты жастық дәуірін сағынғандай көзіне жас алып, әрі мұңайып, әрі көңілі өсіп бір жасағандай рахаттанып, әрбір әңгімесін шырқап, ән салумен аяқтаған өнер үлгісін бала кезімде талай естіп тыңдағаным бар.

Бекахмет 30-жылдарда жасы сексенге жақындай келіп, қайтыс болды.

Көкшетау төңірегінде, одап асса, қазақ даласына даңқы жайылған Шал (1760—1831), Шөже (1805—1880),

Орынбай (1813—1890), Нүркей, Тоғжан ақындар Біржанның бала кезінде ұстаз тұтқан өнерпаздар. Себепсіз, үлгісіз талант оянбайды, өнер тумайды, ақындық-әншілік те сондай, қызықты өнер жолы әрбір жасты еліктірмей қоймайды. Біржанның ақындық, әншілік жолға түсуінің де негізгі себептері бізге белгілі. Біздің жоғарыда айтып өткен, атасы Қожағұл араласып жатқан қоғамдық, семьялық, өнерпаздық орта оның ақындығына елеулі түрткі болса, ең бастысы өзімен ауылдас, жерлес Орынбай, Шөже, Арыстан сияқты майталман ақын әншілердің өнерпаздық үлгісі, әсері бәрінен де күшті болғаны даусыз. Біржан бала жасынан өлең-әнге үйір болыпты. Біржанмен арғы аталары туыс болып қосылатын Темірғали Нұртазин айтады:

— Біржан он алты жасар кезінде түсіне бір белгісіз қария кіріп өлең аласың ба, көнек аласың ба деп сұраған екен. Оған Біржан — атам Қожағұлдың бір жарым мың жылқысы жетеді, маған өлең керек — депті. Ояна келсе өн бойын өлең, ән кернеп тұр екен. Атасы Қожағұлдың паразылығына қарап қалың тоғай ішіне барып, өлең әнді шырқап айтып кетіпті. Түсінде өлең айту, ақындық дүниеммен араласып жүру өңіндегі творчестволық қиялданудың, — мен ақын, әнші болсам екен деген арманның, жан күйзелісінің сәулесі екендігін біз басқа еңбегімізде кеңірек түсіндірген болатынбыз. («Ақындар» 74—84 б. б).

Біржан тек өзінің ауылының төңірегінде ғана емес, сол он бес-он алты жастан әрі қарай елдегі белгілі ақын әншілердің қасына еріп, атақты ақын шешендердің сөздерін, әндерін жаттап айтатын болған. Біржан Қызылжар жағындағы Атығай Арыстан ақынның, Көкшетаудағы Орынбай, Нүркей ақындардың қасына еріп жүріп,

оларды ұстаз тұтып, солардың сынынан өткен көрінеді.
Арыстанның айтыс үстіндегі:

Орынбай, жеңілдім деп бас ұрмаймын,
Басымнан ақын сөзін асырмаймын.
Менің әкем Толыбай билік еткен
Онымды сенен қорқып жасырмаймын,—

8828
деген асқақ сөздері Біржанға әсер еткендігі сөзсіз. Біржан, өзінен үлкен ақындардың импровизаторлық өнерінен үйрене отырып, өзінің асқақ үнді әншілік қабілетін жетілдіре береді. Шырқап салатын әнге келгенде Біржан өзіне ұстаз ақын-әншілерден де, замандастарынан да үздік түсе берген. Біржанның салдық, серілікпен ел кезуге түскен жүріс-тұрысын ағалары Ержан мен Нұржан ұнатпаса да, Қожағұл оған тиым салмаған. Әкесі Тұрлыбай ерте өліп, дәулет билігі өзіне көшкеннен кейін Біржан біржола салдық, серілік өнер жолына түседі. Біржағын тоқсан құбылтып, әсем әуенін серпінді де толық күшті дауыспен шырқап, құйқылжытып салатын кең тынысты әншілік өнері ойын-тойға, жиын-дұманға жиналған халықты қайран қалдыратын болған. Біржанның даусы керемет зор, әнді шырқай салғанда бес-алты шақырымдағы ауылдар түгел естіп қайран қалып, жым-жырт болып тыңдайды екен.

«Мүсеке, біздің әнге кенелерсің,
Әнімді естігенде бұлбұл дерсің.
Ән салсам дауысымды көкке шырқап,
Бұл үйдің сындырардай терезесін»,—

Шорманның Мүсасына осылай айтса,

«Ортаңды түрлендіріп ән салғанда
Біржанға қалушы еді таласып-ай»,

деген Атығай еліне арналған сөзінде және Сарамен айттыс үстіндегі «Сандалтып Орта жүзді әнмен қырған», «Даусына аспапдағы құс айнала, құбылтып тоқсан екі төңкерілген» деген толғауларда өзінің асқақ үнді, үздік әншілік сипаты елестейді. Ысмайыл Тұранов та, Бекахмет те ән шырқаған уақытта оның әнінен отырған үйдің түндігі желпілдегендей, басындағы тақиясы төбесінде әрлі-берлі ойнап билегендей болушы еді дейді. Тюмен облысында тұратын Біржанмен мәжілісте болған 96 жастағы Омар қария да, Ыбрайдың жолдасы Молдахмет те Біржанның үздік әншілігін әңгімелей отырып, — Шыңғыс төренің үйінде Орынбайдың шешен тапқырлығына, Біржанның әншілігіне қазақ баласында тең түсер жан бар ма деген әңгіме болғандығын, сонда Орынбаймен таласар Арыстан, Шөже, Тоғжан, Жанақты атаса да, Біржанмен таластырар жан таба алмаса керек. Сонда Біржан өзі отырып: — түбінде бәрімізден озатын мынау жас пері Ыбрай болады, — деген екен. Дайын театры жоқ, дайын профессионалдық артистері жоқ қазақтың көшпелі кезінде ақын, әншілер елдің ойын-сауығының дарқан еркесі, көңіл ашар өнерпаз бұлбұлы болды. Сонда халық, әсіресе жастар бірыңғай түйдектеп айтылған сөзге місе тұтпай бір мезгіл басына құндыз бөрік, үстіне жібек шапан, кең балақты ұзын шалбар киініп, сән-салтанатын түзеп, шырқап ән салған әншіні тыңдауға құштар болады. Біржан сияқты сал-серілер халықтың осы бір көркемдік толғамын толық ескеріп поэзиямен музыканы, эшекей, қимыл өнерлерін ұштастырып, дамыта отырып, сол сері пішіндегі ақынның саатын қалыптастырған. Біз Сарыарқада Біржаннан бұрын, Толыбай деген салдың есімін, сол тұстас Әздембай Шәрке деген салдардың есімін жақсы білеміз. Мұндай сал-серілер көшпелі қазақтың

ішінде ерте кезден бері болғанмен, олардың өмірі мен өлеңі жөнінде деректер аз сақталған. «Қыз Жібек» жырындағы Шеге мен Қаршыға ақын-жыраудан гөрі сал-серіге ұқсайды. Біз сал-серілердің орта ғасырдағы Европаның сал-серілерімен (рыцарь, трубадур) ұқсастығы да жоқ емес деген кейбір болжамдарды еске түсіргенбіз. («Ақындар» 51—66 бет).

Рас, Біржан, дәулетті семьяда туып-өссе де ол өз дәулетінің мастығымен қазақтың жүн жеп, жабағы құсқан байларындай отырып қалмай, сол дәулетін жұмсап ақындық өнеріне кең жол аша береді. Біржанның жас кезінен бізге жеткен ең алғашқы өлеңі «Біржан сал» деп аталады.



Баласы Қожағұлдың Біржан салмын,
Адамға зияным жоқ жүрген жанмын...
Жасым бар жырмада, жасырмаймын.
Басымнан дұшпан сөзін асырмаймын.

деген өктем сөзді өзінің ақындық, әншілік құдіретіне және турашыл, сыншыл ойына берік сеніммен айтады. Ол өзінің аспанға самғаған сұңқардай дүниеде еркін жүріп, әнін шырқаған уақытта патшаға да бас ұрмайтын тәкаббар екендігін тебіреніп толғайды. Біржан жасы отыздың ішіне толық кірген шағында өз төңірегіндегі Көкшетау, Ақмола, Қызылжар, Баянауыл, Атбасар, Қарқаралы дуанына қарасты қазақ ауылдарын кең аралап, сауықсайран құра жүріп, жәрменкесі, ойын-сауығы, өнер өрісі мол Омбы, Орынбор, Семей елін де, Торғай, Тобыл бойындағы, Ұлытау, Ақтау, Ортау бойындағы қалың елді де аралап өзінің алуантүрлі тамаша ән-өлеңдерін айтып таратады. Біржанның айналасына жаңа ақын-әншілер, өнерпаздар топталады. Бірқатары Біржан бастаған әнші-

лік ақындық өнерді әрі қарай дамытып әкетсе, енді бір қатары Біржанның айналасында топтасып, серіктесіп жүрді. Жаяу Мұса, Басықараның Қанапиясы, Құлтума, Ақан сері, Балуан Шолақ, Әздембай, Ыбрай, Бейбіт, Фазиз, Иман-Жүсіп, Кемпірбай, Сабырбай, Шашубай, Ағашаяқ т. б. атақты ақын-әншілер Біржанның мектебінен өрістеп, өнер қанатын жаяды. Біржанның ақындық, әншілік өнерін, ол заманда сүйсініп, танымаған адам сирек. Өзі ақын, әнші, Көкшетауда шыңғыс әулетімен бақталасына түскен Байтоқа баласы Зілғара да Біржанды мезгіл-мезгіл шақырып алып, кейде қасына ертіп Орынборға алып барыпты. Зілғараның жасы Біржаннан үлкен, ал Орынбай, Арыстанмен құрбылас. Солай бола тұрса да оның жастық шағын жоқтап шығарған атақты «Жиырма бес» әні Біржанның әсерімен тумалы ма екен деген ойға келесің:

Өзім бай, өзім батыр Зілғара едім,
Келгенде ділмар едім сөйлер сөзге.
Жиырма бес, қайта айналып келер болсаң,
Төрт бұрышын дүниенің бұлғар едім,
Жиырма бес қайта айналып келмес саған...—

деген өкінішті арманға, әлде болсын беті қайтпаған өктем серпінді:

Созады Біржан даусын қоңыр қазадай,
Басқаға бір өзіңнен жүрмін жазбай...
Салады Біржан әлді ентелетіп,
Біржанды қойған өзің еркелетіп,—

деп өзінің өнер еркіндігін, адамдық намысын қорғайтын жігерлі де табанды сезім күйлерін шертеді.

Шып талант иесі өмірлік құбылысқа бейтарап қарамайды. Ойын-сауықты қаншама қызықтаса да, Біржан өзін толғантқан жайларды аттап өте алмағау. Ақын серілік дәурені жүріп, көптеген ән-өлеңдері халық ортасына кең таралып, даңқы жайылған шақтарда да заманы, жақсылық пен жамандық, бар мен жоқтық, достық пен махаббат, араздық пен татулық жайынан көптеген өлең, толғаулар шығарып айтады. Біржан айтып таратқан әлеуметтік мәні бар өлең-жырлардың оннан бірі ғана сақталып бізге жеткен.

Шешеннің сөз шығады таңдайынан,
Жұмақтың бізге мекен қандайынан?
Бар болып байлар кімді асырайды,
Әркімнің жазған алла маңдайынан,—

деген өлеңінде ақын байлардың пейілі тарлығын шенейді. Біржан, Ақан сері, Ыбрай, Балуан Шолақ сияқты сал-сері ақындардың творчествосына тән бір ерекшелік, өздерінің әншілік өнер дүниесіне жақын нәзік сезім күйлерін зор ақындық шабытпен тебірене жырлайтындығы. Ойын-сауық думанға әсем көрініс жүріс-тұрыстарға, махаббаттық драмаға, көңіл күйінің құпия сырларына толы өмірлік құбылыстарды шебер жырлап, алуантүрлі әсем әншілік, лирикалық сарын күйлер жасау Біржан ақындығының биік бір асуы болып табылады. «Көкек», «Бұрылтай», «Алтын балдақ», «Ләйлім шырақ», «Жамбас сипар», «Телқоңыр», «Көлбай — Жанбай», «Айтбай» т. б. ән, өлеңдері, Сарамен айтысы Біржан поэзиясының мықты бір саласы.

Рас, Біржанның лирикасы халық өлеңдерімен тамырлас, халық өлеңдерінің әсемдік, лирикалық сарын күйлерінен туып дамыған. Бұл Біржан лирикасының терең

халықтық сипаты бар артықшылығы болуымен бірге мілі де. «Жамбас сипар» — жастық дәуренді аңсаған әсем де ерке әннің бірі. Жастық пен кәрілікті шақ салыстырған ақынға әрине «серттеп тайған», «келін, балаға жақпас» кәрілік шақтан гөрі есерлікпен ел кезіп, сұлулармен сырлас болған романтикалық өмір қызықты да. Бәрі де жарасымды, бәрі де әсем. Біржанның лирикаларында ғашықтық, махаббаттық сарын елеулі орын алады. Тіпті «Ләйлім шырақ», «Көлбай — Жанбай» сияқты әзіл қалжың аралас өлеңнің негізгі сарыны шідерді жоқтауда емес (кейбіреулер солай түсіндіреді), шідерді сылтауратып, Ләйлімге көңіл күйін білдіруге «Ақтентек», «Көкек», «Алтын балдақ», «Айтпай», «Жайма шуақ», «Ғашық жар», «Мәті-Дәулен», «Бірлән» т. б. өлеңдерінде жастық, махаббат, достық сезім күйлерін шертеді.

Болғанда кешке жақын апақ-сапақ,
Алдымнан шықты сәулем апақ шапақ,
Кигені қара қамшат оқалаған
Басында бір шоқ үкі бұлғалақтап.

(«Алтын балдақ»):

Ішінде осыншама формың бөлек,
Жаратқан құдай артық жалғыз сәулем»

(«Мәті-Дәулен»);

«Аты жоқ құс болады көкек деген
Алдында терезенің секектеген.
Ойымда үш ұйықтасам бар ма менің.
Айрылып сенен сәулем кетем деген
Кім сүймес шешек атқан көкек айын,
Бейне жаз менің сүйген сәулетайым,
Ақ қалқам отыр ма скен, жатыр ма екен.
Ей көкек, ұшып барып білші жайын.

(«Көкек»).

деген өлең жолдарында «ерекше жаралған», таң шапағындай жарқын, жаз көркіндей құлпырған сұлу сәулені аңсаған жігіттің — лирикалық кейіпкердің шынайы махаббаты шебер жырланады.

«Телқоңыр», «Бурылтай», «Ақсеркеш» тағы басқа ән өлеңдері мен айтысында жүйрік жорға, сұлу аттардың көркем тұлғасы елеулі орын алады. Сұлу ән, сұлу жыр, сұлу ат ер жігіттің зор мақтаны саналған. Біржан да бұған зор мән берген, құйрығын талдай өрген жорғаны шайқалта сау желдіріп, терең сайдағы судан жалдай өтіп, қалқатайдың аулына келетін Әсемкермен жарыста, желісте жүлде бермес, жорға, жүйрік Ақсеркеш, Қырғын-көктің баласы Телқоңыр, Сұржорға, Бурылтай — бәрі де Біржан лирикасының кейіпкері. Қайда жүрсе де қызды ауылды кезіп бара ма, той-думанды сүйгенін іздей ме, әйтеуір ол астындағы әсем де сұлу атын айтпай өте алмайды. Ақын кейде жүйрік жорғаны жігіттік өмірге, жастық дәуренге, дарқан ақындыққа балайды. Жастықты, әнші-серілікті, ойын-сауықты, махаббатты, жүйрік-жорғаны қызықтап жырлағанда ақынның қайта-қайта тоқталатын тағы бір түйіні жігіттік арман.

Ақын жігіттік туралы ойлары есейген шағында, «Жамбас сипар», «Талай заман» өлеңдерін шығарған сияқты. Ол:



Ал десе еркін жүйрік ағындаған
Ақылға кейбір надан бағынбаған.
Жігіттік бойға таққан бір гауһар тас,
Қартайсаң қайғы айналып табылмаған.

Жігітке сайран етіп жүрген артық,
Жігіттік бір кеткен соң келмес қайтып,
Дүниеде үйде жатып босқа өлгенше
Жан-тәнің бірдей жанып күйген артық.

Ер жігіт дүниені кезген артық,
Дүниенің не бар-жоғын сезген артық,
Түскендей аспан жерге іс болса да,
Бел байлап тәуекел деп, төзген артық.

деген толғауында жігіттікке тән талапкерлікті заманда-сына, жас қауымға үлгі етіп ұсынады. Жігіттік сонымен бірге дүниені сайран етіп өнер үлгісін шашқан өз өмірі-нің сәулесіндей, оны әрі өкініп жоқтайды, әрі мақтан етеді. «Жиырма бес қайта айналып келмес саған» деген сарынға оралғандай. Тағы да жігіттік дәуреніне қош ай-тысқан мұңды сөзбен:

✓ Қарайып қара көлде қамыс қалды,
Ауылы гашық жардың алыс қалды.
Ауылы гашық жардың алыс қалса,
Сағынғаннан қарауменен көзім талды,—

деп өзінің бұрынғы сұлу ән-өлеңдерінің өзекті бір түйі-сіне оралады, алғашқы тәтті де еркелі арияны қайта ойнағандай күй шертеді. Міне, бұл ақындық ой мен өнер-дің толыса бастауының бір белгісі. Осы толысу процесі Сарамен айтысы кезінде кемелдене түседі.

Біржанның творчествосына байланысты ара-тұра дау тудырып жүрген бір мәселе Сарамен айтысы жөнінде. Профессор Б. Кенжебаев, әдебиетші — ғалым Қ. Мұқа-медханов және басқалар Біржан мен Сараның айтысы болған жоқ, болса да дәл осындай көркем емес, мұны өз жанынан шығарып жазған Әріп Тәңірбергенов дейді. Келтіретін дәлелдері революцияның қарсаңында кейбір адамдардың осыны Әріп шығарса керек деген бір-екі ау-ыз жорамал сөздері ғана. Осы айтыстың авторы екенді-гі туралы оқыған ақын Әріптің өзі бір ауыз сөз жазып қалдырмайды. Тіпті Әріп бастырды деген нұсқада аты

жоқ. Даудың дәлелсіз бір жағы осындай. Ал Біржанның творчествосын зерттеуші және өмір баяны туралы мол деректер жинаушы Сәбит Мұқанов, Қажым Жұмалиев, Ахмет Жұбанов, Темірғали Нұртазин, Мәлік Ғабдуллин, Есім Байболов, Ғали Әбетов, Б. Г. Ерзакович, Қарта Қаңтарбаев және басқалары Біржан мен Сараның кездесіп айтысқандығына көптеген факті мен дәлелдер келтіреді. Сәбит Мұқанов 1938—39 жылғы Қ. Бекхожинмен бірге жариялаған әдебиет хрестоматиясында және ақындар айтысы туралы зерттеуінде Біржан мен Сараның айтысқаны рас екендігін дәлелдеген алғашқы пікірді айтты. Сәбит Біржанның қасына атқосшы болып еріп барған ағасы Нұржанның баласы Ахметжанның сөзін келтіреді.

Мұхтар Әуезов Біржан мен Сараның айтысқанын толық мақұлдап келіп, мұнда Әріп айтысты жазып алушы ғана деп түсіндіреді. «Анығында,— дейді Мұхтар Әуезов,— Біржан мен Сараның айтысы болған, бірақ толық күйінде, алғашқы айтысқан жердегі түп нұсқасы толық сақталған жоқ. Кейін көпшілікке өз редакциясын айтып беруші Сара болады. Ал кейін сол Сараның айтысқаны да көпке шейін ауызда жүреді. Көп айтушы ақындардың аузынан өтеді. Сол тірлігінде хатқа түскенше бұл айтыс көп өзгерістер көреді. Осындай айтушының, ең алғашқы хатқа түсірушінің бірі Әріп».

Біржан, Сара айтысының бір нұсқасы Мұхтар Әуезов айтқандай, Әріптің өңдеуінен өтуі ықтимал. Біз де Біржан мен Сара айтысқандығын, оған байланысты ел аузында сақталған әдеби, тарихи деректердің молдығын еске ала отырып, бұл жөнінде әдебиетші — ғалым Ғали Әбетовтың зерттеуі нағыз ғылымға сүйенген толық дәлелді екендігін мақұлдап мына жәйларға назар аударғымыз келеді.

Біржанның Жетісуға барып Сарамен айтысқаны жөнінде ел аузында сақталған деректер қандай? Ең алғашқы дәлелді дерек келтіруші С. Мұқанов Біржан әуелі Абай ауылы — Тобықты елінде болып, содан кейін Балқаш көлінің төңірегіндегі елдерді аралап Жетісуға жетіпті дейді. Айтыс әуені ауызша таралып, кейін жеке кітап болып жарияланған. 1898 жылғы кітапта былай делінген: «Әлқисса, Жүсіпбек қожаға Сара қыздың Біржанмен айтысқанын қыздың өз аузынан бастан аяқ баян қылғаны, айтысқанның келер жылында». Бірақ айтысты Жүсіпбек Сарадан ертерек жазып алса керек. Жазып алу мен басылудың арасында бірнеше жылдар өтетіні белгілі. Біржанды көрген Ысмайыл, Ысқақ, Омар, Хамит қариялар да, Теміртастың жақын ағасы Ақан да Біржанның Жетісуға барып, Сарамен айтысқанын растайды. Сараның өмірі жөнінде материал жинап жүрген Т. Қалилаханов та Біржан мен Сараның айтысқанын бекер демейді. Біржанның туысы Ахметжан, Тоқабай, Баршын тағы басқалары сол айтысқа қатнасқан немесе айтыстан кейін елге олжалы, көңілді қайтқан ақынды көріп жақын араласып білген адамдар. Ал «Талай заман» деген өлеңінде Біржан Наймандағы ақын сұлу қызды іздеп барғандығын айтады. Біржанның ата тегі, ұрпақтары туралы Қарта қарияның жинаған материалында айтыстың болғандығын дәлелдейтін деректер жеткілікті.

Біржан Орта жүзге, Сарыарқаға даңқы шыққан ақын болғандықтан Арғынның Алтай-Қарлықтың атынан сөйлеуі де әбден орынды. Бұл жерде руын Керей демей, Орта жүздің іргелі руларын тұтас алуы айтыс ақындарының бойына мін емес. Біржан мен Сараның кездесіп айтысуына негізгі бір дәлел, айтыстың ең алғашқы нұс-

қасын Жүсіпбек қожа Шайхұлисламовтың 1897 жылы Сараның өз айтуынан жазып алғандығы. Жүсіпбек нұсқасы 1898 жылы Қазап қаласында басылып шықты. Онан кейін Зайсан қаласынан жіберілген Біржан мен Сараның айтысының екінші нұсқасы 1899 ж. жарияланды, Ғ. Әбетов Әріптің қолы қойылмаса да осы нұсқа Әріптікі болуы мүмкін — дейді. Бұл екі нұсқаның кіріспемен аяқталуындағы Жүсіпбек қожа мен Сараның өз сөздерінен басқа негізгі мазмұнында өзгеріс шамалы. Айтыстың шиеленісін, нағыз драмалық тартыс дәрежесіне кемел ақындық өнер биігіне көтерілген мезгілдері екі нұсқаның екеуінде де бірдей. Оны Жүсіпбек те, Әріп те өзгерте алмаған.)

Ендігі бір сұрау, айтыс қай мезгілде өткен? Бұған әдебиетшілер әрқайсысы әр түрлі жауап береді. Сәбит Мұқанов Біржан мен Сара айтысы ХІХ ғасырдың 60-жылдарында кездесіп айтысқан болуы керек дейді. Есім Байболов 70-жылдарда айтысқан көрінеді,— дейді.

Бұл мәселеге басқа әдебиетшілер үзілді-кесілді жауап бермейді. Айтыстың өзінде Біржан 38 жаста деген бар. Әдебиетші ғалым Балташ Ысқақов Сараны көрген адамның әңгімесін тексеріп, екеуінің айтысқанына және Сара 1910 жылдары 50-ге жақындап егде тартып қалған әйел екендігіне жаңа деректер келтіреді. Ал, Сараның өмірі туралы дерек жинап жүрген Т. Қалилаханов Біржан айтыты дейтін мына бір өлеңді келтіреді.

«Мінекей жасым асты отыз бестен,
Өткіздім сауық-сайран мен бір десте.
Найманға келіп сәлем берейін деп,
Еліңді іздеп келдім Ешкіөлмеске...»

Бұған қарағанда айтыс 1889 жылы өткенге ұқсайды. Айтыстың соңындағы Жүсіпбек сөзінің арасына Абайдың

1886 жылы жазған «Жігіттер, ойын арзан күлкі қымбат» деген өлеңінен үзінді кіріп кеткен. Осы соңғы жорамалдың дұрыс екендігін Біржанның еліндегі қариялар да мақұлдайды. Егер Сараның бертінде жасағандығын, 1910 жылдары жасы қырық пен елудің арасына келіп қайтыс болғандығын рас дейтін болсақ, Біржан мен Сара екеуі ХІХ ғасырдың 80-ші жылдарында кездесіп айтысуы дұрыстыққа келеді. Сонда Сараның туған жылы 60—70 жылдардың арасында болады. Әңгіме Сараның бірер жасы артық — кемдігінде де немесе Біржанның кәрі я жастығында да емес, екеуінің бірін-бірі тең тұтып өнер жарысына әншілік өнеріне қарай егде тартса да дарқан ақын бейнесінде суреттелуі таңданарлық нәрсе емес. Қызу айтыс үстіндегі Біржанның:

Күніне он көрінсе де айпымаймын,
Көк төбет болды деме мені, жаным»,—

деген сөзінде Сараға қарсы өзінің жасы егде тартса дағы қартаймағандығын аңғартқан дауы сезіледі. Біржанның Сарамен кездесуі 80-жылдарда өтуіне тағы бір дәлел осы айтыстың алдында Абай аулында болуы. Бұл Құнанбайдың тұғырдан түсіп Абайдың ақындық, шешендік, азаматтық даңқы бүкіл Орта жүзге жайылған 80-жылдардың орта кезі болады. Абайдың ақындық, композиторлық өнермен қатты шұғылданған кезінде ауылына Біржан келіп алты ай жатып кеткен. Бұл жайды М. Әуезов «Абай жолы» эпопеясының II-кітабында тарихи шындыққа сәйкес өте дұрыс суреттейді. Айтыста Мұсаның баласы Садуақастың аталуы да 80-жылдарға дәл келеді. Сүйтіп, Сараның еліне Біржан Баянауыл, Шыңғыстауда болғаннан кейін барған көрінеді.

Біржанның ақындығы сөз жоқ Сарамен айтыс үстінде айқын танылады. Қазақтың бұрып-соңғы айтыс өлеңдерінің ішінде қоғамдық, адамгершілік мәселесін көтеруде, лирикалық кейіпкер ақынның өз тұлғасын жипақтап поэзиялық шындық биігіне көтере шебер суреттеу де, алғыр ақындық өнер үлгісін сарапқа салу да Біржан мен Сара айтысына тең түсетін айтыс өлеңді жоқ деуге болады. Айтыстың жалпы қоғамдық сыр-сипатына талдап баға беруден бұрып осындағы талас мәселеге байланысты, атап айтқанда, Біржанның лирикалы өлеңдері мен айтыстағы өлеңнің арасындағы өзара тектестікті ажыратып айта кеткен жөн деп білеміз.

Біз әуелі Біржан мен Сара айтысының Әріп өлеңдерімен үндестігі, ақындық өнер жағынан қайталап келетін тамырластығы бар ма деп қарастырдық. Бірақ ондай үндестік байқалмайды.

Ақ қағаз тәштит етпе хат жазарға,
Түскен соң мұғлум болар сөз базарға...
Жаһил көп тілін тіске құр жаныған
Не нысық сәуел қылсаң иманыңнап...
Ей, достым, қапыл жатпа, басты көтер,
Көңіл көзі барларға бұл да жетер...
Көзіңе көрінбейді жиган малың,
Сүліктей сора берме елдің қапын...
Қорқыттай қазған көрің алдыңда тұр,
Жалғыз топырақ шашасың көпке неге,
Мысалы дүние — теңіз, ғылым — кеме...

Міне, Әріптің мұндай өлең, сөз өрнектерінің Біржан мен Сара айтыстарындағы ақындық өнер үлгісі байқалмайды. Әріп оқыған діндар ақын. Оның өлеңдерінде асқақ ақындық шабыт, романтикалық шарықтау, импровизациялық тапқыр сөз нәсері аз, онда ақыл айту, мінез-

құлық түзеу, құбылысты сол қалпында прозалық үлгімен баяндау басым болып отырады. Әріптің өлеңдерінде қайталап келетін сөз кестесі, сөз машықтарының бірде бірі Біржан мен Сараның, сондай сал-сері ақындардың ақындық дүниесіне тіпті қабыспайды.)

Ал, Біржанның өлеңдері мен айтысын алсақ бірін-бірі толықтырып, молықтырып тұратын ішкі тамырластығын көреміз. Міне, осыларды салыстырайық. «Біржан сал» өлеңінде:

✓ Баласы Қожағұлдың Біржан салмын,
Ешкімге зияным жоқ жүрген жанмын.
Кісіге менменсіңген бас имеймін,
Өзім әнші, өзім сал кімге зармын.
Жасым бар жиырмада жасырмаймын,
Басымнан дұшпан сөзін асырмаймын...
Үш жүздің баласына еркеледім,
Әншілік бұдан артық болсын қандай.
Арасын Орта жүздің аралап ем,
Үш жүзді сайран қылған Біржан салмын.
Қыран бүркіт мен түсер таудан құлап...
Таудан аққан сылдырап мен бір бұлақ...

Міне, осындағы ой түйіні, өзіндік көркем сөз өрнектерінің барлығы Біржанның айтысында қайталанып әрі қарай дамып тереңдей түседі:

Баласы Қожағұлдың Біржан салмын
Сен түгіл сенен артық құмар маған...
Сайратқан Орта жүздің бұлбұлымын...
Қызығып жүргенім жоқ алар пұлга.
Мойыным жүзген қаздай иіледі,
Орта жүз ән шырқасам сүйінеді.—

дейді.

Біржан өзінің өлеңінде:

Жанбота өзің болыс, әкең Қарпық,
Созады Біржан даусын қоңыр қаздай.
Басқаға бір өзіңнен жүрмін жазбай.—

десе, айтысында:

Атадан Біржан сал боп тудым артық,
Ұраным «ер Қарқабат, Алтай-Қарпық».
Аққумен аспандағы ән қосамын,
Қозғасам ащы күйді түптеп тартып.
Көкшетау дуанына даңқым барған
Мен Біржан алтын тудай айқындалған.—

дейді. Біржан өзінің өлеңінде:

Аққудай аспандағы мың құбылтып,
Сал Біржан ән салуға ерінбейді:

Немесе:

Құбылтып неше түрлі әнге салсам...
Жастықтың әсерімен сайран салдым...

деген ақындық ой түйіндерін ән өлеңдерінде қандай айтса, айтыс өлеңдерінде анағұрлым құлпыртып, жетілте түседі.

(Біржанның лирикалық өлеңдерінде сұлу қыз, келіншекке ақын әнші атынан айтылатын еркін әзіл, асқақ менмендік сөздер қандай жүйелі келісті келіп отырса, айтыс өлеңінде сондай:

Мен Біржан қызға барман алғымнан,
Шын қызсам дәуірлеймін баяғымнан...
Қыз сөзін кек көрмейтін сайтаным бар,
Онымды тастамаймын өзім өлмей.
Қыз сөзі батқан сайын жаным кірер
Қарамай, қатты сөйле, өлгеніме —

деген сөздері де Біржанның, Біржан сияқты сал, сері ақындардың бойына лайықты мінез-сипат.

Біржан айтыс үстінде Арғын, Керейдің, Алтай, Қарпықтың, Қаржастың шонжарларын бір талай мақтап ететін болса, өзінің «Аққошқар» атты өлеңінде сол дәстүрімен:

«Бір көлден қырық мың жылқы суарыпты»,—

деп Алтай Қуандықтың байлығын да атай кетеді. Осыған байланысты тағы бір жәйді аңдата кетейік. Көкше-таудың атақты ақындары Арыстан, Орынбай, Шөже, Ақан сері, Ыбрай, Шолақ ақындардың өлең өрнектеріне қарап отырсақ, Біржанның айтысындағы ақындық үлгі өрнектер қайталап кездесіп отыратынын аңғарамыз. Ақанның «айдың көлдің аққуындай», «Ақ тұйғын қоңыр қаз», «мен қыран, сен түлкі», «14-те айқын тудай айқындалған» деген сөздер, немесе Біржанға ұстаз Арыстан ақынның:

Орынбай, жеңілдім деп басылмаймын,
Басымнан ақын сөзін асырмаймын,—

деген өлең жолдары, Ыбрайдың:

Төрт Момындап келгенде қалың шормын,
Елім бай, шалқып жатқан көлден молмын.—

деген толғауы мен «Ежелден әрі баймын, әрі молмын» деп келетін Біржан толғауларымен үндес келетіндігіне қол қоясың. Аққу, ақкиік, қыран құс, жүйрік, жорға сұлу ат, айдып шалқар көл, әнші сұлулар дүниесі Біржан бастаған сал, сері ақындардың поэзиясында қайталап дамытылып жырланатын белгілі жүйеге түскен ақындық өнер дәстүрі. Біржанның өлеңдері мен айтысындағы тектестік сол дәуірден туып түлеген.

Сүйтіп бұл салыстырмалардан туатын негізгі бір қорытынды Сарамен айтыстағы Біржанның ақындық өнер дүниесі өзінің лирикалы олеңдерімен өзінің төңірегіндегі сал-сері ақындардың өлең өрнектерімен іштей бірлікте, тамырлас-сабақтас екендігі.

Біржан мен Сараның айтысы Біржан ақындығының биік шыңы болумен бірге бүкіл қазақ ақындары айтысының да биік шыңы. Мұнда Біржан күшті ақындық өнерімен халық поэзиясын дамытып сол дәуірде туып қалыптасып келе жатқан жаңа жазба әдебиет өрнегімен ұштастыруға жол ашады. Біржан мен Сараның айтысы мазмұны мен формасы сай келген күрделі көркем туынды, оның өмірлік, ақындық сырлары әдебиет жұртшылығын үнемі қызықтырып, толғандырып келеді. Біржан мен Сара айтысында негізгі көтерілетін мәселе, бас бостандығы, өнер, талант бостандығы. Даңқты ақындар екі елдің атынан сөйлеп, байлық, салтанат, адамгершілік, кісілік мінез-құлықты салыстырады. Айтыс үстінде Арғын мен Найманның сол кездегі ру басылары, белгілі шонжарлары, батыр, билері, ақын-әншілері сыңға түсіп, әрі мақталады, әрі әшкереленеді, сыналады. Бұл айтысушы ақындардың ежелгі бір өнер тәсілі. Ақын өз руының белгілі адамдарын бай еді, батыр еді, пейілі кең жомарт еді деп қанша мақтап дәріптесе де қарсы ақын сол мақтаған адамын сықақтай, әжуалап шығарады, сонда тұтас айтыстың бойында екі ел шонжарлары мақталудың орнына масқара күлкіге ұшырап абройы айрандай төгіліп отырады. Мұны біз Шөже, Кемпірбай, Сүйімбай, Орынбай, Майкөт, Түбек, Жамбыл ақындардың айтыстарынан қандай айқын сезінетін болсақ, осы Біржан мен Сара айтысынан да айқын сезінеміз. Біржан алыс Көкшетаудан келгендіктен Сараның мақтаған шонжарларын қол-

ма-қол әшкерелерлік мін таба алмаса, ал Сара Найман мен көрші отырған рулы ел билеушілерінің қылмысты қылықтарын бір талай өткір сынға алады. Біржан мақтаған Құсбек, Сартай, Құнанбай сияқты ұлықтардың сүмдығынан ел шошиды, дүрелеу, соттап жер аудару, ұл, қызды бәйгеге тігіп, құл, күң етуі, өз қызын өзі өлімге байлап беру т. б. сорақылықтарды Сара Біржанның бетіне шіркеу етіп тартады. Бірақ Біржан Сараның бұл тәсіліне баспайды, оны сүріндірер торды алды-артын орай әріден құрады. Біржанның айтыстағы кең өрісті ақындығы шығарманың тұтас композициясынан, өзекті идеясынан көрінеді. Біржан мен Сара айтысы белгілі бір сюжеттік тартысқа, уақиғалы әңгімеге құрылған драмалық поэма сияқты.

Әуелі айтысты жазып алушының немесе Сараның атынан Біржанның Сарыарқадан іздеп келіп қай жерде, қандай жағдайда кездескені баяндалады. Қасында он жолдасы бар Біржан Сараны күтпеген жерде кездестіріп айтысқа шақырады.

Бұл үйде Сара бар ма, шықсын бері,
Іздеген келіп тұрмын Біржан сері,—

деп келген беттен Сараға өлеңмен шабуыл жасайды. Екеуі амандасып танысқаннан кейін дағды бойынша өзінің елін мақтауға, қарсы жағының мінін айтуға ойысады. Айтыс шиеленісе қызып, ақындық өнерімен тең түсіп отырған, Сараны Біржан осал жерінен ұстап жеңеді. Оның айтыстары айттырған күйеуі өзіне тең емес, оған Сара қалың мал төлегендіктен еріксіз басы байланып отырған. Алыстан тор құрған Біржан, міне, осы жерде Сараны ғана емес, Найманның шонжарларын да қатты

сүріндіреді. Сондықтан жеңілген Сара кейін айтысты
Жүсіпбек қожаға жаздырарда:

1- Тақсыр-ау, күні құрсын ұрғашының,
Билігі болмайды екен бір басының

Болған соң тері-терсек ит те алады,
Бұлындай берекесіз арбашының.

Арғынға жол бермеген есіл тілім
Күн өтпей қор боп шыққан қызыл гүлім.
Сіздерден ұялғаннан үндемеуші ем,
Есекке қосақтаулы өтті күнім,—

деп мұңаюмен сөзін аяқтайтын болса, өзімен тең түсіп,
ақындық өнерін танытқан Сараны Біржан да аса жоға-
ры құрметтейді.

1- Шырағым, Сара, сендей тумас бала,
Шежіре туармысың мұндай дана.
Жарайды, жаным Сара, осы сөзің,
Тас түлек тұрымтайдай екі көзің...

Есімбек, жоққа сатпа асылыңды,
Сыйлай көр, қыз да болса, нәсіліңді...
Законда зорлық болмас жақсы адамға,
Жақсыны қор ғып болмас бір жамаңға...
Дәл сендей тумас адам шын өнерлі
Айбатың ғаламға айқын Ай бедерлі.
Садаға тырнағыңнан кетсін сенің,
Сан жүйрік көріп едім мен нелерді,—

деп, оған жақсы сөзін арнайды. Сара мен Біржанның
осы бір сөздерінде айтыстың негізгі идеялық түйін жа-
тыр. Найманның шонжарлары еріксіз торда ұстаған бұл-
бұл Сара тең түсер өнер жарысында ақындықтан мүдір-
ген жоқ, әттең басы байлаулы, тілі күрмелерлік халге
душар болғандықтан ол Біржан сияқты еркін көсіліп ай-

тыса алмайды. Оның жолын қазақтың ескі әдет-ғұрпы, Есімбек, Тұрысбек сияқты шонжарлар торлап тастаған. Бұлқынарға, Біржан сияқты ел кезіп өнер жолын қуып кетуге еркі жоқ. Бас бостандығы жоқ адамның өнер бостандығы да жоқ. Олай болса Біржан да, Сара да екеуі бірдей бас бостандығын, өнер бостандығын көксеп отыр. Біржан сыпайы айтса да Көкшетауда Жанбота мен Азнабайға арнаған ызалы-кекті сөзін енді Найманның Есімбек, Тұрысбек сынды жуандарына арнап, Сараның көз жасына, обалына қалмаңдар, заңда да, шариғатта да зорлық-зомбылық жоқ, өнер иесіне жақсы адамға еркіндік берілісін деген талапты ұсынады.

Айтыста екі ақынның кең көсіліп айтқан толғау өлеңдері арқылы XIX — ғасырдағы қазақ өмірінің сыр-сипатынан да жарқын елес береді. Бірде мақтап, бірде сынай отырып екі ақын ел арасының айтыс-тартысынан да, қоғамдық рухани тіршілігінен де көп жәйларды баяндай отырып, Абай, Тәттімбет сияқты өнерпаздардың бейнесін де және екі ақынның өзіндік тұлғасын да жарқын елестетеді. Айтыс өлеңдерінде айтысушы ақындардың — лирикалық кейіпкердің өз тұлғасы әрқашан орталық образға айналып отыратын болса, осы ерекшелік Біржан, Сара айтысында кемел ақындық дәрежеде көтеріледі.

Айтыстың қалай өтіп, немен тыңғаны Сараның атынан баяндалады дедік. Үйткені бұрынғы, соңғы ақындардың дәстүрі бойынша айтысты жаттап, ел арасына жаюшы жеңген ақын емес, жеңілген ақынға міндет, парыз саналған. Бұл ақындық ар ұжданның ісі, өнерді бағалаудағы әділдік таразысы. Мен жеңдім деп әр ақын, өз атынан мақтана бермес үшін, бұл өте жауапты міндетті жеңілген ақынға жүктеген.

Міне, сол дәстүрге берік Сара бастан аяқ Біржанмен айтысын Әріпке жырлап берген. Сондықтан да айтыста Сара өзінің тамаша ақындық, әншілік тұлғасын, сұлулық кескін келбетін келістіре жырлаумен бірге өзімен қарсы айтысып жеңілген Біржанның ақындық, салдық, әншілік тұлғасын да елестетеді:

Сал Біржан домбырасын көкке сермеп,
Жіберді түрлендіріп әннен өрнек.
Сөзіме ызаланып алғаннан соң
Дауысқа салды Біржан аспанға өрлеп...

Сараның суреттеуінде Біржан осылайша әнін түрлендіріп, аспанға өрлете шырқайтын, жүрген жерін сауықпен, қызықпен дуылдатып «Орта жүзді әнмен сандалтып», толықсып, төңкерілте ән салатын, жас күнінен өнері асқан ардагер, оның әнінің «бұрмасына» қазақ баласы сүйсінеді. Әнінің толқынымен Ешкіөлместің бауры күңрешип күй шерткендей.

Бұл айтыс үстіндегі Біржан ақындығы тіпті бөлек. Ол алғыр да өткір ойларды, асқан әншілік, салтанатты салдық тұлғасын әлдеқайда айқын суреттейді. «Сайраған Орта жүздің бұлбұлы», «Арғынның ақтаңгері» Біржан ақындық мақтауға келгенде қиял қанатына ерік бергендей, теңіздей шалқып «желді күнгі аспандағы қырандай даусы» көтеріліп өрлей, дәуірлей береді.

«Ақ нық мұз балақпын жерге түспес,
Кең қолтық арғымақпын алқымы іспес...

Жалымнан ұстаған қыз арман қалмас,
Жібек жал арғымақпын тұмарланған.
Аққумен аспандағы ән қосамын,
Қозғасам ащы күйді түптен тартып...

Жорғамын сарынымен самғайтұғын,
Бәйге аты серпінімді шалмайтұғын.
Әнімді он екі взвод жіберемін,
Есіңнен өле-өлгенше қалмайтұғын.

Ежелден құлаш мойын көк айылмын,
Лауга жеті күнге талмайтұғын.
Болатпын екі жүзді, жетем құрыш,
Күйсеуін шапқан түйе тапбайтұғын.
Гауһармын бозбалаға сәуле берген,
Дәндеме жаманыңнан жанбайтұғын.
Ой желке, қамыс құлақ, қара көкпін,
Тұнықтан жүзіп ішпей қанбайтұғын.
Ұрғашылық қылмасаң бір басыма,
Қазақ жоқ Біржан десе нанбайтұғын.
Даусымның жаңа түсті кәрі жыны,
Дәуірлеп барған сайын болмайтұғын.
Қарқабат, Қарақожа ата-бабам,
Осындай ерегісте қолдайтұғын.
Қырымға қарайтұғын қара кермін
Аң алмай жерге бекер қонбайтұғын.
Айнымас қанды балақ ақ иықпын,
Тұяғым тиген қасқыр оңбайтұғын.
Тұлпармын Көрұғлының Ғиратыңдай
Алдына жүгірсе мал салмайтұғын.
Рүстем — Дастандаймын дәл өнерге,
Меңгеріп кісі билеп алмайтұғын.
Бір итке елің неге берем дейді
Алашта лайық сеп таңдайтұғын?
Он бесте ұрғашыға саятшымын,
Күн сайын қанжығамды қандайтұғын.
Аңдап бас аяғыңды, байғұс Сара,
Мен сенің кісің емес алдайтұғын...»

деп, төгіліп түйдектеп берілген тамаша тапқыр шешен де шебер өлең тасқыны құлашты кең сермейтін майталман сөз зергерінен туған өнер екендігін, осының өзінен Біржанның ерекше бітімді әншілік, ақындық тұлғасын көреміз. «Он екі взвод ән салғам», «Орта жүздің бұл-

бұлы», аспандағы аққумен тілдескен, жүйріктікке келгенде дәуірлеп бәйге бермес Қаракөк тұлпар ақын осынша үздік өнерімен өте биікке шырқап, көтерілген асқақ әсем үнді, теңдесі жоқ жүйрік шешен ақынның ұмтылмас образын көз алдына алып келеді. Біржанның әрбір сөзінде дамытылып жымдастырылып шебер қиюластырып қолданылған сөз өрнегі теңеу салыстыру, бейнелеу ұлғайған метафора тағы басқа көріктеу құралдары бірінен бірі асып түсіп жатады. Тіпті сол кездегі айтыс ақындарының еш бірі жеткізіп бере алмайтын поэзиялық сөз өрнектері де мол кездеседі. «Асықша ақжамбыны сұлуға айттым», «Қанды көз май жеп алғыш ақ иықпын»,

«Ақ марал, осы жолы жығылмай кет
Алтайдың душар болдың мергеніше»...
«Көзімнің Көкшетаудан қыры түсті...
Қанатын күн шалмаған ақтүйғынның,
Жапалақ иемденер басқа ізін».—

деген көркем де тапқыр ақындық сөз өрнектері бұл айтыстың тамаша шеберлік үлгілері.

Біржан, Сара айтысының басқа айтыстардан ерекшелігі тек осындай мазмұны өмірлік сыры тереңдігінде, көркемдік қуатының күштілігінде болумен бірге осы бір іші-сырты бірдей бүтін жымдасып келген драмалық поэмаға пара-пар кесек туындының ерте басылып сол арқылы халық арасына кең жайылып, жалпы қазақ поэзиясына, ақындық өнердің дамуына орасан зор ықпал жасағандығында. Біржан мен Сара айтысын қызыға оқып жаттап үлгі алмаған ақын, жазушы сирек. Бұдан импровизатор ақындар да, жазба ақындар да үйреніп үлгі алған. Әлі де үйреніп келеді. Сондықтан да әдебиет

поэзия тарихынан да, өнер, музыка тарихынан да Біржанның айрықша орын алуы осындай өлмес асыл қазынанан қалдыруында. Біржанның асқақ әншілігін, дарқан ақындығын ең алғаш терең түсініп суреттеген Сәкен Сейфуллин:

— Ән салса арыстандай ақыратын,
Әуені қалтыратып жапыратын,
Саңқылдап даусы кетіп алты белге
Көркем ән маңдағы елді шақыратын.

Қлазақта кім білмейді Біржан салды,
Ағызған қызыл тілден шекер-балды.
Сан ақып жарысқанда талай тойда,
Үздік боп бәйгіні ақын Біржан алды...

деп Біржанның топты жарған майталман жүйрік ақындығы мен алты қырдап даусы асқан әншілік өнерін жас қауымға зор мақтан, үлгі етіп ұсынады. Сәкен бұдан қырық жыл бұрын Біржан, Ақан, Ыбрай әндері жаңа өнердің жарасымды гүлі болады деп талапты айтатын болса, сол талап толық іске асқан дәуірде отырмыз.

Біржанның поэзиясы туралы айтқанда оның ақындығын бастан-аяқ мінсіз еді дегеннен аулақпыз. Біржанның ән-өлеңдерінің ішінде ауыз әдебиетіндегі ежелгі қайым, қара өлеңнің дәстүрімен келетін өлең шумақтары кездеседі. Мәселен, «Біржан сал», «Жанбота», «Адасқақ» сыяқты өлеңдері мазмұны мен әні бірдей қабысып келетін болса, бірқатар өлеңдерінің әні тамаша сұлу асқақ үнді болып келсе де сөзі онымен пара-пар түспейді («Мәті-Дәулен», «Аққошқар» т. б.). Бұл кемшіліктің біралуаны. Екінші, Біржанда өзінің өскен патриархалды-феодалдық қоғамның тар шеңберлі салт-сапасынан аса алмаған кей-

бір қайшылықты пікірлер де жоқ емес. Мұны айтыс үстінде Орта жүздің бірқатар шонжарларын асыра дәріптегендігі де және ел аралап жүріп Мәті-Дәулен, Тұрлыбек, Мұса, Аққошқар сияқты адамдарға арнаған өлеңдерінде де туралықтан тайқып, жалтақ, жаңылыс басқандығы сезіледі. Бірақ бұл кемшіліктер Біржан творчествосында негізгі сарын емес, мұндағы негізгі идеялық сарын сыншылдық, ақындық, әншілік өнердің қадір қасиеті, сол өнерге, ізгі адамгершілік қасиетке кесел келтіретін жағымсыз құбылыстарды сынап, мінеу.

Мұны ақынның жоғарыда талданған лирикалық өлеңдері мен айтысынан айқын көреміз. Біржан ақпа, төкпе және турашыл ақын болғандықтан әр кезде әртүрлі жағдайға байланысты тосыннан айтып тастаған өлеңдерінде жағымсыз қылықтарды сықақтау кездеседі. «Бүгінгінің биіңде ми қалмады», «Ессіз озған заман болды», — деп айтқан шенеуі. Байпақ байдың сараңдығын, Құдайберген тілмаштың менмендігін «Көтерем өгізге» теңеп әжуалайды.

Бабай мен қасқырды айтыстырған өлеңінің де сатиралық мәні күшті. Атығай елінің шешені Бабай (руы Бабак) мен қасқырды айтыстыру арқылы Біржан замандасы Бабайды ғана әжуалап қоймайды, елге тізесін батырған аға сұлтан қыпшақ Ыбрайды қасқыр бейнесінде суреттейді. Ыбрай Бабайдың қайын жұрты болса да аралары келіспей, бірде тату, бірде араздықпен күн кешкен. Бабай батыл шешендігімен, Ыбрай зорлығымен ел көзіне түсіп сөзге ілінгесін Біржан осы айтысты таратып жіберіпті. Ақын Бабайдың сөзі арқылы жұрттың малына жаудай тиіп, кәрі-жасын шулатып, мазасын алған қасқырды әшкерелей отырып, кісі өлімі деп Ыбрайдың Атығай еліне бүлік салған қылықтарын ақтарады.

«Қасқыр, сенің тіліңде сенім бар ма,
Қыпшақтан жақсы көрер елім бар ма.
Аузыңа келген сөзді оттай бердің,
Болысымды тастап жүрген жерім бар ма?»

Сен жылқыны көп жегенде құнығасың,
Жүнің қалың, аяға жылынасың.
Сен-дағы ол жағына күлгенің не,
Енеңнің байы болып ұлығасың».

деп Ыбрайдың өз жақындарынан қыз алған оғаш әдетін де, Бабайдың ұлық алдында жалтақ халін де аңғартады. Ал қасқырдың сөзі арқылы Майлы — Балта елінің дау-жанжалға құмарлығын ұрлық, қорлыққа үйірлігін, екі ноғайды өлтірді деген іспен екі адам сотталғандығын мінпейді. Осылайша бейнелеу, тоспалдау әдісімен ақын өз тұсындағы жағымсыз қылықтарды шенейді, күлкі етеді. Біржанның осы өлеңі таралғаннан кейін Қыпшақ пен Атығай арасының жанжалы қайта өршіп, көпке дейін басылмайды. Біржанның мұндай сатиралық сарындағы өлеңдері Жанбота мен Азынабайды әшкерелеген өлеңдерімен үндес, сарындас келіп отыратындығы белгілі.

Сал, сері әншілердің жүріс-тұрысы бұрынғы ескінің көзі саналған феодал-шонжарлардың көбіне ұнамаған. Әсіресе молдалар, ишандар сал-серілердің із, жүріс-тұрысын сайтан қуған қылық деп, жаратпай мінеп, жұрт кезінде абройын түсіруге тырысқан. Өз заманында тақуалыққа бейім Орынбай, Шөже, Тезекбай ақындар Біржанның дарқан думанға, жиын сауыққа толы еркін жүріс-тұрысын шарифат дін жолына қайшы деп кейде сынап та отырады. Сара айтысында Біржанды «Салдықпен сайтан қуған» деп кемітеді, Тезекбай ақынның құдайдың не сипатын танисың деген сұрауына, Біржанның берген жауабы тура да өз бойына жарасымды:

Тезеке, өқи білдің жазған хатты,
Сері қайдан біледі шаригатты.
Әкем Қожағұл, өзім салмын,
Мен сізден сұрамаймын насихатты.

Бұл сөзге Тезекбай:

Олай болса, отырғанда ақылмен ой таба бер,
Күндіз-түні жүрсең де жол таба бер.
Орта жүздің баласы «Темір қақпан»
Байғұлабай деп әне зарлап тұр ғой.

Қыз-келіншекке ойыңды айтып, тана-моншақ жиып мал таба бер — деп, Біржанды шаригат білмейтіндігі тұрғысынан сынап кетеді. Біржан пері соқты, шайтанмен жолдас болып, жын қақты деген әңгімелердің де бір тамыры осыған байланысты. Асылы ақын, әншімен шаригат дін жолы қабысқан емес. Біржан, Жаяу Мұса, Ақан сері, Шолақ, Ыбрайлардың дін иелерімен мезгіл-мезгіл қағысып қалып отыруы осы өнердің табиғатынан туған әлеуметтік құбылыстар еді. Бұл идеялық мотив Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасында, Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» романында, С. Мұқановтың «Балуан Шолақ» повестінде, Ғ. Мүсіреповтың «Ақан сері, Ақтоқты» драмасында, Қажым Жұмалиевтің «Біржан, Сара» операсының либреттосында дұрыс берілген.

Біржан 1897 жылы 64 жасында дүние салған. Өлер алдында Біржан екі-үш жылдай ұзақ ауырып, қатты жан күйзелісіне түсіп тірліктегі қадір-құрметі азайып, бірталай бейнет көрген. Міне, осы сырқат кезінде шығарған өлеңдерінде де Біржанның жастық шағын еске түсірген, өмірмен, замандастарымен қоштасқан, тірлікті, Теміртас, Асыл, Ақық атты ұл-қыздарын қия алмай аяушылық се-

зім білдірген жан-күйлерін шебер баяндайды. Бұл өлеңдерінің бәрінде де өткен өмірі туралы түйінді ойлары, жетім қалып бара жатқан балаларының тағдыры оны қатты толғандырғандығын сеземіз.

Біржанның сүйегі өзінің атасы Қожағұлдың зиратына (қазіргі Степняк қаласының Жармау бөлімшесі тұрған жер) қойылады. Кейін ағайындарының араласуымен сол кезде (1940 жылдары) Ақмола облыстық атқару комитетінің председателі Әшімбек Бектасовтың басқаруымен Біржанның зираты қоршалып, басына құлпытас орнатылды.

Әдебиет зерттеушілер де, музыка зерттеушілер де Біржанның әндері мен өлеңдерін өз заманында жаттап, халық арасына кең тарата отырып, жоғалтпай біздің заманымызға жеткізгендігін атап айтады. Арқадағы әншілік, композиторлық, ақындық өнердің туын көтерген Біржанның серіктері, өнер жолы, ақындық, әншілігін сақтап әрі дамытып, мольқытыра түсетін шәкірттерінің мол болуы табиғи заңды да еді. Егер Біржанның ақындық өнерін Сара, Әсет, Шашубай, Доскей, Тайжан, Ыбрай сияқты майталман ақындар дамытатын болса, әншілік өнерін жатқа айтып жеткізуші алдымен сол Біржанның қасына еріп бірге жүрген одан тағылым үлгі алған Ыбрай, Шолақ, Бекахмет, Ғазиз, Естай сияқты ақын-әншілер, бұдан берідегі Қали Байжанов, Ғаббас Айтбаев, Әміре Қашаубаев, Қасымжан Бабақов, Қуан Лекеров, Жүсіпбек Елебеков, Мәжит Шалқаров, Хамид Бекенов, Мұқан Еркесарин, Ахмеджан Тілеубаев, Мария Бекахметова, т. б. көптеген ақын, әншілер.

Біржанның өзінен туған — Асыл, Ақық атты қыздары мен Теміртас, Қалкен атты ұлдары ақын, әншілік өнерге өнша қабілеті болмаған. Ағасы Нұржанның бала-

сы Сыздықтан туған Мария кейін ел ішінде елеулі әнші болды. Бірақ осы өнер жолын қуып дамыта алмады. Біржанмен рулас, ауылдас белгілі әнші Бекеннің Хамиті деген болған.

Хамит әрі асқан үнді әнші, әрі революцияшыл от жігерлі ақын болып әлеумет өнер ісіне белсене араласады. Біржан, Ақан сері, Шолақ әндерін, және өзі шығарған өлеңдерді ел ішінде ең көп таратқан Хамит. Жиырмасыншы жылдарда Атығай, Керей ортасында Хамиттің әншілігіне сүйсінбеген ел қалмады. Ел-жұрт Біржанның өнері осыған қонған, ол соның нағыз мұрагері деп аңыз қылатын, ол мезгілсіз қаза болған ағалары мен жас қызын жоқтап:

— Шетіне Жөкейкөлдiң бiтер қияқ,
Ұқсайды жалғыздыққа бiздiң сияқ.
Соңымнан ағатайлап еретұғын
Қалмады-ау, Өтебайдан жалғыз тұяқ.

Адамзат көтермей ме ауыр істі,
Қолымнан жас балапан түйғын ұшты,
Өлеңге жас күшімнен ұста-ақ едім,
Ақ түйғын балапандай ұстап едім.
Дарига-ай, бұл дүниенің ғамалымен
Алыста нағашыма қыстап едім,
Сәукежан, туған айдай мінің бар ма,
Шақырсам атылды атап үнің бар ма,
Үйімнен өзім жоқта ғайып болдың
Көзіме көрінетін күнің бар ма?!—

деген өлеңдерін арнаулы әнімен айтқанда Хамит тыңдаушыларының жан дүниесін босатып егілтіп жылататын еді. Хамит әндерінің кейбірін сол кезде ауылдасы Рама-

зан Елібаев жазып алған еді, оның қаншалық сақталғаны бізге мәлімсіз. Бертін оқып, білім алып (үш айдай Свердлов қаласында өндіріс академиясында оқып), партияға кіріп, әлеумет ісіне араласқан дәуірде Хамиттің алдына өнер таңдау мәселесі қойылды, әншілік өнер жолымен кету керек пе, жа болмаса күрескер ағаларының ізімен азамат күрескер болу керек пе? деген сұрауға келгенде ол соңғы күрескерлік жолға бүтіндей беріліп, әнші ақындық өнері бірте-бірте қаға беріс қала берді. Бірақ ерте қайтыс болса да ол Біржан әндерін өз төңірегіндегі жастарға үйретіп кең жайып, таратып кетті. Хамиттен де, және басқа өнерпаздардан да үлгі алған Еркесарының Мұқаны, Бекахмет қызы Мария Біржан әндерін тамаша жақсы орындайтын. Көкшетау елін әлденеше рет келіп аралаған Сәкен Марияны Қызылорда мен Алматыға шақырып театрға алдыруға әрекет жасаса да Мария үлкен өнер дүниесіне араласуына мүмкіндік ала алмады. Ол да Сараның тағдырына ұқсас халге ұшырап, ауылда қала берді. Біржанның әншілік, композиторлық өнерінен үлгі алып, үлкен білім жолына түскен сол ұлы өнерпаздың ағайыны, жерлесі Рамазан Елібаев еді. Оның өмірі мен творчествосы «Жас қазақ», «Жолдастар» сияқты Біржан әндерімен сабақтас екендігі қалың жұртшылыққа мәлім. Белгілі музыка зерттеуші ғалым Б. Г. Ерзакович «Жас қазақты» лиризм мен драматизм мотивы бірдей күшті эпикалық аңызбен ұштасып кететін тамаша күрделі әндердің бірі деп қарайды.

Сонымен Біржанның ақындығы, әншілігі, композиторлығы біздің мәдениет жұртшылығымызға толық танылған, жаңа социалистік мәдениетіміздің сарқылмас асыл қазынасына айналғаны тарихи шындық. Тарих қайталанбайды, өмір өз заңымен ілгерілей бермек, жаңа қа-

уым өзінің жаңа өнерін жасайды. Жаңа өнер дамыған сайын Біржан сияқты ардагер ақын өнерпаздың шығармалары, ұмтылмас абзал бейнесі бізден алыстамайды, әрқашан қасымызда күмбірлеп күй тартып, шырқап ән салып, сырласып, мұңдасып, әзілдесіп күліп-ойнап, мәңгі бірге жасамақ.

Есмағамбет Ысмайылов.

январь — февраль 1966 жыл.

Алматы.

Өлеңдері





Баласы Қожағұлдың Біржан салмын!
Адамға зияным жоқ жүрген жанмын.
Адамға анау-мынау бас имеймін,
Өзім сал, өзім сылқым кімге зармын!

Жасым бар жиырмада, жасырмаймын,
Басымнан дұшпан сөзін асырмаймын.
Елімнің еркелеткен серісімін,
Сен түгіл патшаға да бас ұрмаймын.

АЙТБАЙ²

Атымның қақ тұрады сауырына,
Қос тепкі салып келем бауырына.
Қолынан шай құйдырып ішейін деп,
Келеміз Айтбай сұлу ауылына.

Мамекең Айтбай десем күлімдейді,
Сұр жорға астымдағы сүрінбейді!
Аққудай аспандағы жүз құбылтып,
Сал Біржан ән салуға мүдірмейді.

ҚАЛАМҚАС

Мен жаздым сәлемдеме қаламқасқа,
Сүйгенім болмаған соң сенен басқа.
Бір жауап құрбысына қайтарар деп,
Жалынып мұңымды айттым сұлу шашқа.

Қ а й ы р м а с ы:

Қаламқас, қалдың кейін, мен не дейін,
Барармыз дәм бұйырса, кешке дейін.

АЛТЫН БАЛДАҚ

Қолыма асынғаным алтын балдақ,
Мен келдім Әсемкерді суға жалдап.
Құйрығын екі-екіден талдап өріп,
Қылмитып мініп шықтым қалқаға арнап.

Болғанда кешке таман апақ-сапақ,
Алдымнан шықты сәулем — аппақ шапақ.
Кигені қара қамшат оқалаған,
Басында бір шоқ үкі бұлғалақтап.
Атымның шаужайынан ұстай алды,
Мен кеттім сол қалқаны сөзбен алдап.

АҚСЕРКЕШ®

Бір атты сатып міндім елу беске,
Болмайды шапсаң дағы қара кешке,
Бозбала, бекер сал боп неге керек,
Салып қал шын сал болсаң «Ақсеркешке»:

Бәйгеден озып келген атты алайын,
Ер жігіт сынамай ма бақ-талайын.
Жиылып үлкен-кіші отырғанда,
Толқытып «Ақсеркешке» ән салайын.

Жем жейді қара арғымақ «түрт» дегенде,
Аяғын әсем басар «қық» дегенде.
Жерлерге үш күншілік болады азық,
Аузынан жан қалқаның «үп» дегенде.

Бір атты сатып алдым елу беске.
Ертеден болдырмайды қара кешке.
Аралап неше дуан жүрсем-дағы
Өзімдей жан салмайды «Ақсеркешке».

СОҚПАЙ-АЙ СОҚ

Мінезі жүйрік аттың соқпа-ай, соқпа,
Айтамын мен өлеңді осынау топқа,
Сөйлеп қал, қызыл тілім, өлмей тұрып,
Өмірің бір азырақ бар ма-ай, жоқ па?

Қ а й ы р м а с ы:

Хайрым-хайрым-хайрау-хайрау-хайрай.

Ал десе еркін жүйрік азғындаған,
Ақылға кейбір надан бағынбаған.
Жігіттік бойға таққан бір гауһар тас,
Қартайсаң қайта айналып тағылмаған.

Қ а й ы р м а с ы:

Хайрым-хайрым-хайрау-хайрау-хайрай.

КЕРКЕКІЛ

Астымда Керкекілім бұлаңдайды,
Сұлу қыз кербезденіп сылаңдайды.
Ауылын сүйген жардың іздеп бармай,
Көңілім еш уақытта тына алмайды.

Жадағай-жайсыз жерден жүре алмаймын.
Жадырап сенсіз жерде күле алмаймын.
Жасымнан ғашық болып сүйген сәулем,
Басқаны бір өзіңнен біле алмаймын!

БІРЛӘН®

Қарағым, айналайын, көз көргенім,
Жоқ сенен көңілімде өзге менің,
Сөзің бал, тісің меруерт, беу қарағым,
Есімде «мен сендік» деп сөз бергенің.

Қ а й ы р м а с ы:

Ахау Бірлән.
Әнім түрлен,
Ән еді, жаңа шыққан, ахау үри-ай.

Көрінер сұлу жирен жарағанда,
Шаштарың гүл-гүл жайнар тарағанда,
Таңданып жығылуға таянамын,
Мойныңды бұра тастап қарағанда.

Қ а й ы р м а с ы:

ҒАШЫҒЫМ*

Ғашықпын тағат-сабыр ете алмаған,
Мұратқа көп ізденіп жете алмаған.
Қайырса қара қарға қаз алмайды,
Жібекті жүн қылады, түте алмаған.

Қ а й ы р м а с ы:

Ғашығым, асылым, қайғың менен-ай
жасыдым.

ҒАШЫҚ ЖАР¹⁰

Қиын екен жалғанда сүйген ғашық,
Сөйлеспесе екеуі мауқын басып.

Қ а й ы р м а с ы:

Ғашық жар енді аман бол!

Жапырақ жарған ағаштай, жан сәулешім,
Топ ішінде тұрса екен шоқтығы асып.

Қ а й ы р м а с ы . . .

ЖАЙМА-ШУАҚ"

Қарқаралы басында жалғыз арша,
Хатқа жүйрік сол қалқа мұсылманша.
Кішкенеден бірге өскен сәулем едің,
Ғұмырың аз ба, көп пе, әлде қанша?

Қ а й ы р м а с ы:

Өттің жалған, кештім сайран.
Уә шіркін қыз бала-ай!
Жастықтың әсерімен еттім сайран!

Көл жағалай бітеді көкше құрақ,
Ән салмағың қайда еді-ау Ләйлім шырақ!
Қозыбайдың үйінде мәжіліс боп,
Біржан салған ән екен «Жайма-шуақ».

Қ а й ы р м а с ы:

ЖОНЫП АЛДЫ¹²

Аты еді бұл әнімнің «жонып алды»
Алғандай сұлу жонып өрім талды.
Жасымнан сүйіп айтқан ән болған соң,
Жаңылмай әлі күнге есте қалды.

Жан едім, әсем әнді сүйіп айтқан,
Жағымды көпке бірдей, жұрт ұнатқан.
Келетін нақысына жүз құбылтып,
Кейде өрлеп, кейде шалқып, баяулатқан.

Кім сүймес көкке өрлеген әсем әнді,
Көңілдің күйін шерткен көркем-сәнді,
Болғандай бойға қуат, ойға азық,
Балқытып еріткендей тербеп жанды.

СЫРҒАҚТЫ¹³

Ақ түйғын құс, қолымда сырғақты ма?
Басып-басып алайын ырғақтыма,
Бозбала, саған айтар өсиетім:
Жақын жүр әлпештеген ардақтыға.

Жанып тұрған жас өмір ал қызыл гүл,
Сипаттауға қызығын жетпейді тіл.
Жауқазын желбіреген жастық шақта,
Өмірдің мағынасына түсіне біл.

АҚҚОШҚАР¹¹

Өрісім өрдегі «Алтай Қуандық-ты»
Әр кімге көрсетіпті жуандықты.
Аққошқар — Сайдалының заманында,
Бір көлден қырық мың жылқы суарыпты.

Көлі бар «Аққошқардың» саумал атқан,
Бір көлден қырық мың жылқы ішіп жатқан,
Байлығын «Аққошқардың» баян қыласам,
Бес жүз ат Орынборға бір күн сатқан.

АҚТЕНТЕК¹⁵

Қызы едің Ақтентектің Шұға, Мақпал.
Әр жерде сабырлы ерді тәңірім сақтар.
Көңілі бір-біріңмен болса ғасыл,
Ауылын сұлу қыздың жігіт жақтар.

Қ а й ы р м а с ы:

Гей-гигей-гек-гек-гей-гигей-гек-гек.
Лиллай-лиллай, Лиллай-лиллай,
Лиллай-лиллай-лай-лау.

Қызы едің Ақтентектің Ажар атың,
Еш кімнен кейін емес салтанатың.
Алыстан ат терлетіп келіп едім,
Жүрмісің есен-аман, перизатым!

Қ а й ы р м а с ы...

МАҚПАЛ¹⁰

Сайына Шағырайдың-ай-ау ағып кеттім,
Жыраға тырнағымдай-ай-ау неғып кеттім.
Бұрымда жаңылмайтын-ай-ау байғұс басым,
Неліктен осы жерде-ай-ау қапы кеттім.

Қ а й ы р м а с ы:

Үриау, үриау, үриау.

Ей Мақпал, мен разы-ай-ау, сертке жетсең,
Жер жерден қиын-қыстау-ай-ау, аман өтсең.
Жанымды бір тиындай-ай-ау, көрмеуші едім,
Өзің біл ғашығыңды-ай-ау, зар еңіретсең.

Қ а й ы р м а с ы:

Шаһардің Иранбағы-ай-ау, гүліндейсің,
Зайтундей ерте піскен-ай-ау, күлімдейсің.
Көп ішіп бойға сіңген-ай-ау, апындай,
Денеме қанша айтсам да-ай-ау, білінбейсің.

Қ а й ы р м а с ы:

Жігітке кедейшілік ол сергелдең,
Жоқ болса жалғыз атың, өлгенмен тең.
Үйіңе құрбың келіп құр аттанса,
Не керек дүниеде үміттенген!

Шешеннің сөз шығады таңдайынан,
Жұмақтың сізге мекен қандайынан?
Бар болып, байлар кімді асырайды,
Әр кімнің жазған алла маңдайынан.

БУРЫЛТАЙ¹⁶

I-Т Ү Р I

Таңбасы жоқ, ені жоқ Бурылтайдың,
Сағасы өткел бермейді терең сайдың.
Құба жонға жүгіртіп шыға келсем,
Жұрты жатыр, өзі жоқ қалқатайдың.

Қ а й ы р м а с ы:

Ақау бикем, жар-жар,
Алма мойын, ақ сұңқар.
Қош есен бол құрбым-ай!
Құрбылықпен жүрдім-ай.
Ақау айдай, жариям айдай,
Жардың көңілін қалдырма қыз қалқатай.

II-Т Ү Р I

Таңбасы жоқ, ені бар Бурылтайдың,
Сағасы өткел бермейді-ау терең сайдың.
Жүгіріп құба дөңге-ай шыға келсем,
Жұрты жатыр, өзі-ай жоқ қалқатайдың-ау.

Қ а й ы р м а с ы:

Шалушы-ед түйе барып талдың басын,
Кетіп ем болжау қылып, ай-ау, жардың тасын.
Жеріңнен болжалдасқан-ай табылмасаң,
Сыпыра төгіп кетем, ай-ау көздің жасын.

Қ а й ы р м а с ы:

ІІІ-Т Ү Р І

Қамшы бастым асыға Бурылтайға,
Өткел бермей тоқтатқан терең сай ма?
Жұрт жаңғыртыл орнынан бір күн түнде,
Қалқатайдың ауылы кетті қайда?

Қ а й ы р м а с ы:

КӨКЕК¹⁰

Аты жоқ құс болады көкек деген,
Алдында терезенің секектеген.
Ойымда үш ұйықтасам бар ма менің,
Айрылып сені, сәулем кетед деген.

Қ а й ы р м а с ы:

Ей, ат жоқ көкек бей, ат жоқ көкек!

Кім сүймес шешек атқан көкек айып,
Бейне жаз, менің сүйген сәулетайым.
Ақ қалқам отыр ма екен, жатыр ма екен?
Ей, көкек, ұшып барып білші жайым!

Қ а й ы р м а с ы:

Шекеңе селдіретіп айдар тағып,
Көкек — деп бос жүргенше секең қағып,
Қосайын өле-өлгөнше мен әніме,
Қалқадан хабар әкел ұшып барып.

Қ а й ы р м а с ы:

I-Т Ү Р I

Телқоңыр қайтып кетті елге таман
Ит-құстан барар ма екен есен-аман?
Ит-құстан аман-есен бара қалсаң,
Сәлемді үш қайтара айттым саған.

Жүгіріп жалаң аяқ шықтым қырга,
Басқаға жолда тұрған мойның бұрма.
Кеткенде аулың шалғай, беу қарағым,
Салсайшы өзімдей қып «Телқоңырға!»

II-Т Ү Р I

Жүйрік ат, қыран бүркіт, қазан атым,
Құлақ сал «Телқоңырға», азаматым!
Баласы Қожағұлдың Біржан салмын,
Тез жеткіз Телқоңырдың аманатын.

Телқоңыр қайтып кетті елге таман,
Ит-құстан барар ма екен есен-аман.
Қалқаға үш қайтара айттым сәлем,
Ит-құстан бара қалса есен-аман.

III-Т Ү Р І

Телқоңыр қайтып кетті елге таман,
Ит-құстан барар ма екен есен-аман?
Ит-құстан барса жақсы есен-аман,
Дау-жанжал бүліншілік елім жаман.

Жібердім Телқоңырды елге бар деп,
Жүруге бұл өлкеде жолың тар деп.
Жаныма бағалаған жануарым,
Шығардым осы әнімді саған арнап.

IV-Т Ү Р І

Телқоңыр қайтып кетті елге таман,
Ит-құстан барар ма екен есен-аман?
Ит-құстан қалса егер есен-аман,
Қалқаға үш қайтара-ау, шіркін, айттым сәлем.

Жүгіртіп жалаң аяқ шықтым қырга,
Басқаға жолда тұрған, шіркін, мойның бұрма!
Басқаға жолда тұрған мойның бұрсаң,
Біржанды зар қыларсың «Телқоңырға».

ЛӘЙЛІМ ШЫРАҚ²¹

Ләйлім шырақ дегенде, Ләйлім шырақ,
Таудан аққан құм қайрақ сен бір бұлақ.
Қайыс болсын, жіп болсын, неге керек,
Шідерімнің бағасы қырық қысырақ.

Қ а й ы р м а с ы:

Өзіме бер, шідерімді тауып алсаң,
Елу теңге берер ем, сүйінші алсаң,
Жерде шіріп қалса да өзіме бер,
Шыбын жаным қиналсын, бітім алсам.

Қ а й ы р м а с ы:

Ләйлім шырақ, дегенде, Ләйлім шырақ,
Мен де өзіңдей жас едім жаңа талап.
Біреуге Ташкент барған алдырып-ем,
Қызыл жібек, қырмызы, пұт-бес қадақ.

КӨЛБАЙ — ЖАНБАЙ²²

Ар жақта отыратын Көлбай — Жанбай,
Шідерімді кім алды Ләйлім алмай?
Балағы шідерімнің алтын еді,
Асығыстан барамын сұрай алмай.

Қ а й ы р м а с ы:

Көлбай, Жанбай дегенге, Көлбай, Жанбай,
Тізгінімді кім алды, Ләйлім алмай?

Көлбай — Жанбай, тыңдашы, асыл тасым,
Біте қайнап, бірге өскен замандасым!
Көкұен жел, жерден шайтан әкеткен жоқ,
Ұрлап алған — өзіңнің қарындасың.

Қ а й ы р м а с ы:

Сегіз би съезіне бердім жөнге,
Шідерімді таң қалар көрген пенде.
Шідерімнің бағасын сұрасаңыз,
Бағасы болады оның жүз мың теңге.

Қ а й ы р м а с ы:

Көлбай — Жанбай дегенге, қалқам шырақ,
Ағып жатқан құм қайрақ, сен бір бұлақ.

Бағасын шідерімнің сұрасаңыз,
Шідерімнің бағасы — қырық қысырақ.

Қ а й ы р м а с ы

Көлбай — Жанбай дегендер асыл сүйек,
Бір тәңірден мен жүрмін тілек тілеп,
Формын шідерімнің сұрасаңыз,
Сап күмістей балағы, алтын тиек.

Қ а й ы р м а с ы:

ШІДЕР²³

Көлбай — Жанбай дегенге Көлбай — Жанбай,
Шідерімді кім алды қыздар алмай?
Шідерімнің бағасы атыммен тең,
Ақырында қоймаймын сенен алмай.

Қ а й ы р м а с ы:

Шідеріме сен, Көлбай, қылма зорлық,
Шідерсіз ат тұрмайды, о да — қорлық.
Ат-көліксіз қалам ба, шідерім жоқ,
Шідер үшін, сіздермен араз болдық.

Қ а й ы р м а с ы:

Өзі жалғыз, өзі асау күрең төбел,
Жексем — арба, мінсем — құс, жүрер жедел.
Сатпаймын да, бермеймін еш адамға,
Қолқа қылсаң, басқаны ал, шідерді алма!

Қ а й ы р м а с ы:

АЙЖАН ҚЫЗҒА²⁴

Айжанның разы болдым құрметіне,
Жайылар бұл құрметің ел шетіне.
Мал мен бас, ықыласың бәрі бірдей,
Оралған бәрі тегіс ниетіңе.

Қызы екен Айжан сұлу Ақжол байдың,
Құрметін көріп едім мен талайдың.
Бұралған нәзік белі тал шыбықтай
Бұралған жағасында аққан сайдың.

БІРЖАННЫҢ ОМЫДА
БІР ҚЫЗҒА АЙТҚАНЫ²⁶

Сіз бұрын естіп пе еңіз Біржан серді?
Бұл Біржан аралаған талай елді.
Жалғанда ырысың бар жан екенсің,
Құлағың естігенде көзің көрді...

АТЫМ БІРЖАН²⁶

Алтын мен тең түспейді інжу-маржан,
Асылдан кем болмайды алмас-бірлан.
Әніме сегіз дуан таңырқаған,
Баласы Қожағұлдың атым Біржан.

ОРИНТАЙ²⁷

Дегенге Орынтай-ды, Орынтай-ды.
Қыздардан биыл менім жолым тайды.
Қолымды Орынтайға бір жеткізсең,
Берер ем жеңгелікке торы тайды.

Ғашықпын бір өзіңе, Орынтайым,
Басқаны жолда тұрса не қылайын!
Ойымнан жатсам-тұрсам бір кетпейсің,
Жолыңа сәруәр¹ еткен бір құдайым.

Орынтай, сен бір күн — нұр естен кетпес,
Сен үшін не болсам да уақа етпес.
Жолыңа шашсам-дағы дүние малын,
Сонда да, Орынтайым, қолым жетпес!

¹ Сәруәр — зуре деген сөз.

ҚАЛҚАМА²⁰

Қалқама хат жаздырдым алақандай,
Тоғыз қыз бір өзіңнің садағаңдай.
Айналып дүние сұмға қолым тимей,
Талпындым көк қауырсын балапандай.

Өлеңім ағын судың басындай-ды,
Найзағай аспандағы тасындай-ды.
Алмасаң тар қойныңа өзің тартып,
Мойныңа өзім барып асылмаймын.

Басынан Бүркіттің түн қатайып,
Шылбырын Кершұбардың шұбатайып.
Кершұбар маған десе арамқатсып,
Іздеп келген қалқама тіл қатайып.

ПАР ЖЕКТИМ²⁸

Пар жектім қос күреңді сүмеңдетіп,
Жеріңе уәғада еткен келдім жетіп.
Уәғадаң өткен айдың жүзінде еді,
Барады әлденеше күндер өтіп.

Қарағым, қарақаттай — көз жанарың,
Ерігіп жаңа келді сөз ажарың.
Жармеңке — жас уақыт өтіп кетіп,
Бұл күнде тоқталып тұр сол базарың.

ҚАРАША⁸⁰

Қараша қыстың басы болады күз,
Дәм жазып осы ауылда болдық қой кез.
Сіздің ел, біздің елмен не деспейді,
Құрбым-ау, оған бола қамықпаңыз.

І-Т Ү Р І

Қара нар жүк көтермес бел кеткен соң,
Кең жайлау құлазиды ел кеткен соң,
Бірге өскен кішкенедең қалқатайым,
Жүремін кіммен ойнап сен кеткен соң.

Қ а й ы р м а с ы:

Беу, өттің дәурен,
Өттің сайран,
Жігіттік дағуасына қалдым қайран.

Шалшық су құдық болмас қазбаған соң,
Сабырдан ат өте алмас саздаған соң,
Жете алмай мұрадыма болдым ғарып,
Әуелде тағдыр өзі жазбаған соң.

Қ а й ы р м а с ы:

Беу, өттің дәурен,
Өттің сайран,
Жігіттік дағуасына қалдым қайран.

Қазғанмен су шықпайды тау басынан,
Бір лексе сөз кетпейді сау басыңнан.
Ер жігіт бір қисайса түзелмейді.
Әуелде жаңылған соң тәубәсінан.

АХАУ, АРИ-АЙДАЙ³²

Ахауға мен салайын ари-айдай,
Артымда құрбыларға сөзім қалды-ай,
Үш жүздің баласына еркеледім,
Әншілік бұдан артық болсын қандай?

Ахауға мен салайын он екі алуан,
Сөзімде менің айтқан жоқ түр жалған.
Арасын Орта жүздің аралап ем,
Өтерсің бізден-дағы, дүние жалған!

Жігітке жарамайды ызақорлық,
 Дауысқа келмесе де, еттім зорлық,
 Бозбала, сала білсең осы әнге бае,
 Аңызым жаңа шыққан «Орынборлық».

Қолыма ұстағаным қу қарағай,
 Не болды, дауысым, саған сырғанамай!
 Күлмейін, ойнамайын десем дағы,
 Барады өтіп дәурен бір қарамай.

Ажарың ақ тұлкінің ажарындай,
 Құс кетпес айдып көлден күз арылмай
 Ауылдан қыз кеткен соң, қызық нетер,
 Тарқаған жәрмеңкенің базарындай.

Домбыра алдым қолға сегіз перне,
 Қызығы бұл шіркіннің тарқар жерде,
 Қолға алып арлы-берлі тартқанымда,
 Жаны жоқ кеудесінде адам дерге.

ТАЛАЙ ЗАМАН¹⁴

Мен Біржан болғалы талай заман,
Пар келмеген еш әнші тіпті маған.
Бір сұлу қыз Найманда бар дегенмен,
Бек мұқтаж көруге болдым соған.

Мен Біржан болғалы биыл емес,
Өлең шіркін біздерге қиын емес.
Алты қырдың астынан ән шырқасам
Дауысым отарбадан кейін емес.

Қарайып қара көлде қамыс қалды,
Ауылы ғашық жардың алыс қалды.
Ауылы ғашық жардың алыс қалып,
Сағынғаннан қараумен көзім талды.

ЖЕТІСУ³⁸

Мен өзім Жетісуға барып қайттым,
Манабын жақсылардың көріп қайттым.
Қыздары Жетісудың сұлу екен,
Жиғаным-тергенімді беріп қайттым.

АҚЖОРҒАЖАН²⁶

Басына кәмшат бөрік қиғашырақ,
Қыз сапы бас болғанда, біз — шам-шырақ.
Ала үйрек, алма мойын перизатым,
Болмаппын сізбен таныс бұрынырақ.

Қ а й ы р м а с ы:

Ақжорғажан, Ақжорғажан,
Жігітке қыз сыйласа-ай-ау болмайды арман.

Мінгенім дәйім менің Сұрқызылтай-ай,
Көңілім сізді көріп бір бұзылды-ай.
Көзіме әйбаттанып көрінесің,
Бейіште сегіз сарай хор қызындай.

Серінің серменуге көңілі ауды,
Ойландым бастайын деп бір хиялды.
Түсті ғой, жолдастарым, сәуле еске,
Ап келші қамыс құлақ Бозқоянды.

ІІ-Т Ү Р І

Боз үйден таң алдында шығар күйеу,
Артынан жары қарар бетін басып.
Келгенше енді айналып кім бар, кім жоқ,
Қарағым, бір сүйгізші, аха-хай-ау,— аузыңды
ашып, ей-ау....

Ер жігіт дүниені көрген артық,
 Дүниеде не бар-жоғын сезген артық.
 Түскендей аспан жерге іс болса да,
 Бел байлап, тәуекел деп төзген артық...

Қол берген қиын жерде жолдас артық,
 Бас тартқан жолдасынан онбас артық.
 Өзіңмен бірдей жанып, бірдей күйген,
 Досыңнан қатын-балаң болмас артық.

Жігітке сайран етіп жүрген артық,
 Жігіттік бір кеткен соң келмес қайтып.
 Дүниеде үйде жатып босқа өлгенше,
 Жан-тәнің бірдей жанып күйген артық.

Осылай бозбалаға салдым нұсқа,
 Өмірің зайып болар бекер босқа.
 Көргенің бір күнгідей болмас сірә,
 Міне ажал, келді наубат¹ деген тұста.

¹ Наубат — кезем деген сөз.

ҚОСДӘУЛЕТКЕ³⁹

Үйімде жатыр едім көрінбей-ақ,
Ән салсам кез келгенде ерінбей-ақ.
Қолым қысқа болған соң, амал бар ма,
Бір бисден құлын туар өзіңдей-ақ!

Ұсынсам қолым жетпес туған айға,
Айтсам да арызым жетпес бір құдайға.
Жылына бес жүз теңге тапсам-дағы,
Жақпадым өзім әкем Тұрлыбайға.

ҚАСЕНГЕ⁹⁹

Кетейін сөйлеп-сөйлеп сөз келгенде,
Түзелер қисық ағаш тез келгенде.
Өлеңді мұнда айтпаған, қайда айтамын,
Жақсылар, тату жолдас кез келгенде.

Қасеке, Назар, Нияз-ата-бабам,
Сөйлейін бір азырақ келсе шамам!
Тоқсан түйе, тоғанақ жүгіменен,
Бай-батшаңыз келді ме есен-аман?

БАЙПАҚҚА⁴⁰

Ей, Байпақ, өлең айта келдім саған,
Қалтаңда бір сом болса, берші маған!
Біржанды өліпті деп естігенде,
Сабаң мен азаң болсын салған маған.

КҮЛЕН-МАЙМАҚҚА⁴¹

Сен өзің туғаныңнан маймақ едің,
Есіл бойын Көкшолақпен жайлап едің.
Қаңғырып Қызылжардың көшесінде
Қылжаңдап арақ ішкен парнақ едің.

— Атандың дәулет бітіп Күлен-Маймақ,
Жігіт болар, мінекей, осындай-ақ.
Жігітке бақыт бітсе, гүлденеді,
Кешегі қалыбыңа тартпа бірақ.

ШОРМАННЫҢ МҰСАСЫНА¹⁷

Ассалаумағалейкүм, атың Мұса,
Жүзіңді бір көруге едім құса!
Қуандық-Сүйіндіктің қазығысың,
Кешегі өтіп кеткен әкеге ұса.

Шорманнан туған екен төрт асылтас,
Дәуірлеп орнап отыр мал менен бас.
Мұстафа, Аужан, Иса, Мұса мырза,
Ығыңды паналаған дос пенен қас.

Атың Мұса болғанда, әкең — Шорман,
Артық қылса, әр кімді тәңірім қылған.
Өзің сұлтан болғанда, інің — болыс,
Егіз болып бар ма екен сендей туған?

Баласы Қожағұлдың Біржан салмын,
Адамға зияным жоқ, жүрген жанмын.
Өлеңнің бес-алты ауыз арқасында
Үш жүздің баласына ашына-жаймын.

Сіз шыққан арғы атаңнан шынжыр балақ,
Орнаған сізге бақыт аямай-ақ.
Мүсеке, сізге өтірік, маған шын,
Тай-құнан топтан озып, болдым саяқ.

Мүсеке, біздің әнге кенелерсің,
Әнімді естігенде бұлбұл дерсің!
Ән салсам дауысымды көкке шырқап,
Бұл үйдің сындырамын терезесін.

БАЛҚОЖАҒА⁴⁹

Балқожа, сенің әкең — Құдайберген,
Әрқашан жаман болмайд жақсыға ерген.
Кешегі жаңа закон шыққан кезде,
Оянай елге шығып бала берген.
Иіс-қоңыс, іріп-шіріп жатқанында,
Қолыңнан Азынабай ұстап берген,
Көтерем аусыл болған өгіздерше,
Жаңа шығып келесің биік өрден.
«Көн құрысса, қалпына барад» деген,
Атаңды мен қайтейін аштан өлген.

ТҰРЛЫБЕККЕ⁴⁴

Тұрлыеке, үміткерміз бір құдайдан,
Қарада хан өтпепті Абылайдан.
Тұсында Абылайдың құтпан болған,
Сөйлейін баян қылып Жолдыбайдан.
Сұрасаң руымды Алтай-Қарпық,
Мен келдім дуаныңа шеру тартып,
Алым жоқ, рамат та жоқ, ел жайында,
Шен алдың осы күнде, ол бір анық.
Болғанда өзің советник, Жүсіп қазы,
Әулие боламысың бұдан артық.
Мал мен бас, бақыт, өнер — бәрі түгел,
Теңіздің мұқитындай тұрсың шалқып.

АЛТЫН ҚЫЗҒА⁴⁶

Алтынжан, сен де Керей, мен де Керей,
Ән салсам бүлкілдейді айыр көмей!
Алтынжан, домбыраңды маған берші,
Тағы да істеп берер арық Керей.

Алтынжан, домбыраңды сұрағаным,
Домбыраң маған тіпті ұнағанын.
Құбылтып неше түрлі әнге қоссам,
Қояр еді жас бала да жылағанын.

Алтынжан, домбарыңды берсең маған,
Риза боп жүрер едім мен де саған.
Дәм жазып бір жат елге бара қалсаң,
Еске алып, барып жүрер Біржан ағаң.

ЖАНБОТА⁴⁵

Жанбота, осы ма еді өлген жерім,
Көкшетау боқтығына көмген жерің?
Кісісін бір болыстың біреу сабап,
Бар ма еді статьяда көрген жерің?

Қ а й ы р м а с ы:

Жанбота өзің — болыс, әкең — Қарпық,
Ішінде сегіз болыс шенің артық.
Өзіңдей Азнабайдың поштабайы
Қолымнан домбырамды алды тартып.

Тартса да, домбырамды бергенім жоқ,
Есерді поштабайдай көргенім жоқ.
Қамшымен топ ішінде ұрып еді,
Намыстан, уа, дариға, өлгенім жоқ...

Қ а й ы р м а с ы:

АДАСҚАҚ⁴⁷

Созады Біржан даусын қоңыр қаздай,
Басқаға бір өзіңнен жүрмін жазбай.
Бас қосқан мәжілісіміз болады деп,
Жанбота, мазамды алдың ала жаздай.

Біржанды өзің қойдың еркелетіп,
Салады Біржан әнді ентелетіп.
Есерге поштабайдай көз алдыңда,
Біржанды қойғаның ба желкелетіп?!

Қ а й ы р м а с ы :

ЖАНБОТАҒА⁴⁸

Жанбота, жоқтамадың, кетті кегім,
Өтпеді басқа елге болыстығың!
Неше жыл арасында өтсе дағы,
Бір жоқтар сүйегімді Иса інім.

**ЖАНБОТАҒА ТАҒЫ
БІР АЙТҚАНЫ⁴⁹**

**Бұрынғының биіндей би қалмады,
Бүгінгінің биінде ми қалмады.
Хатым — құран болмаса молдалардан,
Өлікке тамнан басқа сый қалмады.**

**Бұрынғының билері тамам болды,
Ендігінің билері жаман болды.
Арғымақтың аяғын арқан шалып,
Есек озып бәйге алған заман болды.**

ӘЙЕЛІ ӘПІШКЕ АЙТҚАНЫ⁶⁰

Үш жүзге бойың жеткен биік аршын,
Үш жүзден таңдап алған ғашық жарсың.
Именбей ақ төсіңнен аймалатшы,
Иіскеп шыбын жаным сая тапсын.

Жайлауы еліміздің — мидай дала,
Түріндей масатының күрең ала.
Ел кезіп, өз үйіме оралғанда,
Мұңдасым, көңіл ашар Әпіш қана.

Жылама енді, анасы, сен де бекер.
Біржанға уақыт жетті алыс кетер.
Артымда жастай қалған құлындарым,
Тірлікте әлі-ақ бір күн, өсіп жетер.

АТЫҒАЙДЫҢ ЕЛІНІҢ
АДАМДАРЫНА АЙТҚАНЫ⁶¹

Атығай қайран елім, қоныстасым,
Бар еді, құрбы-құрдас, шын мұңдасым.
Құданың құдіретімен уақыт жетті,
Барады алыс жолға ғарып басым.

Сәлем айт, Атығайдың баласына-ай,
Жасы кіші, жасы үлкен ағасына-ай.
Ортаңда түрлендіріп ән салғанда,
Біржанға қалушы еді таласып-ай.

Сәлем айт, құрбы-құрдас замандасқа,
Көп еді мұңдастарым ауылдаста.
Саулықта ойнап-күліп жүретұғын
Мұңшылдық түсіп тұр ғой ғарып басқа.

Қазғанмен су шықпайды қыр басынан,
Бір іліксе сөз қалмайды сау басыңнан.
Ер жігіт бір қисайса оңалмайды,
Басында жаңылған соң таубасынан.

ЖАНБАС СИПАР⁵²

Ұшына орамалдың түйдім сусар
Көп жылқы көкалалы көлде жусар.
Кешегі ел қыдырған есер шақта,
Ән еді Біржан салған «Жанбас сипар».

Деген соң біз қартайдық, біз қартайдық,
Белгісі қартайғанның серттен тайдық.
Қанекей, соныменен шыққан мүйіз,
Қасына сұлулардың көп жантайдық.

Берген соң тәңірім әмір, ақ бас болдық,
Бала мен ағайынға жақпас болдық.
Көрген соң көзі құрғыр шыдай алмай,
Ойланып адам ебін таппас болдық.

КӨКЕЙКЕСТІ⁶³

Ай қараңғы көрінер солған сайын,
Пенде азар кемеліне толған сайын.
Адамға ашу — пышақ, ақыл — таяқ,
Таяқ та мұжылады жонған сайын.

Мінгенім дәйім менің — күрең бесті.
Жүрісіне жануардың көңілім өсті.
Есіме сен түскенде, қайран елім,
Шығарған әнім еді «Көкейкесті».

Мінгенім ел көшкенде көкше бесті,
Жөкейден Мамай көлге елім көшті.
Есіме түскенінде құлындарым,
Елжіреп іші-бауырым жерге түсті.

ЖАҚСЫ МЕН ЖАМАН⁵⁴

Біреудің аспанда жүр даражасы,
Біреудің көкте қолы, жерде басы.
Жақсының жаман менен айырмасы —
Ойласаң, жер мен көктің екі арасы.

Жігітке ақыл — пана, уайым — қорған,
Сабыр сақтар жігітті қазған ордан.
Көрмегенді көрдім деп айтқан адам —
Білсеңіз, ол бір жаман хайуаннан.

БҮРКІТТІ⁶⁵

Бүркітті, асуыңнан талай өттім,
Қалың ну орманыңда сайран еттім.
Айнала Жөкей көлдің жағалауын,
Шіркін-ай, бір көруге арман еттім.

МӘТІ — ДӘУЛЕН⁵⁶

Ар жақта Керей Уақ, Мәті — Дәулен,
Сайланған жігіттікте бұл бір дәурен.
Ішінде осыншалық формың артық,
Жаратқан құдай артық жалғыз сәулем.

ТЕМІРТАС⁵⁷

Біржан деп атым шықты алты алашқа,
Құдайым берсін ғұмыр Теміртасқа.
Жасына алпыс бестің келгенімде,
Құдайым берді науқас ғарып басқа.

БІРЖАННЫҢ ҚАРТАЙҒАН ЖӘНЕ СЫРҚАТТАНҒАН
КЕЗІНДЕ ШЫҒАРҒАН ӨЛЕҢДЕРІ⁵⁹

1

Ал, дүние, өтеріңді біліп едім,
Білдірмей серілікпен жүріп едім.
Бұл күнде арық қойдан бағам кейін,
Үш жүзді сайран қылған Біржан едім.

Қарасу есік алды лайланды,
Бай қылмақ, кедей қылмақ құдайдан-ды.
Қамзолдай қысқа пішкен дөңгеленіп,
Дүние өтерінде шыр айналды.

Ағаш үй от жаққаным қобылап пеш,
Құдай-ау, ғапу етіп күнәмді кеш!
Теміртас, Асыл, Ақық — қарақтарым,
Байлаулы арқандағы қолымды шеш.

Теміртас, Асыл, Ақық қалдың зарлап,
Ежелден мирас екен зарлап қалмақ.
Көз көрген құрбыларға сәлем деңдер,
Дұғасын оқи берсін әдейі арнап.

Ел кездім кертөбелмен арықтатып,
Жақсыға сөз сөйледім анықтатып.

Үш жүздің ортасында Біржан едім,
Бұл күнде қойды құдай шалықтатып.

Теміртас, Асыл, Ақық балдан тәтті,
Кем қылмай өсіріп ем салтанатты.
Әкең ем аяйтұғын жаның ашып,
Шешсеңші, білегіме арқан батты!..

2

Саясы кем болады қу қайыңның,
Жігіттер керегі не құр уайымның.
Келгенде алпыс жасқа қонды қонақ,
Білмеймін не қыларын құдайымның.

Ақ үйдің ай көрінер маңдайынан,
Шешеннің сөз шығады таңдайынан.
Теміртас, Асыл, Ақық қарақтарым,
Сүйгізіп жүрсеңдерші маңдайыңнан.

Теміртас, Асыл, Ақық қарақтарым,
Үкідей жақсыларды балақтадым.
Бірге өскен құрбы-құрдас замандастар,
Есікке келе ме деп алақтадым.

Салғаным ағаш үйге взотты пеш,
Жаратқан мен пенденің күнәсін кеш.
Сан денеме қыл арқан жаман батты,
Қайдасың, Асыл, Ақық, қолымды шеш.

Теміртас, Асыл, Ақық балдан тәтті,
Қинауға салады екен адамзатты.
Үкідей желпіндірген қарақтарым,
Шешсеңші, білегіме арқан батты!

3

Арқаның түгел көрдім кәрі-жасын,
Ұмытпас құрбы-құрдас замандасым.
Ойланам, ауруымның түрі жаман,
Біржанның кім ұстар деп домбырасын.

Арудан ақыл кетіп адасам ба?
Жақсымен бұрынғыдай жанасам ба.
Білмеймін бұл арудың не қыларын,
Егерде алам десе таласам ба?

4

Жәкейдің ат суардым тұнығына
Ажалдың кім ілінбес құрығына.
Кешегі ел қыдырған есер кезде,
Қызыл су жұқпаушы еді жұлығыма.

Туған ел, көрші-қолаң қоныстасым,
Нағашы, қайын жұртым, ауылдасым.
Аз күнде алыс жолға сапар шегем,
Аман бол, бәрің-дағы бауырласым.

Қара нар жүк көтермес саздаған соң,
Су шықпас ойпаң жерден қазабаған соң.

Жете алмай мұратыма болдым қапа,
Тағдырда хақ-тағала жазбаған соң.

Жұрт қойған «Біржан сал» деп атымды атап,
Олжаға батушы едім қысырақ матап.
Елімнен озып шыққан ақын едім,
Біржанды сырқат деген шыққан лақап.

Секірткен тау мен тасқа қарақтарым,
Дүниеде баға жетпес, шырақтарым.
Сол құдай, Шөжені алған, мені алмай ма?
Тиыш болар бір аздан соң құлақтарың.

Теміртас, Асыл, Ақық, затың басқа,
Құдайым өмір берсін Теміртасқа.
Келмейді көп айтуға менің шамам,
Сәлем айт, құрбы-құрдас замандасқа.

Алдымда шам-шырағым, Теміртасым,
Тілегім сенің ұзақ болсын жасың.
Хош болыңдар бауырым, балапаным,
Байқаймын ажал шіркін құтқармасын.

Білмеймін таң атып, күн батқанын-ай,
Аяқ-қолым байлаулы жатқанын-ай.
Үш жүзге мәлім болған Біржан едім,
Дариға, қолға арқанның батқанын-ай.

Теміртас, Асыл, Ақық қарақтарым,
Алдында жақсылардың бұлғақтадым.
Өгіздей өрге тартқан әкең өлсе,
Не болар сонда күнің, шырақтарым.

БІРЖАНҒА ХАТ⁵⁹

Мінсе берік, шапса жүйрік қазан атым,
Құлақ сал «Телқоңырға» жамағатым.
Баласы Қожағұлдың Біржан салға,
Жіберген хат пен қалам, аманатым.

Мінуші ем кербестіні жылқы жия,
Біржанға арнап ақ қағаз, алдым сия.
Сібір мен Орынборға атым шыққан,
Баласы Басығараның Қанапия.

Тас бітер тау басына қия-қия,
Қолыма қалам менен алдым сия.
Әдейі үш-төрт ауыз Біржанға арнап,
Сөз жазған осылайша Қанапия.

Айтыстар

Біржан мен Сара



БІРЖАН МЕН САРАНЫҢ АЙТЫСЫ⁶⁰

1898 жылы басылаған алғашқы нұсқасы.

Қызы екен Тастанбектің ақын Сара
Бәйгеден күнде келген жалғыз қара.
Қыз да болса адамның жүйрігі екен
Көрмедім сөзді адамды ондай дана.
Қызы екен ақын Сара Тастанбектің
Жақыны, заты Найман, Маман, Толқын,
Есімбектің,

Сауық қып Садыр — Матай жиылысып
Аулына алдырыпты Тұрысбектің.

Аулына Тұрысбектің Сара кепті.
Өлеңді жүндей сабап дүрілдетті.
Сол кезде он жетіде ақын Сара
Жел сөзге адам болмас одан епті.

Сараның атын білед Арғын-Найман,
Жүйрік шыққан аталық Қаптағайдан.
Баласы Қожағұлдың сері Біржан
Сараны іздеп шықты әлдеқайдан.
Елі Керей Біржанның ұраны Алтай-Қарпық,
Қызыққа тірлігінде жүрген батып.
Атасы Алтай-Қарпық, елі Арғын,
Сауықпен жүрген сері дүрілдетіп.

Сараны есітіпті Біржан анық,
Бұған да жүрген жігіт өнер дарып.
Құдай берген дәулетті аясын ба,
Шығыпты он бір жігіт жолдас алып.

Серілік құдай салған мұндай өнер,
Пендеге әр не болса тәңірім берер.
Мың жарым жылқысы бар атасының,
Уақыты екен отыз сегіз жасқа келер.

Келеді он бір кісі жолдас алып,
Дулатып түрлі-түрлі әнге салып,
Ат жіберіп Сараны алдыртуға
Аулына Тұрысбектің жеткен барып:

— Сара да болар — дейді — сөзге тығын,
Айтысып Сараменен қылсақ шығын.
Найманның асыранды бұлбұл құсы
Сараның айттырармын барлық шынын.

Баралық Тұрысбектің ордасына
Сараның қоямын ба болмасына.
Он бір кісі жолдасым ертең түсте
Біржанның қарық боларсың олжасына.

Арғыннан артық болды салған әнім,
Наймаңға Арғын түгіл болды мәлім.
Ән салып тоқсан екі түрлендіріп,
Найманның бір жияйын тірі жамын.

Сара да жетік дейді сөйлер сөзге.
Найманда аты шыққан осы кезде

Ауызын қарсы келсе аштырмаспын,
Адамға мақтанар ол менен өзге.
Бөденедей қырғи алған жұмарлармын
Құдайым уақыт берсе енді бізге.

Алқисса Жүсіпбек қожаға Сара қыздың Біржанмен айтысқанын Сара өзі аузынан осылай деп бастан-аяқ баян қылғаны айтысқанның келер жылында. Сараның сөзі:

Қызы едім Тастанбектің атым Сара,
Ішінен ер Қаптағай шықтым дара.
Он үште домбыра алып сөз сөйлеп ем,
Келемін бір сүрінбей жеке-дара.

Қолдай көр, ер Қаптағай, ата-бабам,
Сөзімді тыңда, құрбым, келсе шамаң.
Ақсүйек пайғамбардың тұқымы деп,
Сөзімді естірткелі келдім саған.

Тақсыр-ау, күні құрсын ұрғашының,
Билігі болмаған соң бір басының.
Тері-терсек берген соң ит те алады,
Бұлындай берекесіз арбашының.

Әкемнің төрт түлігі бәрі де сай.
Алты ауыл аруақты үш ағам бай.
Бұраңдап асау керей жүрсем-дағы
Тоқтыдай бөрышқа кеттім уа дариға-ай.

Баста құдай бұйыртпаса, нәсіп етпес
зарлағанға.

Тұңғыық сезім терең барлағанға.

Тақсыр-ау, он жетіге биыл жеттім.
Сан жүйрік ілесе алмас самғағанда.

Хан, қара шаршы топта сөз сөйледім,
Көз көрмей, бәрі бекер нанбағанға.
Бөденедей қырғи алған жұмарлармын
Құдайым қуат берсе шыбынжанға.

Арсалаң, Саниязбек іздеп келіп,
Шошыған жүгірістен танбағанға.
Сөйледім қаз мойынды жарма-жалмен
Әкеме ұлдай боп ем біткен малмен.

Аулында Тұрысбектің сөз сөйлестім
Баласы Қожағұлдың Біржан салмен.
Үйінде отыр едім Тұрысбектің,
Бұл үйге құдай айдап дұрыс кеппін.

Қасында жеті-сегіз жат кісі бар,
Сөйлес деп даусы шықты Жүнісбектің.
«Бұл үйде кім бар?»— деді келе сала-ақ.
Отыр ем домбырамды қолыма ала-ақ.

Есімбек, Мамап құтым, ер Шерубай,
Қасына еріп келген өңшең мапап.
Кісі екен отыз екі жолаушымен.
Ақ үйдің жабығынан көрсем санап.

«Сүйінші, іздеген қыз осында»— деп,
Біреуін тонап жатыр жаудай талап.
Сырлаған домбырасын қолына алып
Ән шырқап қоя берді жүндей сабап.

Біреуі атын ұстап тұр шаужайынан,
Сөзінің білдім Біржан ыңғайынан.
Толықсып — төңкеріліп ән шырқап тұр
Сүйтсе де шошымадым айғайынан.

С он да Бі р ж ан ны ң қ ы з ды
ш а қ ы р ы п а й т қ а н с ө з і.

Бұл үйде Сара бар ма, келсін бері,
Іздеген келіп тұрмын Біржан сері,
Жолықпай сөзі өктемге жүрген шығар,
Ауылында Тұрысбектің өлер жері!

Сайраған Орта жүздің бұлбұлымын,
Арғынның, Алтай-Қарпық — ақтан кері.
Барабар сөзі теңдес адам болса,
Көкілімнің тарқаушы еді қайғы-шері,
Қырандай аспандағы желді күнгі.
Дауысымның көтерілер шықса тері,
Болжаған жер шаршысын майталманмын,
Жасымнан маған мағлұм қыз не дері.
Алтын менен күмістің нақысындай,
Міні жоқ, бізден шығар сөз бедері.
Шатыр тік көк майсаға, бір тайды сой,
Кешікпей үйден шықсын болса өнері.
Ақ иық мұз балақпын жерге түспес,
Кең қолтық арғымақпын алқымы іспес,
Басайын аптығыңды, тез шық, Сара,
Сен түгіл әкеңдеймен болдым істес.
Бұл үйде Сара бар ма, отыр нағып?
Қарсы ұшпай тоты құстай қанат қағып,
Жел қабыз, жез тағалы еңреумін,
Қара тер шыққан сайын кетем ағып.

Ғаламға машһүр болдым өлең жаттап,
Қысқартам адымыңды бір-ақ аттап,
Ұялып үлкендерден отыр едім,
Айғайлап ұран салды «Қарқабаттап».

С а р а н ы ң с ө з і:

Көктемде Тұрысбектің ауылында,
Көруші-ем істің қиын, ауырын да,
Біржанның төңкерілген әніменен,
Ешкіөлмес ел жиылды бауырына.
Арындап дәуірлейді барған сайын,
Екпіні соққан желдей, көрдім жайын.
«Шырағым Сара, саған не болды» деп?
Есімбек шыға келді, ағатайым.
«Шырағым, Арғынға орай бар ғой Найман,
Бала едің атағыңды жұртқа жайған,
Кең жерде келістіріп душар болмай,
Қапыда хажы үйінде келді қайдан.
«Тартынба, енді балам», деді хажы,
Адымың аттан артық, шықты тайдан,
Сөзі бұзық антұрған көрінеді,
Бар еді бір кісідей өлеңге айлаң.
Аптыққан қу Арғынды бір дөңгелет,
Ағаңа осы болсын тиген пайдаң.
Өнері ұлдан артық қарағым-ай,
Тұрайын мен де тілеп бір құдайдан.
Хажының әлгі сөзі болды себеп,
Қолтықтап көтере көр аруақ демеп,
Дулат, Сабыр, Кеншімбай, Сұртай, Жылтыр,
Жанұзақ, қолда деді, бәрің демеп.
Аспаннан бойға түсті ғайып пірім,
Даусыма жаңғырығар тұрған жерім.

Ән шырқап ақ ордадан шыға келдім,
Көрген соң аттан түсті Біржан серім.
Қозғадым қырмызыдан сөзді талдап,
Басында баяуладым Біржанды алдап,
Төрт қызы Тұрысбектің қасыма ерді,
Ақ үйден шыға келдім «Найман шалдап».
Таңданып жиылған жұрт қарап тұрды,
Қыз да болсам Біржанға балап тұрды,
Қамшат бөрік, күлдері белбеуі бар,
Көк торғын шапанды адам қарсы жүрді.
Түрінен мен таныдым осы Біржан,
Сандалтып орта жүзді өнмен қырған,
Сарысұр адам екен тым өңді емес,
Құбылар тоты құстай әлгі антұрған.

Б і р ж а н с а л д ы ң а й т қ а н ы :
Осы ма — деді — Матай бұлбұл құсы?
Көп сұрап жаңа таптым жазы-қысы.
Әуелі қазақшалап көрісейік,
Шырағым, берірек кел, жасың кіші.

Баласың менен көрі жасың кейін,
Ежелден менің сөзім қызға бейім.
Бері кел замандасым, Сара жазған,
Тоқталып бөгелесің неге кейін.

Мен Біржан қызға барман аяғымнан,
Шын қызсам дәуірлеймін баяғымнан.
Бері кел, ұрғашылық қылма жаным,
Дәндеме наймандағы саяғыңнан.
Найманның болады екен қызы надан,
Үлгісіз қалай халық түрі жаман.

Ағаға іні келер біздің елде,
Көп боп па, сұрасуға есен-аман.
Баласы Қожағұлдың Біржан салмын,
Сен түгіл сенен артық құмар маған.
Жалымнан ұстаған қызда арман қалмас,
Жібек жал арғымақпын тұмарлаған.
Еркек тілін алмайтын жының бар ма?
Адам деп сөз айтамын Сара саған.

С он да қ ы з д ы ң б е р г е н ж а у а б ы :

Жалынмын жанып тұрған нәсерге өшпес,
Болатпын екі жүзді алмас кеспес.
Жөнімен сөздің жөнін сөйлеу керек.
Сандалып Арғынмын деп қылмай егес.
Ей, Біржан, кімге дәрі амандығың?
Сөз білсең бұ да сенің жамандығың,
Қыссасул-анбиядан көрмеп пе едің,
Белгілі мағлұм болды надандығың.
Адамды топрақтан жаратқан хақ,
Надандығың білінді бұл сөзге бақ.
Хауаға бұрын барған Адам ата,
Естігенің жоқ па еді мұны да ахмақ.
Данышпан білгіш қой деп ойлаушы едім
Арғында жүр екен ғой жоқты мақтап.
Найманда екі жүзді нар кескенмін,
Желкеңді қимақ үшін қойған саптап.
Тоzaңың анда-санда бір бұрқ етер,
Саулатсам бейпіл желді екі жақтап.
Күн көргелі келдің бе құрдым Арғын,
Жинауға сынық малта Найманды ақтап.
Артыңның ашыларын білмейсің бе?
Көрпеңді көсілсеңші бойға шақтап,

Жерге кіріп кетерсің жынды антұрғаш,
Шын қазсам асты-үстіңді жездей қақтап.
Делбелігі емес пе Біржан салдың,
Кісісін жеңетұғын жаңа таптық.
Талпынған жас баланың білегіндей,
Қолымнан ұстатпаймын сен итке аппақ.

С он да Бі р ж ан с ө й л е й д і :

Жіберді домбырасын көкке сермеп,
Ағытты түрлендіріп әннен өрнек.
Сөзіме ызаланып алғаннан соң,
Дауысқа салды Біржан аспанға өрлеп.
«Мың жарым жылқы біткен Қожағұлға,
Сөйлеткен сені балап қазақ ұлға,
Асықша ақ жамбыны сұлуға аттым,
Тиінім шыққан емес сендей тұлға.
Сайратқан Орта жүздің бұлбұлымын,
Қызығып жүргенім жоқ алар пұлға,
Күшігін асыраған ұрғашы иттей,
Азғындап шөктің Сара жылдан жылға.
Қырсығың өз басыңнан арылған жоқ.
Тегістеп айыбыңды тізсем қылға.
Қолыңнан ұстатпайтын ерке болсаң,
Күлімсі әкең неге берді құлға.
Бар екен жаннан артық сөйлер сөзің,
Сүйенген қызыл тілге шын сорлы өзің,
Қолға түскен қалмақша ықтиярсыз,
Төрт болар құлға барсаң екі көзің.
Сөзіңе таң қаламын сынай алмай,
Айтқаным кетті саған ұнай алмай,
Көзіңді күшік құрлы бір ашпайсың,
Қортиған шірігіңді құдай алмай,

Есекке қосақтаулы бір қашырсың,
Күң сырын көпке жаяр жылай алмай.
Құшақ толар еркекке арапшың бар,
Сәнсисің күйгеніңнен шыдай алмай.
Жан жетпес ән-жырымның өрісіне
Құданың ризамын берісіне.
Сықылды қортық тайша бармақ байың,
Бір қойдың сыяр тұлып терісіне.
Алыстан түлеп ұшқан тұз құсындай,
Біржанның жұрт таң қалар келісіне.
Қайғылы қара кемік байтал түгіл,
Арғымақ ат шыдамас желісіме.
Бәйге аты серпуіме шалмайтұғын,
Әрқашан жұрт таң қалар жүрісіме.
Мойыным жүзген қаздай иіледі.
Орта жүз ән шырқасам сүйінеді.
Арғынның жалғыз тоны қолға түссе,
Төрт Найман орта бойлы киінеді.
Найманда байлық бар ма біздің елдей?
Жүрсем де адам боламын мұнда келмей.
Қыз сөзін кек көрмейтін сайтаным бар,
Онымды тастамаймын өзім өлмей.
Атадан Біржан сал боп тудым артық,
Ұраным «Ер Қарқабат, Алтай-Қарпық».
Аққумен аспандағы ән қосамын,
Қозғасам ащы күйді түптеп тартып.
Қырмызы, асыл бекзат бір мінезім,
Кетер ем еркек болсаң бір-ақ тарпып.
Қыз итті сыйлайтұғын бір мінезім,
Самғаймын бәйге атындай артып-тартып.
Көкшетау дуанына даңқың барған,
Мен Біржан алтын тудай айқындаған.

Естігелі, Сара сені, үш жыл болды,
Сері едім төңірекке құлаш жайған.
Түлкінің жүгірісін қыран байқар,
Ұялсаң, сөзің емес маған айтар,
Қанды көз, май жеп алған, ақиықпын,
Сен түгіл қасқыр көрсе бірақ шайқар.
Қайтару сұрамаймын келсе әнім,
Қыз сөзін парық қылмайтын ескі заңым,
Күнінде он көрінсе айнымайтын,
Көк төбет болды деме мені жаным.
Төстіктен жұрт таң қалар көргеніме,
Жеңбәсем қуанбаймын келгеніме,
Ақ марал, осы жолы жығылмай кет,
Алтайдың душар болдың мергеніне.
Өзімдей бір басты адам сөз білмейді,
Құданың мың шүкірлік бергеніне,
Қыз сөзі батқап сайын жаным кірер,
Қарамай, қатты сөйле, өлгеніме.
Адымым күні бүгін қалыбында,
Екі жыл отыз беске келгеніме.
Қуырылып апшымның қай сасқаным,
Өтірік ентелетіп желгеніңе,
Көзімнің Көкшетаудан қыры түсті,
Аталық Қаптағайда жүргеніңде,
Аю болсаң басамын «аф» дегенде
Түспеймін жаман құстай көргеніңе.

С о н д а С а р а н ы ң а й т қ а н ы :

Әй, Біржан, жасың үлкен, өзің аға,
Қымбаттығым белгілі білсең баға,
Қамиясты терең көлдің сұқсырымын,
Қаңғырған ілдірмеймін қаршығаға,

Ежелден сен белгілі желді көрік,
Таң қалдым сәулетіңді сенің көріп,
Сені айдап ажалыңа алып келген,
Құт Маман, ер Шерубай қасыңа еріп,
Сөйлетпей шыға сала кеттім дерсің,
Түрімді көрсстейін сөйлеп беріп.
Қарны ашқан қырсығы бар еркек мысық,
«Сасық» дер аузы жетпей, майдан жеріп.
Кездеспей мен сықылды өнерпазға,
Дәндеме жүрген күңнен тезек теріп.
Өлеңді қолқа қылсаң ағытайын,
Самарқан жібегіндей оннан өріп.
Әншейін сыпайы деп қимай тұрмын,
Көзіңді төрт қылар ем иттей керіп.
Сөзбенен жеңемін деп ойламаңыз,
Бір жерден мүдірер деп көңіл бөліп.
Тіліңді тарта сөйле, Біржан батыр,
Жарамас жүдеп қайтсаң, іздеп келіп.
Тартылып таразыға тең келмейсің,
Тірілсең ертең кешке, бүгін өліп.
Аргынның тантақтығы міне осындай.
Кім байқар ер қадірін сөз қосылмай.
Жай тастап құшағымды кең созамын,
Сен түгіл әкеңнен де бір шошынбай.
Күшпенен көндіремін болмасаң да,
Түстеніп тамақ жерсің, қопбасаң да.
Аптығып ақынсынып сандырама,
Ойлайсың артықпын деп оңбасаң да.
Найманға жалғыз тиын керегің жоқ,
Келесің қайыр сұрап анда-санда.
Мен пәлен дегеніңе сескенбеймін,
Шошыр деп қоразданып алдасаң да.

Ақыр өнер барынша байқасармын,
Өзіңді өзің мақтап арбасаң да.
Қарамды әр-берден соң бір көрмейсің
Соңымнан үмітті боп қалмасаң да.
Тоймайтын жеті басты жалмауызсың,
Ескі-ұсқы елден жиып алмасаң да.
Қуып жетіп озармын Найман шалдап
Пысықсып ап дегенде самғасаң да.
Ей, Біржан, ділмәрсімай жүр жайыңа.
Әке десең көнбеймін ыңғайыңа.
Жауды аяған жаралы болар деген,
Шын тілеп сөйлейінші құдайыма.
Жылқының арығындай Арғын кедей,
Тойғансып мәз боласың ішпей, жемей.
Құр айғай салғаныңа кім шошиды,
Жеңермін иттей қылып, адам демей.
Найманның аруағынан кет садаға,
Әзәзіл бола берме екі араға.
Жанақ та қобызымен түк қылған жоқ,
Оңай ма сендей сорлы бишараға.
Орынбай іздеп келіп кеткен қаңғып,
Жеңген жоқ Кеншімбайды о дағы аңдып.
Жанақ қашан жол алды Сабырбайдан,
Жамаанын көтереді Арғын сән ғып.
Біржанды әке десе менсінбеймін,
Жаратты қыз да болсам сонша паң ғып.
Жынды бота сықылды бір делбені,
Құдайым тірі қойған несін жан ғып?

Б і р ж а н н ы ң а й т қ а н ы :

Арғынға жете алмайды Найман өлмей,
Ежелден артық туған теңдік бермей.

Жеңбесем осы жолы Сара сені,
Өлгенім жақсы емес пе үйді көрмей.

С а р а н ы ң а й т қ а н ы :

Ей, Біржан, өнер бітер қай жеріңе?
Бұл жолы пайда ілінбес құр теріңе.
Жеңбек түгіл келмейсің ширегіме,
Әкеңнің менен қорықсаң кір көріне.

Б і р ж а н н ы ң а й т қ а н ы :

Арғынның көз жеткісіз аймағы бар,
Төңірек жеті дуан ойнағы бар.
Кім жетер Жанайдарға Алтайдағы,
Алты жүз жас бота мен тайлағы бар.
Шалқыған Жәнібек пен Тұрсын, Жанай,
Ит қосты Нұрмұхамбет, Досан, Қанай,
Солардың хисабына көз жетпейді,
Ол түгіл бір Шақамдай болсаң қалай.
Қаржаста бір құтым бар Мұса, Шорман,
Үзілмей келе жатыр ескі қордан,
Қажының белбаласы Садуақас,
Құтқарған сан қыранды түскен тордан.
Ұл туған Қазанғаптай ата ұлынан,
Тұқымы декдар шыққан жатынынан,
«Полковник» шен алады туа сала,
Шырылдап туған бала қатынынан.
Шыныбай асып еді, пір шағында,
Жан жетпес ер Қажекем аруағына.
Жамантай, Құсбек, Шыңғыс, Сартай төрем
Ілінген талай Найман қармағына.
Тәттімбет ардагерім Арғын асқан,
Қырық түрлі күй ілінген бармағына.

Ежелден әрі баймын, әрі молмын,
Шын қызсам шыдамайсың зардабыма.
Адамның ақиығы хажы Құнанбай,
Сан жүйрік сау кеткен жоқ бір сыналмай.
Найманның әулиесі батыр Барақ,
Ішқұста болып кеткен түк қыла алмай,
Ыбырай жас жолбарыс білектенген,
Дұшпанға арыстандай жүрсктенген,
Өзінің заманының бозбаласы,
Перінің жігітіндей іргектелген.
Ей, Сара, қайсының бар оған жетер,
Өнерін көрген жанның есі кетер.
Адамның жалғыз басты білімдісі
Оны да жамандамас Найман бекер.
Орта жүз Абай қойды атын батпай,
Үйіне ояз кірмес жауап қатпай,
Арғынның асылдығы міне осындай,
Наймандай ағайынын жүрген сатпай.
Бар болса, бұған орай қоймай сөйле,
Әйтпесе сөзіңді қой босқа шатпай.

С а р а н ы ң а й т қ а н ы :

Ей, Біржан, сөз сөйлейін анықтатып,
Көңілің ауырмасын, қабақ қатып,
Көкшетау, Қызылжарда талай Арғын,
Күн көрген жанын жалдап, жатақ жатып,
Найманның қай жерің бай мақтағанмен,
Тентіреп нан жемейміз шілік сатып.
Бармаған соң жайымды білмейді деп,
Құр босқа мақтанасың тәңірі атып.
Найманда, Қаракерей, Сыбан, Мұрын,
Жеті ата Жолымбетке құйған нұрын,

Шерубай, Тана мырза, ер Тәуке-бай,
Қай қазақ сөз бастаған онан бұрын.
Баласы Қозыбайдың Тілеуберді,
Алихан оның ұлын әркім көрді.
Құдайдан қорыққан Арғын осал демес,
Қарадан хан боп шыққан Қисық ер-ді.
Жан жетпес Бабатайға Жалбы Жанақ,
Аққожа би, Ақтайлақ асқан манап,
Ақтамберді, Алтыбай, Ырайымбет,
Дұшпанын қуалаған қойдай талап.
Кенжеқұл, қазақ жетпес бабасына,
Төрт арыс билік айтқан баласына.
Байтұқа, Кеңесбай мен Құт Данияр,
Тұңғыық сөздің сөйлер шамасына.
Арғын жоқ мақтанғанмен Тойғылудай,
Қор құйған қыдыр келіп сабасын-ай,
Бірін-бірі аңдыған қу Арғынсың,
Мақтанған мінсең орыс шанасына,
Екі жыл бақ айналса біреуіңе,
Қайдағы жаулық қылған данасына.
Арғында кісілік жоқ мен білмейтін,
Қарны ашса қарамайды анасына.
Кім жетер Қабанбайға дуа қонған,
Үзілмей тұқымына қуа қонған,
Қожағұл, Әлі, Жәкеш, ер Әділбек,
Сүлеймен оның ұлы шықты соңнан.
Бұтабай, Байжігітте, құт Шиямбай,
Сасан би, шапты Кенже жауға аянбай,
Шынымен құлаш ұрып самғай берсем,
Қаласың жетпек түгіл бір таянбай.
Таласпас, Танекенің жан бағына,
Жеңермін егер тартса іс ағына,

Шетінен қыдыр қолған өңшең құтым,
Мың-мыңнан құт тастаған арт жағына.
Арғынның болад дейді қызы сойқы,
Шот маңдай, негі ұзын, мұрны көйкі.
Бұйра шаш, дөң жаурын, қысқа тұмсық,
Дорбелжі дорбиған күң ойқы-шойқы.
Жігіті Қоқандықтың аңлағандай,
Аптығар өрттің шалқып жанғанындай,
Асыққа ақ жамбыны ертіп құйған,
Найманның жігіт қайда Бағланындай.
Екі ауыз ән білгені ақынмын дер,
Қыдырдан түсте бата алғанындай.
Ұятсыз сіздің елдің бәрі даңқой,
Айтпасаң мұнан басқа қалғаныңды-ай.
Қапыда қалдым деме, ақын Біржан,
Қоңлдіңнен қоймай сөйле арманыңды-ай.
Сара ақын екеніне көзің жетпей,
Осында қайдан білдің қармануды-ай.
Найманнан жылда тойып кетсең-дағы,
Қоймайсың жылда келіп жалмануды-ай.
Елу күн ғайып білген сұсты құспын,
Білмеймін, экеңнен де алдануды-ай,
Өзіңді ата қылдың, құс та қылдың,
Жайымды адам күймен атайын мен.
Өнерге екі жағым бәрі бірдей,
Құр босқа бөгелемін келіспей нем.
Сайраған бүтін Найман бұлбұлымын.
Ұрғашы ғой демесең, қай жерім ксм.
Құдай талап бермесе сүйегіне,
Жабайы тұлпар болмас жегенмен жем.
Арғымақ ғиялының артығымын,
Он күндей тынбай шақсам бір алмас дем.

Өз басым ұрғашының қара тілі,
Иранбақ бет бітісім қызыл гүлі.
Біржан сал, құдай айдап өзің келдің,
Іздеуге ойланып ем өткен жылы.
Майысып нәзік белім бұраң қаққан,
Қырық түрлі, дана кеудем өнер тапқан.
Сөйлесе май тамызған бұлбұл тілім,
Сықылды кәуһар сағат нақыс шапқан.
Ажымсыз он саусағым бәрі де аппақ,
Болғанда аузым сағат, ернім қақбақ.
Міні жоқ отыз тісім меруерттей,
Ерінбей тіздіргендей адамзатқа-ақ.
Мойыным сұңғағындай жүзген қудың,
Лебізім шырынындай шарбат судың.
Қаққанда төңкерілген қас бітімім.
Ашылған айбатындай жібек тудың.
Қырмызы қызыл жібек маңдайым кең,
Арғынның құдай кәне, қай қызы тең.
Тал бойым ұзын да емес, қысқа да емес,
Азар дұшпан болсаң да қай жерім кем.
Тамағым жас баланың білегіндей,
Иығым нақ сандалдың тірегіндей.
Бет алдым қоңыр қаздың кеудесіндей,
Тал бойым жолбарыстың жүрегіндей,
Арғынды мақтасаң да артық Найман,
Жетпек тұрсын байлыққа өтті Найман.
Бұралқы елге сіңген күшік иттей,
Бай болсаң мұнда Біржан, келдің қайдан.
Найманның Арғын жетпес қоғамына,
Қаласың бекер мақтап обалына,
Базарда қымыз сатып күн көресің,
Естимін таянды деп жоғалуға.

Мақтанып жоқ нәрсеңді айтпа маған,
Рас жаным ашиды Біржан саған.
Сөз білсең көп таласпа меніменен,
Алысып құр қу даңмен қалмас бағаң.
Ей, Біржан, шыдамаймын қылығыңа,
Мақтанба Құсбек, Сартай ұлығыңа.
Үстіне Жамантайды сомдап қоссаң,
Барақтың пар келмейді сынығына.
Ұстаған Тобықтыға дүре соғып,
Аққан қан ат суарған тұнығына.
Қапанның Байқарамен қосы қонса,
Жетпеген қалың тоғай қорығына.
Қазбек Құнанбайды найзалаған,
Төрем түгіл Төленгүт, жорығына.
Садырбай, Жаманбала, Арқабайым,
Төл емген екі енені марқадайын,
Есілге, Едіреймен қамалған қу,
Көкмайса жерің бар ма Арқадайын.
Ақ Найман Қожамбетке Арғын жетпес,
Төрт ру Қаратайдан қазақ өтпес.
Көкжарлы Сары, Жомарттай қайсының бар,
Қызығы Мысыр, Шамдай естен кетпес.
Есігі іргенекті жатыр талай,
Ойласаң есің шығар санай-санай.
Бора батыр көптігі толық дуан,
Атасы әулие өткен ер Қонақбай,
Дәулетке Бора-дағы артық асқан.
Кім баймын дегенменен жағаласқан.
Жаяубайлар көрді ғой малдан ыза,
Қозғалып көшіп жұртқа жете алмастан.
Қайсы Арғын жетеді Аман, Көшеріме,
Мен дайын сөзді қалай десеріңе,

Кең қолтық өзім теңдес кез болмаса,
Алтайдың көзім толмас есеріне.
Түйкі мен Жоламандай тумас қазақ,
Дұшпанын беттетпеген жүндей сабап.
Менімен айтысуға қайда жеттің,
Жыл сайын мүжуші едің сүйек қажап,
Қоңырға жан теңселмес Бәкешпенен,
Құр айғай түк өнбейді егеспенен.
Түнеп қыдыр қонбаған Ыбырайға:
Күн өтті тойсам деген өңешпенен.
Ел арытпас Серікбайдың жарлығынан.
Құт болды бас қыдыры барлығынан.
Мақтаған Ыбырайың дәнеңе емес,
Бүлінді бар Тобықты пандығынан.
Наймандай, Арғын болмас қоңыр майда,
Ел тоқтар бір мінез жоқ Ыбырайда.
Қазақта өнері асқан ер болғанда
Бағланы Жігітектің кетті қайда.

.
.
.
.

Сал Біржан, мақтансаңшы түбін ойлай,
Арғынның бәрін білем бірін қоймай.
Күнінде-ақ болып тұрған ел бүлінді,
Тобықты быт-шыт болды үріккен қойдай.
Быт-шыт қып Тобықтыны тентіретті,
Түбіне аяғында түгел жетті.
Елге құт, берекелі кісі болса,
Маңғазы Шекетайың қайда кетті.
Өнердің күш көрерсің өкімінен,
Сезімнің түйсең керек секілінен.

Жарыған жалғыз Арғын көрінбейді,
Жас қызын ұстап берген кекілінен.
Түйеше құр бойыңа сенесің сен.
Қара керей Матайға жау болған жоқ,
Барақтың артық қайрат етуінен.
Ісің жоқ Найман қуып жетуінен.
Тойғұлының асында бәйге тікті,
Тоғыз қыз Арғын берген жетімінен.
Төлеуші ең бір түйе ұрлап екі бала,
Антұрған ұялмайсың бітіміңнен.
Құтырмай жайыңа жүр жынды делбе,
Келіп кісі болмассың біздің елге,
Сыр білмейтін жеріңе мақтана бер,
Бұл жақта құр айғайың кетер желге,
Ей, Біржан, көңіліңді тындырайын,
Аруақ пенен құдайға ұрдырайын.
Найманда түлеп ұшқан ақиықпын,
Топшыңды қанатыммен сындырайын.
Құнанбай не себепті Омбы барған,
Ер еді өз басы әділ қылды жарған.
Ел тоқтап сасқан кезде ұйытқы болар,
Баласы жоқ ақ дейді оңды болған.
Ей, Біржан, бұ да жетер бір басыңа,
Құл болып одандағы тұр қасыма.
Сен дағы жас күніңнен ардакерсің,
Құрбың мен жеткізбеген құрдасыңа.
Әуенің жез сырнайдың көмейіндей,
Әніңнің қазақ жетпес бұрмасына.
Ақын емес жігітсің әңгімешіл,
Мұныңмен шыға алмайсың қыр басына
Он Жанақ, он Орынбай жолдас алсаң,
Мен кепіл сен жеңілмей тұрмасыңа.

Есің бөлсе, осымен тоқта Біржан.
Арғынды бос қаздырмай ұрғашыға.

С он да Бі р ж а н н ы ң а й т қ а н ж а у а б ы :

Құтыма тіл тигізбе, ер Құнанбай,
Алашқа аты шыққан кер бұлайдай,
Ескермес он ақынды есіл басым,
Қадалдың маған Сара сұр жыландай.
Сен түгіл жеткен емес еркек қуып,
Төмен болған жерім жоқ, өзім туып,
Шынымен жайнаң қағып самғағанда,
Тұсыма келген емес адам жуық.
Менсінбей қапы болып өкінермін,
Бізғарлы көрінеді сөзің суық.
Болдырып түстен кейін сандырарсың.
Байталсың қапелімшіл бір жел қуық.
Барынша өнеріңнің аянбай сал,
Көңілімді көтермей-ақ сөзбен жуып,
Мені қалай сен бала кемітесің,
Жорғамын сарынымен самғайтұғын.
Бәйге аты серпілімді шалмайтұғын.
Әнімді он екі взвод жіберемін,
Есіңнен өле-өлгенше қалмайтұғын.
Ежелден құлаш мойын көк айылмын,
Ылауға жеті күнге талмайтұғын.
Болатпын екі жүзді жетем құрыш,
Күйсеуін шапқан түйе танбайтұғын.
Гауһармын бозбалаға сәуле берген,
Дәндеме жаманыңнан жанбайтұғын.
Ой желке, қамыс құлақ қара көкпін,
Тұнықтан жүзіп ішпей қанбайтұғын.
Ұрғашылық қылмасаң бір басыма,

Қазақ жоқ Біржан десе нанбайтұғын.
Даусымның жаңа түсті кәрі жыны,
Дәуірлеп барған сайын болмайтұғын.
Қарқабат, Қарақожа ата-бабам,
Осындай ерегісте қолдайтұғын.
Қырымға қарайтұғын қара кермін,
Аң алмай жерге бекер қонбайтұғын.
Айнымас қанды балақ ақиықпын,
Тұяғым тиген қасқыр оңбайтұғын.
Асылмын аспандағы құс болғанда
Қаңтарда қалшылдаған тоңбайтұғын.
Тұлпармын «Көрұғылының» Пырағындай,
Алдына жүгірсе алдына мал салмайтұғын.
Рүстем-Дастандаймын дәл өнерге,
Меңгеріп кісі билеп алмайтұғын.
Бір итке елің неге берем дейді?
Алаштан лайықсың таңдайтұғын.
Он бестен ұрғашыға саятшымын,
Күн сайын қанжығамды қандайтұғын.
Аңдап бас аяғыңды, байғұс Сара,
Мен сенің кісің емес алдайтұғын.

С он да ~~Бірақ~~ ^{Ер}ның айтқан жауабы

Қазақ жоқ хан Бараққа теңгерілген.
Күшімен Арғын — Найман меңгерілген.
Есіл ер, аруақ біткен заманында,
Тоқтыдай сан Тобықты өңгерілген.
Еркек жоқ өз басыма теңгерілген,
Сөз пірім он жасымнан меңгерілген.
Небір көзге олқы боп көрінсем де,
Сан жүйрік қойдан оңай өңгерілген.
Ұшырған тәрбиелеп ақ тұйғынмын,

Матайдың Қаракерей сеңгерінен,
Даусыма аспандағы құс айналар,
Құбылып тоты құстай төңкерілген.
Антұрған, құдай қане, жасырмай айт,
Сөзім жоқ бір кісіден кем көрінген.
Сайраған мен бір Найман бұлбұлымын,
Қапаста жел тигізбей жем берілген.
Жұрт сыншы, өзі білмес екі даугер,
Белгі жоқ адымында теңгерілген.
Мақтанғаным болмаса осы кеудем,
Он Арғын шалымымнан кем көрінген.
Бірінен-бірі дамып асып түсер,
Дауысым алтын тудай, шаң көрінген.

С о н д а Б і р ж а н н ы ң а й т қ а н ж а у а б ы

Жарайды, жаным Сара, осы сөзің,
Тас түлек тұрымтайдай екі көзің,
Сөз айтар қандай адам деген кезде,
Алдымнан құдай айдап келді кезің.
Бір асқанға, бір тосқан бар-ақ деген,
Талайдың қисық деуші ем құрған тезін.
Шіркін-ай мұндай жүйрік туармысың,
Сөйлейсің алтындай ғып сөздің жезін.
Қанатын күн шалмаған ақ түйғынның,
Жапалақ иемденер басқан ізін.
Қор болдың бір қортыққа Сара қалқам,
Армансыз қылар кімнің үйі-түзін.
Дені сау адам емес Тастанбегің,
Жүр екен тастай алмай о да қызын.
Біліп ем, Сара, сенің сыңарыңды,
Баса алмай армандамын құмарымды,
Ақ үйден айғай салып шыққан кезде-ақ,

Білгенмін сөзге қайрат қыларыңды.
Сұмдықпен бит ішіне қан құясың,
Білмейсің неден зар боп жыларыңды
Майысқан сегіз қырлы жүйрік-ақ сың.
Қай жерден болжамайсың тынарыңды.
Шақыртып күйеуіңді осында алдырт,
Көрейін таңдап қосқан сыңарыңды.
Тез алдырт күйеуіңді Сара саңлақ,
Көрейін еркегіңді тиген таңдап,
Ырас жаны ашыса Тұрысбектің,
Белгісі білінеді келсе сонда-ақ.
Шыбықтай жігіт шығар өңі нұрлы,
Өнері өзің теңдес сегіз қырлы,
Шеберден мін алатын мініскермін,
Ер шығар тоты құстай неше түрлі.
«Жақсыны көрмек үшін» деген Сара,
Өзің түгіл ел қамын жеген Сара,
Мырзаңды ит Жиенқұл шапшаң шақырт,
Ұялып бөгелесің неге Сара?

С он да Са ра ны ң На й ма н ны ң жа қ
сы ла ры на ша ғы ны п а йт қа ны :

Хажеке-ау, мынау қалай ақырады,
Жиенқұл тез келсін деп шақырады.
Көруге асылыңды әпкеліңдер,
Аулыңда ол келгенше отырады.
Арғынға жол бермеген есіл тілім,
Күн өтпей, қор боп ұшқан қызыл гүлім,
Сіздерден ұялғаннан үндемеуші-ем,
Есекке қосақтаулы өтті күнім.
Өзі білер деуші едім жақсылардың
Ақыры қайғы болды енді мұным.

Алтайдың сандағымен сөйлесем де
Жоқ екен жүйрік иттей өлсем құным,
Сіздерге сенетұғын сорлы басым,
Келгенде Жиенқұлға шықпайды үнім.
Өздерің Жиенқұлды көріп едің,
Құдайдан қорықпай шыдап беріп едің,
Отырған «Найман шалдың» аруағына,
Бәріңе қыз да болсам серік едім.
Біржанға көрсетіңдер Жиенқұлды,
Бар жұртқа оның сыры аян болды,
Ұяттан кісі өлмейді, сағы сынар,
Қайтсын құдай қосып исем болды.
Итіңді келмесе де келтір байлап,
Өлмесін зығырданым күнде қайнап,
Ағалар нәсіліңе дұрыс болса,
Құдайға тапсырамын «Қаптағайлап»,
Хажеке-ау, көріп келдің хақтың үйін,
Мен түгіл ботаңа да зорлық қиын.
Жиенқұл ерім болып тұрар ма екен?
Күнінде таңда — махшар болса жиын.
Көзімді аш, көңілімді ала қылмай,
Кетсең де өкпеледім бала қылмай,
Сыртынан өлеңменен шақырайын,
Біржанға өзімді-өзім таба қылмай.
Сәлем де Жиенқұлға келсін жатпай,
Келуге шошынады неден батпай,
Әркімнің қолда бары өзіне алтын,
Біржанға бір тырнағын тұрмын сатпай,
Көрінсін Біржан салға ай сықылды,
Ақ құйрық көңіл ашар шай сықылды.
Ұсынса қол жетпейтін арғымағым,
Арғынға баламаймын тай сықылды.

Тез келіп амандассын Біржан салға,
Көрінсін айбаттанып Арғын шалға,
«Әркім теке қояды өз ылағын»,
Әйтеуір мені сатып алды малға.
Бермесін дұшпаныма намысымды,
Біледі, Арғын — Найман дабысымды,
Бар болса шыбын жаны шапшаң жетсін,
Ел таныр арғымақтай шабысымды.
Қылмасын дос Жиекем сөзге сынық,
Шарбаттай ағып жатқан сөзім тұнық,
Қамалдан тартынбайтын қайран басым.
Көлге кеп қойып кетсін көзді жұмып,
Асылым құдай берген өз бағыма,
Теңелмес жеті Біржан тырнағына,
Найманда ұлы дария саяткерім,
Балық боп ілінгенмін қармағына.
Бағының зор екенін көрсін Арғын,
Сықылды салтанатым батыр Тарғын.
Көрмеп пе Біржан ондай болам десе,
Сескенбей шапшаң жетсін біздің балғын.
Бесіппен қалмай жетсін жаны болса,
Бөгелмей жете көрсін әлі болса,
Елден қайыр сұраған кедей Біржан,
Алмай ма, мендей қызды малы болса.
Көрінсін саясатпен менің серім,
Сол еді құдай қосқан барар жерім,
Кедейге қонақ асы тай әкелсіп,
Талабы Тәттімбеттей асыл серім.

С он да Бі р ж ан с ө й л е й д і:

Көрейін, кісі жібер, күйеуіңе,
Көнбейді жаман болса сүйенуге,

Күйеуің қандай екен, көзім көрсін;
Адамның таласасың біреуіне.
Жасырмай көрсет көзге келтіріп-ақ,
Сөзбеен жүдеттің ғой өлтіріп-ақ,
Ұялмай осы топқа көріне ме?
Өнерсіз жігері жоқ жетпегір-ақ.

С а р а н ы ң а й т қ а н с ө з і :

Хажеке-ау, кісі жібер балаңызға.
Әзәзіл болды Біржан арамызға,
Сыртынап мақтасам да керек болды,
Көрсетпей жігітті ұрлап қаламыз ба?
Өзіңнің құла жорғаң барсын оған,
Жиекем «Бижан» ерін салсын оған.
Біржанды бір қаққаннан қалдырмас ем,
Құдайым мені жар ғып қосты соған.
Хажеке-ау, алдыртыңыз қонақ кетпей,
Біржан тұр көремін деп сөзге бітпей,
Ажал да кісі таңдап алады екен,
Сол итті, неге қойған алып кетпей.
Қонжиып мінер құла жорға барса,
Келе алмас сол шіркінің қорғаласа,
Рас бізді масқара қылар сонда,
Қорс етіп бармаймын деп үйде қалса.
Кісі емес ел намысын ұққандай-ақ
Ер бияз елсіз тауға шыққандай-ақ.
Жиенқұл күжірейіп келер ме екен,
Он мата арқасына тыққандай-ақ.
Бар еді ұлы-қызың хажы аға,
Қалдым ғой Біржан деген беймазаға,
Өзіңнің болып тұрған заманыңда,
Дені сау кез болмадым бір тазаға.

Арғынды бір дөңгелек деп едіңіз,
Мен түгіл Найман қамын жеп едіңіз.
Меке мен зиярат қылып Байтулланы,
Бақытыма аман-есен кеп едіңіз.
Көрмейсіз неге менің көз жасымды...
Сол жерде Біржан тоқтап сөз басылды.
Жиылған «Қаптағайдың» жақсылары,
Басқаға айырып бер өз басымды.
Алдырып не қылады оны Біржан,
Көруге ынтық емес соны Біржан,
Арғыннан асып кеткен бай болмайды,
Жеткенмен Жиенқұлға қолы Біржан.

С он да Бі р ж а н н ы ң а й т қ а н ы :

Шырағым Сара, сендей тумас бала,
Шежіре туармысың мұндай дана.
Обалың Есімбек пен Тұрысбекке,
Жігітің жөндеу екен ей бишара.
Ел-жұртың қорықса керек көз жасыңнан,
Қиып кеткім келмейді мен қасыңнан.
Кемітер қай жеріңді дұшпан шіркін,
Адамзат озар емес бір басыңнан.
Жіберме Жиенқұлға шақыруды,
Өнерсіз үйде білер аһ ұруды,
Қайнайды зығырданым көргеннен соң,
Алдырма бекер мұнда кәпіріңді.
Білесің, Арғын— Найман тегіс затын,
Алашқа шығып еді Біржан атым.
Кісіге сен сықылды малын шашпай,
Қазақ та қылады екен итті қатын.
Дұшпаның жамандайды не деп сені,
Белгіге жарар саған берсем нені,

Бір басты адам болмас, сен өнерлі,
Айбатың әлемге аян ай бедерлі.
Садаға тырнағыңнан кетсін Сара,
Сан жүйрік көріп едім мен не дүрді,
Сонда Біржан сөз айтты біздің жаққа,
Ұмытпан Сара сені әр уақытта,
Қайырған сөзбен жетіп есіл шіркін,
Көрермін қайта айналып қайсы уақытта?
Есімбек боққа сатпа асылыңды,
Сыйлай көр, қыз да болса, нәсіліңді,
Ұқбасаң, Арғын жоқты айтты дерсін,
Есеке-ау, құлағыңа ал осынымды.
Қылайын көп ұзатпай сөзді қысқа,
Өлеңге жан көрмедім мұнан ұста.
Аты ұрғашы демесең қарындасың,
Адамның артығы екен осы тұста.
Шынымен бапты күнде дұға салса,
Ілеспес ақын түгіл ұшқан құс та,
Обал тұрған орнында жауап та бар,
Жиенқұл тең емес қой бұл байғұсқа.
Закунде зорлық болмас жанды адамға,
Жақсыны қор қып болмас бір наданға,
Жәнеде аят пенен хадис те бар,
Жылатып берме деген еш адамға.
Хажы барған «Қаптағайдың» арыстаны,
Жалғыз сіз осы күнде данышпаны,
Өзіңе құдай беріп тұрған кезде,
Душпанның топ етеді алысқаны.
Көрмеп пе Сарадай қыз теңін тапса,
Ішінен өнер қысар аузын ашса.
Қор болып Жиенқұлға жібергенше,
Қытайша он есе артық басын шапса,

Тұрысбек, Есімбектен, сау тұр Маман,
Таянды қайтар уақытым енді маған.
Айналып ендігі жыл бір келермін,
Тысқары топырақтан болсам аман.
Сараны Жиенқұлға бере көрме,
Қызы түгіл ер құнына келер шамаң.
Бар болса сүйегінде ойларсыңдар,
«Өлі тілін тірі алмас» деген заман.
Байлаулы бала құстай Сара сорлы,
Жоқ екен осы күнде мұнан жамаң.

Алқисса, Сараның күйеуінен ұялып, Біржанға көрсете алмай, Жиенқұлды, жамиғы Найман тоқтады, қыз әм тоқтадым — деді. Намыс жақсыларым Жиенқұлдан айыраp ма деп, болмаса айтар сөзім басқа еді,— деді.

Енді Сараның өзінің айтқан сөзі:

Сал Біржан, жүріп кетті амандасып,
Екі күн арпалыстым табандасып.
Шіркінге қимағаннан жорға бердім.
Басында сөйлесем де жамандасып.
«Хош Біржан, сау бол,— дедім сағым —
керім,

Арда күрең жігітсің әлім-берім.
Қашан өзің өлгенше есіл көзел,
Күнде той, күнде жиын жүрген жерің.
Жүре көр ақын Біржан бізді сұрай,
Тысқары топырақтан қылса құдай,
Аптығып Арғынсынып сандырама,
Көзіңде қыз көрінсе мұнан былай.
Жолықтым атағыңа құмар едім,

Болмаса келместей ғып сығар едім.
Сыйладым сағың жерде қалмасын деп,
Аттатпай адымыңды қияр едім.
Боп қалды бір көргенім көз таныстай,
Сен-дағы жол бермедің бір қалыспай.
Есекем керек болса бере қалмас,
Кісідей қарапайым бір салыспай».
Тәмат тәмәм.

Бастырушы — Жүсіпбек Шаихисламұлы, Қазан, 1898 ж. /

БІРЖАННЫҢ НҮРҒАЙША ҚЫЗБЕН ҚАҒЫСУЫ⁶¹

Біржан қасында жолдастарымен бір ауылға жақындағанда, Қарағайлы деген өзеннің тасалау жерінде үш бойжеткен қыз суға шомылып жатыр екен. Байқаусызда үстіне келіп қалған кісілерді көріп, шыға алмай отыра беріпті. Қасындағы жолдастары: «Біржан, мына қыздарға бірдеңе десейші»— дегенде, Біржан:

Бауыры Көкшетаудың — қарағайлы,
Қар кеткен соң болады малға жайлы.
Ішінде адал да бар, арам да бар,
Ей, қыздар, шығардыңдар судың лайып,—

дейді. Қыздардың ішінен Нұрғайша деген бір қыз судан басын көтеріп алып, былай деп жауап қайырады:

Ұшады аққу көлден сабаланып,
Біз қалдық сіздің сөзге назаланып.
Келед деп игі-жақсы алдымызға,
Шомылып жатыр едік тазаланып.

Біржан қыздың беталысын көрген соң, ат үстінен амандасып жүріп кеткен екен.

БІРЖАННЫҢ БІР ҚЫЗБЕН ҚАҒЫСУЫ⁹²

Біржан сал жолаушылап бір кедей адамның үйіне кездеседі, сол үйдің қызы оған қатықсыз қара көже құйып берсе, Біржан ернін ғана тигізіп қайтарады. Сонда қыз айтады:

Байлардың жейтін асы — жая мен жал,
Шығады нақ кедейден осындай сал.
Қыс аяғы шаруаға күйзеу болды,
Көжеге кекіреймей ерніңді мал!

Б і р ж а н :

Атанған ақындықпен Біржан сері,
Серінің күнде думан жүрген жері,
Қарындасым, ағаңа сөзің өтті,
Көжеңді басып-басып әкел бері.

БІРЖАННЫҢ ШӨЖЕ АҚЫНМЕН ҚАҒЫСУЫ⁶⁹

Біржан бір кезде Шөже ақынмен кездесіп, Шөжені сөзбен қажай беріпті. Сонда Шөже өлеңмен былай депті:

Ш ө ж е:

Ай Біржан, маған берші бір азды дат,
Аяңа жоқ нәрсенің бәрі де хат.
Сасық күзен секілді шақылдама,
Сенен бұрын туғанмын, тіліңді тарт.

Біржан-ау, осы емес-ті көрген жерім,
Еншалла жаңылмаса көрген көзім.
Ұлмұлқұра деген алладан аят келді,
Соны тапсаң, сен мені жеңген жерің.

Б і р ж а н:

Жақынды алыс қылар жүрмеген соң,
Мереке — қызық болмайды күлмеген соң.
«Аталы сөзге арсыз таласады»,
Шөжеке шорқақ едім білмеген соң.

Ш ө ж е:

Әкесі Қожағұл Ақсарыға үлгі берген,
Бұл неге теріс кетсін үлгі көрген.
Арсыз болса, жанжалға салар еді,
Бұ-дағы келіп қалды даңғыл жолмен,—
дейді.
Біржан әрі қарай жауап қайтармайды.

БІРЖАННЫҢ ТЕЗЕКБАЙ АҚЫНМЕН ҚАҒЫСУЫ⁶⁴

Біржан сал Тезекбай ақынмен замандас болған соң, әр уақыт кездесіп әзілдесіп, қағысып жүреді екен. Бір кездескенде екеуі былайша қағысып қалыпты:

Т е з е к б а й:

Бұл өнерді кім берді, Біржан саған,
Өнер берген кісіңді айтшы маған.
Өнер берген кісіңді айта алмасаң,
Сенің өлең айтуың тіпті арам.

Б і р ж а н:

Жаратқан бәрімізді — бір құдайым,
Абзал қылып жаратқан күн мен айып.
Өнердің бойға біткен арқасында,
Тезеке-ау, салдық құрмай не қылайып.

Т е з е к б а й:

Рас, бәрімізді жаратқан — бір құдай-ды,
Абзал қылып жаратқан күн мен айды.
Бір құдайдың бірлігін хақ деп білсең,
Неше сипатпен танысың бір құдайды.

Б і р ж а н:

Өзің молла, оқисың жазған хатты,
Сері қайдан біледі шарифатты.

Әкем Қожағұл болғанда, өзім — салмын,
Мен сізден сұрамаймын насихатты.

Т е з е к б а й:

Олай болса, отырғанда, ақын мен ой таба бер,
Күндіз-түні жүрсең де жол таба бер.

Орта жүздің баласы «Темір Қақпан, Байғұлыбай»
деп әне, зарлап тұр ғой.

Қыз-келіншекке айтып, тана-моншақ жиыт;
сонымен жолығысып мал таба бер,—
деп батасын беріпті.

БІРЖАН, ОРЫНБАЙ, ШӨЖЕ АҚЫНДАРДЫҢ АЙТҚЫРЛЫҚТАРЫ

Кедей Сағынайдың асына сауын айтылып, жан-жақтан жұрт жиналады. Сол аста басқа кедейлермен бірге, ақындар бәйгесі де тігіледі — ақындардан Сағынайдың байлық-салтанаттық дәрежесін кім де кім бір ауызға сыйғызып жақсы өлең шығарып айтса, соған бас бәйге берілмекші. Жиылған ақындардың ішінен Орынбай, Шөже, Біржан сал өлең бәйгесіне түседі. Бірінші сөзді Керей баласы деп Біржанға береді, онан кейін, Орынбай, Шөже айтады:

Б і р ж а н:

Сағынай, Мәті — Дәулен жайындайсың,
Тел өскен, сен қысырдың тайындайсың.
Дәулетің жеті атаңнан арылмаған,
Киіктің даладағы лағындайсың.

О р ы н б а й:

Керейде Сағынай мен Мәті — Дәулен,
Көркің көпке, күндей болып түсер сәулең,
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,
Жүрмісің, есен-аман, өңкей сәулем?

Ш ө ж е:

Сағынай, Мәті — Дәулен — егізімсің,
Қол жетпес қабырғаңа семізімсің.
Жеті атаң, жеті руға жетім берген,
Сонда да: таусылмайтын теңізімсің.

Бабекең қарсақ аулап жүрген екен,
Астына буаз бие мінген екен.
Жартастың өзенінде келе жатса,
Алдында қасқыр ізін көрген екен,

Сол кезде қылау жауып ізді басты.
Кәрілік кетіп Бабекең болды жас-ты.
Бір қурайды пана қып жатыр екен,
Дәл үстіне келгенде тұра қашты.

Бабекең үйден шықты белін буып,
Мұндай қызық көрген жоқ өзі туып.
Буаз бие құлынын елемей-ақ,
Жартастың өзенінде жетті қуып.

Жүрегі Бабекеңнің кетті суып.
Тартады төс айылын белін буып.
Буаз бие мінгенін елемей-ақ,
Құрығын көлденең ап кетті қуып.

Қиқу сап дем алғызбай қуған бетпен,
«Жартастың» өзенінде қуып жеткен.
Ақшамның ақырында екі көкжал
Айтысып қайымдасып кеңес еткен.

Б а б а й:

— Аузыңда тіс, арқаңда жүн бар екен,
Кеудең жақсы, бөксеңде мін бар екен.
Талай малды жеп едің бәлем қасқыр,
Саған да жететұғын күн бар екен.

Қ а с қ ы р:

Бабеке, ішің толған амал екен,
Кер биең өзі буаз, шабан екен.
Төселіп бұрынғыдай қаша алмадым,
Жұрт қарғысын көп алған жаман екен.

Б а б а й:

Мекен қылып жатыпсың мидай дала
Қурайдың қылып жаттың несін пана.
Осы мұз осы бойы жата қалса,
Талайыңды қылармын қызыл ала.

Қ а с қ ы р:

Сені маған жеткізген жаббар ием,
Ұрған сайын босайды жүйе-жүйем.
Бәрімізді қырам деп жүргеніңде
Құлын тастап кетпесін буаз биең.

Б а б а й:

Қасқыр-ау, көріп пе едің бұдан қиын.
Аллаға арызың жетсе сен де сиын.
Сендей кәрі тірсекті жүгіртпейтін,
Баһауидтинге* айтамын жеті тиын.

* Баһауидтин — сиынатын пірдің аты.

Қ а с қ ы р:

Бабеке, айтқан сөзіңде жоқ қой қате,
Байсары моллаң «жолың болсын» деп берген
бата.

Мен-дағы қашқанымда сиынып ем,
Еш қайла қыла алмады «сыңсыма ата»*

Б а б а й:

Шектерін талай малдың шұбыртқансың,
Жығып беріп балаңды қуантқансың.
Соның-дағы обалы жіберсін бе,
Ақ сүтін талай малдың суалтқансын.

Қ а с қ ы р:

Үйіңнен шығып едің өлең айта,
Қулығың көп жұрт едің қоян қарта.
Жиын сайын төбелес қылушы едің,
Сен нағып тиыш жүрсің «Майлы-балта»**.

Б а б а й:

Ұрмайтып мінезің жоқ уәзм жығылып,
Болар деп ойлап па едің мұндай қылық.
Жанғозының жеп кеттің құр дөненін
Сақалымен жылады-ау шөпті жұлып.

Қ а с қ ы р:

Мекен ғып жатыр едім сайды деймін,
Еліңді ақтап, тіліңіз майда деймін.

* Сыңсыма ата — қасқырдың атасы.

** Майлы-балта — Атығай ішінде бір рудың ұраны.

Мен жесем өлімтігі жатпас па еді,
Даманың көк биесі қайда деймін.

Б а б а й:

Сен жүйрік жеткізбессің арғымаққа,
Мына мұз жатып қалды біздің баққа.
Өзенде қаптаған су, қазған құдық,
Жығылып қалған болар шұғанаққа.

Қ а с қ ы р:

Сен маған жетіп қалдың нағып оңай,
Кіретұғын болмады қалың тоғай.
Еліңе дәнеңені жолатпайсың,
Бабекең, қайда кетті екі ноғай.

Б а б а й:

Сен неге шықтың, енген тоғайыңнан,
Мені-ақ жеңе қоярсың оңайыңнан.
Елу кісі ант беріп былтырғы жыл,
Құтылғамыз сол жала ноғайыңнан.

Қ а с қ ы р:

Еліңді ақтап, тіліңіз тым-ақ майда,
Балаларым кек алар келер айда.
Жала қылған ноғайдан құтылыпсың
Бабеке, Жұмабай мен Қодар қайда?

Б а б а й:

Осы күнде жетіп тұр саған әлім,
Елуге жеткен шығар жеген малың.
Қайда тентіреп жүргенін кім біледі,
О да сендей қаңғырған екі залым.

Қ а с қ ы р:

Жақсы деп кете алмайсың қонысыңнан,
Ішке айдаса қорқасың ұры сұмнан.
Екі жерде өлімнен алып қапты
Үш айналсаң болмай ма болысыңнан?

Б а б а й:

Қасқыр, сенің тіліңде сенім бар ма,
Қыпшақтан — жақсы көрер елім бар ма.
Аузыңа келген сөзді оттай бердің
Болысымды тастап жүрген жерім бар ма?

Қ а с қ ы р:

Оқитұғын менде жоқ кітап, құрап,
Құшатұғын дәуренім қайда тұрған.
Күнәдән арылатын жерің бар ма,
Ағасының жағадан ап інісі ұрған.

Б а б а й:

Сен жылқыны көп жегенде қуанасын,
Жүнің қалың аязға жылынасың.
Сен-дағы ол жағына күлгенің не?
Енеңнің байы болып ұлығансың.*

Қ а с қ ы р:

Еліңіз мен кеткенсін бие саусын,
Қой күзеткен балалар қояр дауысын.
Ойнас жағын көп айтыссаң жеңер едім.
Бабеке не қылсаң да жеңген жаусың.

Б а б а й:

Күн кеш болды өлеңді қояйын да,
Құрықпенен төбеңді ояйын да.
Екі жылда жеп едің он жылқымды,
Жаның шықпай теріңді сояйын да.

Қ а с қ ы р:

Кеш болды деп өлеңді қойғаның ба,
Құрықпенен төбемді ойғаның ба?
Еліңді ұры дегенге намыстанып,
Үш сом үшін терімді сойғаның ба?

Мен өзім жүгіре алмай қайрап қалдым,
Қанын ұрттап ішуші ем талай малдың.
Ұрғаныңнан барады сөзің өтіп,
Ақ шекпенді бүкішке* мен таңдандым.

* * *

Бабаңның қатты шықты ашы тері,
Осындай қасқыр соқты Бабай сері.
Тақсыр-ау, өз айтты деп сөге көрме,
Кеш болып әбден тәмам болған жері.

* Ақ шекпенді бүкішке — Бабайға айтқан теңеу.

Естеліктер мен естігендер

«ЛӘЙЛІМ ШЫРАҚ» ӘНІ ТУРАЛЫ

Аңыз

Өзі өлсе де сөзі өлмей, қазақ халқының әнінің атасы болған Біржан жөнінде талайлар қалам тартып, оның асқақ әндерін, жан дүниесіне нәрлі азық бергені жөнінде аз айтылған жоқ. Сондықтан да ескерусіз әлде елеусіз келе жатқан бір ғана нәрсені оқырмандар есіне салғанмын.

Атақты Абай:

Құлақтан кіріп, бойды алар
Жақсы әп мен тәтті күй,
Көңілге түрлі ой салар
Әнді сүйсең, менше сүйі—

деп еді ау! Дәл осы Абайша сүйген Ләйлі туралы бір аңыз әңгімені 1946 жылы Көкшетау облысы, Еңбекшілдер ауданындағы алтын кені Степняк тұрғыны қарт Мұқаннан естідім. Бұл жер әнші Біржанның кіндік кесіп, кірін жуған жер. Оның топырағы да сол жерде. Қабірін көріп, қатты ойда тұрған маған қарт Мұқан:— Балам, жасым 87-де, марқұм Біржанның қырық шақты әнін де білем, бірақ бәрінен маған қымбатты да, қасиеттісі де — «Ләйлім шырақ» әні, бұл әнді Біржан бозбала күнінде Жолдыөзек бойындағы Қарауыл елінде салдық құрып

жүрген жас шағында бір қызға ғашық болып шығарған екен. Сол қызбен көңіл қосқан Біржан қолға түсіп, аяқ-қолы байлаулы байдың ас-суы тұратын қараша үйіне қамалады. Кеше ғана оның айналасын қоршаған жігіт-желен, қыз-келіншектерден қадірменді құрбысына жан тартқан біреулері қолын шешіп, босатып жібергенде атына барса, бұрынғы шідері жоқ, атының аяғы тұсаулы екен. Қара түнде ауылдың сыртында атын ерттеп, шылбырынан ұстап отырып, осы энге басқан екен.

Ән шыққан жаққа жүгірген жастар Біржанды көріп, ауылға шақырады. Ол сол ауылдағы қадірлі бір адамдарына, қыздың жақын ағалары Көлбай мен Жанбайға апаруын өтінеді. Есіктен кіргенде «дәт» дейді.

— Айт, не дәтің бар?— дейді Көлбай.

Сонда Біржан: атымның аяғынан алтын шідерім ұрланды, оны сенің қарындасың Ләйлі алды. Шідерім қымбат еді, ең кем қойғанда қырық қысырақ еді — деп тұспалдайды.

Шіркін ғашықтық-ай десеңізші! Ол тосқауыл, тоқырау дегенді елеген бе? «Ғашықтықпен ойнама» атты пьеса жазған Испан халқының атақты драматургі Де Ла Барка Кальдерон (1600—1681) өзінің досына қиыншылықтан қорқып, ғашықтықтан тартынған бір фактіні сен айта алмайсың, кедергіні кесіп өткен, немесе өтпекші болған мына мен айта аламын — деген екен. Солай бола тұрса да қазақ қоғамының өткен өмірінде ғашықтық деген шығыс халықтарында болған дәрменсіз күйреуік, жылап-сықтау арқылы аяушылық, қайыр-қайырым іздеу, алласының атымен арыз айту сияқты нәрсе кемде-кем болған.

Патриархал-феодалдық дәуірдің өзінде ғашық болған қазақ жастары әрекетсіз қалған емес, жалынды жарып,

түнентің тұнығын шайқап, үстінде ойнаған ажал өғып серпіп тастап, мақеатына ұмтылғанда Біржанның:

Жайлаған Жолдыөзекті көп қарауыл,
Қызды ауыл, қымызды ауыл, қызықты ауыл.
Талпынған ғашығына от жүректің
Жалынын сөндіре алмас соқса дауыл.—

дегені (Мұқанның айтуынша) де осыған дәлел бола алады.

Сондағы Ләйліге арналған ән осылай басталады екен. Мұны қарауылдың атақты әншісі Жүсіпбек Қасымұлының ауызынан да естігенім бар-ды (ол 1924 жылы жетпістен асып өлген әнші).

Көлбай, Жанбай дегенге, Көлбай, Жанбай,
Шідерімді кім алды, Ләйлім алмай?!
Шідерімнің балағы алтын еді-ау,
Барамын сол себептен шыдай алмай!
хәләлім Ләйлім-ай-ай!
Ләйлім шырақ дегенге, Ләйлім шырақ
Таудан аққан құм қайрақ сен бір бұлақ,
Алтын болсын, жез болсын өзіме бер,
Бағасы шідерімнің қырық қысырақ!
(Қ а й ы р м а с ы)

«Ләйлім шырақ» әні осылай туады. Қызға ғашық болса да айтатын өтіл таба алмай, шідерді сылтау еткенін түсінген, жастық емтиханынан өткен қыз ағалары:— осы жігіт бір қызға татиды, теңі келсе, тегін бер деген емес пе — деп, Ләйліні Біржанға береді. Той тарқағасып, аттандырады, бірақ қызды ертіп апаратын кісі болмайды. Өйткені қалыңсыз берген қызға ноқта байлап келген құда болмағасын, апарып салуға болмайды, аяқтай өздері кетуі керек.

Біржан мен Ләйлі арада екі қонып, үшінші күні шағалалы (Степняктан он сегіз шақырым) басында отырған ауылына жақындау жерге Ләйліні түсіріп, озып ауылға келіп, жеңгелері, жастар Ләйліні келін түсу дәстүрі бойынша ауылға әкелген екен.

Ләйлі әні басында ұзақ бір ауыз өлең-ді Біржанның өзі үшке бөліп, үш түрлі әнмен айтатын еді,— дейтін Мұқан қарт. Тегінде сонан болса керек: «Ләйлім шырақ», «Шідер», «Көлбай-Жанбай» атты үш ән болып жүр. Бірақ бұлардың мазмұны — бір ғана — «ұрланған» підері туралы Ләйліні сұрау.

Текстің өзінде де ала-құлалық, сан құбылған жаңсақтық та аз емес. Әсіресе әннің қайырмасы хәләлім, ләйлім — нюанс мәнінде екіұшты мағына береді. Мұны Мұқан қарттың түсінігінше арабша хәләл-әйелім деп меншіктеу, яғни, менің әйелім — деген мәнде айтылды деуге де болады. Болмаса, әшейін халық ауыз әдебиетінде әлеуләй мәнінде айтылған деуге де болады. Біздің байқауымызша осының алғашқысы көкейге қонымды сияқты.

Сонымен қатар, қалыңсыз қыз беру сонау ерте заманнан келе жатқан, ғұрып, әдеттің сарқыны сияқты. Олай дейтініміз қазақ халқында кейінгі екі-үш ғасыр бойында қалыңсыз қыз берілгені туралы дерек жоқ, онан бұрынырақ та елдің ерекше шыққан батырға, өнерпазға қалыңсыз қызды берген фактіні жиі кездестіреміз.

Әнді қай халық жек көрді десеңізші! Сонда басқа халықтардың көпшілігі музыканы асыра бағалайды да, әнді соның тасасында қалдырады. Ал қазақ халқы ән дегенді музыкасымен қоса түсініп, рухани мәдениеттің ең жоғарғы сатысына көтереді. Шарықтап қалқып, құдия құйылған асқақ ән қаны қарайып, көзі қапталаған қаһарлы қолдың қылышын қағып тастап, жауының жүрегіне

жол тауып, ашудың алмасын да ерітеді. Біржан әнінің бірі «Ләйлім шырақ» та оның өз орындауында дәл осылай болған ғой! Қалың ел Қарауылды жападан жалғыз жүріп жеңіп, аруын алып кетуі сырлы әннің сиқырлы күші ғой. Жақсы ән мен күй бір сәтке болса да қызған қорғасындай балқымайтын қатал жан жер үстінде кездеспейді,— дейді Шекспир. Сондай бір сәтті кезге, жүйрік тіл, үшқыр қиял, асқан өнер Біржанды да бір қияға шығарған.

Шіркін, Біржан, қандай абзал жан едің!

Ғайнетдин Мұсабаев.

БІРЖАНДЫ КӨРГЕНІМ

1939 жылы июль айында Аманжолов екеуміз Көкше-тауды араладық. Көкшенің сұлу жерлерімен бірге Біржанның, Шолақтың, Бекахметтің, Әпіш ақындардың туған жерлерінде болып солар жайындағы елдің ауыз әңгімелерін көп есітіп тыңдадық. Әнші, Тілеубайдың Ахметжаны, Еркесарының Мұқаны, Асантай күйші, Ысмайыл, Ысқақ деген қариялар, Шолақтың қызы мен баласы Біржанның ағайын жақындары бәрі бізге неше түрлі қызық әңгіме, өнер жәрмеңкесін ашқандай болды. Қасым толып жатқан жаңа ән-күйді жаттап қайтатын болса, мен қариялардың бірқатар әңгімелерін жазып алып едім. Олар Біржанның туған, өлген жылдарын, ата тегін таратып айтып берді. Жетісуға, Найманға барып, Сарамен айтысқаны жөнінде бірталай деректерді анықтап, әңгімені бабына келтіріп, майын тамызып шебер айтатын Тұран баласы Ысмайыл қария да сол кезде жетпістің ішінде, онымен құрбы Ысқақ қалжыңдап, Ысмайылдың әңгімесін мақұлдап, толықтырып, не сынап-мінеп отырады. Ысмайыл былай деді:

— Біржан Сарыарқадағы жәрменкенің барлығын аралап, орыс, қазақтың бәріне бірдей әнін шырқап салған адам ғой. Қоянды, Атбасар, Тайынша, Ботау, Ірбіт жәрменкелерін, Омбы, Семей, Ақмола, Қызылжар, Орынбор қалаларын да талай аралап көріп, сайран сал-

ған сабазың емес пе? Біржан орыстың, ноғай, башқұрт— суан, қырғыз, шүршіт, тағы басқа жұрттардың әндерін де білетін. Қояндыға барса, тез оралмайды. Алтай, Қуандық, Қаракесек, Сүйіндік, Найман, Тобықты елдерін аралап, ән салып жүретін. Қасындағы жолдас-жорасымен түгел олжалы болып қайтатын. Бір жолы Қояндыға барғаннан қайтпай, бірнеше ай тобықты Құнанбай ауылында болып, келер жылғы жәрменкеге қайта қатынасып елге келген. Құнанбайдың баласы Абайды осы жолы мақтап қайтқан екен. Сараның даңқын да Қоянды жәрменкесінде есітіп біліп келіп, қасына елден таңдап бір топ нөкер ертіп Сарамен айтысып жеңіп қайтыпты. Қасына ергендердің ішінде ағасы Нұржанның баласы Ахметжан, Атығай, Тоқабай дегендер болса керек.

Сарамен айтысқаны жөнінде Біржан өзі — ондай ақын қызды өмірімде көрмедім, басы байлаулы әйел болғасын тосыла берді ғой. Әйтпесе алдыратын емес. Шаңын көрсетпес саңлақ еді. Кеудеге, есерлікке басып жеңдік деп кеттім, үйтпесе Сараға тең түсер адам жоқ, — деп әлде неше рет айтқанын жақсы білемін. Біржанның салған әнін бала кезімнен бастап естідім. Ол керемет әнші еді. Біржанның дауысы он-он бес шақырым отырған ауылға жетіп, даланы жаңғырықтырып жіберуші еді, шырқап ән салғанда тамағы, кеңірдегі ісініп толып, бас терісі, бет-ауыздары тегіс өзгеріп, басында да тақиясы бір орында тұрмай әрі-бері қозғалып билеп жүретіндей көрінетін. Мұндай күшті, зор дауысты естігеміз жоқ, ақырын шырқағанда аспан асты, жер үсті қалтырағандай жер-тау қозғалып, көл шайқалғандай болушы еді.

Байлаулы жатқанда Біржанды әлденеше рет көрдім, жылап еңіреп өлеңін айтып, қалжырап барып ұйықтап кетеді. Шошып оянып, тағы да өлең айтатын. Есі бірде

бар, бірде жоқ сияқты. Жүдеу, сақал, шашы ағарған, алынбаған, көзімен ежірейе қарағанда өткір еді, өңменіңнен өтіп кете жаздайды. Біз жас жігіттер сонысынан қорқып, шыдай алмай шығып кететін едік. Бір барғанымда қасында екі-үш шал, бір кемпір отыр екен. Жайбарақат әңгімелесіп, жасындағы көрген қызығын есіне түсіріп, ел жайын сұрап, алыстан жолаушылап қайтып, өзінің ағайын, ел-жұртының жайын білгісі келгендей халінде екен. Шалдар берген сұрағына тиісті жауабын айтады. Бір кезде жалынып аяқ-қолын шешкізді онда да тыныш отырды, өзімен өзі сырласқандай, домбырасымен сөйлескендей күбірлеп отырды. Шалдың бірі сыбырлап «тағы бүлдірмесе жарар еді» деп еді, соны құлағы шалып қалды да, Біржан — ия бүлдірем, дүниені бүлдіріп-ақ келгемін, бүлдіріп кетем деп, қолына түскен нәрсені лақтырып қирата бастады. «Шалдар сорлы-ай! Бишара-ай» деп, ауру Біржанды қоршап, қайтадан қол-аяғын байлап тастады. Біржан ешкіммен тіл қатпай сұлық түсіп жатты. Шалдар сінді тимеңдер тынықсын, деп шығып кетті. Біз де бірге шықтық.

Біржан ауырып жынанды десе де, төңірегіндегі елге қадірлі болды. Оның көңілін сұраған жұрт ағылып келіп жатты.

Керей мен Елтоқ елі құдандалы: ауыл арасы жақын ғой. Біздің төңіректе Біржанды мінеген адамды көргеміз жоқ, бәрі де өнерін асыра мақтап, соңғы кезде ауруға шалдыққанын айтып аяйтын еді. Жанбота тұқымыменен Біржан, оның ағайындары тату-тәтті құдандалы еді. Бұлардың арасында араздық болған емес, қайта олар, оның балалары бәрі Біржан арқылы Қожағұл әулетімен дос болып кетті. Біржан ел аралап, әсіресе біздің Елтоқ ішіне келгенде қасына бір топ нөкері болушы еді. Бір-екі рет

сол топтың ішінде, Шолақ бәрі келді. Ол кезде Біржан қария ел ағасы сияқты да, Шолақ жас жігіт, есер, мақтанып сөйлейді. Бірақ Біржанның алдында кішілік, сыпайылық сақтайтын. Ал Біржан жасына қарай, салмақты мінез көрсеткен жоқ. Сол Шолақпен қасындағы нөкер жігіттермен замандас, құрбыларындай күліп ойнап, әзілдесіп отырғандығын елде жасы үлкен қариялары ұнатпады. Пайғамбар жасына келсе де, мынаның жыны басылмаған екен, жын-шайтан билеген адамға дауа болмас деген сөздерді естігенім бар. Қасындағы Шолақ тағы басқа жастардың қыз-келіншекке айтатын қылжақ сөздерді көбірек айтса, Біржанның қышыған жеріне тистіндей; жаны кіріп балаша мээ болып отырады. Біржан қартайғанда, өте сыпайы, сәнді киінетін. Ол есер емес, тәкәппар да емес, сәнді салтанатты адам болатын. Ауыл аралас, қой қоралас отырған жапсарлас Керей мен Майлыбалта елінің арасында дау-жанжал, барымта, партия тартыстары бірде өршіп, бірде бәсеңдеп жүріп жатқан мезгілдерде, Біржан ондай тартыстардың ешбіріне мән бермей, халықтың бәрімен де тату-тәтті достасып өзінің ойын-сауық, әндерімен шұғылданып күліп-ойнап жүре береді екен. Осы мінезіне қарап, Керейдің кейбір шоп-жарлары ел намысын жоқтай білмес ссуас деп Біржанды талай рет кінәләпті.

Біздің төңіректе дәл Біржанның өзіне пар келер өнерпазды көре алмадым. Шолақ алдыменен палуан ғой, Керей ішінде Бөкеннің Хамиті, Сары балаларынан Бекахмет пен Мариям, біздің елдегі Мұқан бәрі де сол асылдың сынығындай әншілер ғой.

Жазып алған Есмағамбет Ысмайылов.

Көкшетауда «Қазақстан» деген совхозда тұратын Мейірбанұлы Ілияс ақсақал Біржан туралы әңгімесін былайша бастайды:

— Менің жиырмаға толмаған бала кезім еді. Бір күні біздің ағамыздың отауының алдына үш атты адам келіп сөйлес қылып түсе қалды. Жайланып қымыз ішіп алған соң қонағымыздың бірі төрде керегелің басында ілулі тұрған домбыраны алып безілдетіп тарта бастады. Бұрын ол домбыраның дыбысы ондай шығып көрмеген еді. Біз таңырқай тыңдап қалдық. Жөн сұрасақ Біржан екен. Отау кәрі-жас, ер-әйел демей лық толды да кетті. Біржанның бұрын естіп жүзін көрмеген жұрт бір-бірінен шүйінші сұрағандай болды. Көпшілік бір-екі ән салуын сұрады. Ол кісі басқаларша бөгелген, маңызданған жоқ. Орнынан қозғалып көтеріліп қойды да, «Бурылтай», тағы басқа бірнеше әнге салып кетті. Отаудың манағы толғаны — толған ба, тамашалаған жұрт үйді көтеріп кететіндей болды. Бір кезде үлкен үйден біреу келіп қонақтарды сонда шақырды. Жастар жібергісі келмей, есікті босатпай тұрып алды. Өйткені үлкен үйге барса, өлең-ән болмайды ғой. Әрі-беріден кейін әкем келіп: «Ашыңдар есікті, кейін тұрыңдар»,—деп айғай салды да, үйге кіріп жас қонақтармен амандасты да: «Үлкен үйде алыстан

келіп жатқан қонақтар бар, сонда барып әңгімелесейік»,— деп Біржанды ертіп алып шықты. Жастарға:

— Әнші бүгін аттанбайды, осы ауылда өлең айтады, ән салады, тыңдаңдар, қапы қалмаңдар,— деді.

Біржан бір жұма қонақ болып ән салғанда, бір өлеңін, әнін қайталамады-ау десті елдегілер. Бір жұмадан кейін, біздің ел де, Әжібай елі де Біржанды жақсы сыйлап аттандырды. Ол кісі мал алмайды екен, алатыны үлкендерден киім, шапан, жастардан орамал, тана моншақ, күміс сақина-жүзік екен десті.

Біржандар бір күн бұрын аттанды. Артынан сөз болғанда Ораз атамыз былай депті:

— Біржан, Ақандар өнерге, өлеңге, ән-күйге бола жаралған адамдар ғой, осы мына Біржанның бойында қызуы бар екен,— дегені есімде.

Содан кейін мен Біржанды екі-үш рет көрдім, сонда Ораз атамыздың Біржанның әншілігіне сүйсініп айтқаны күні бүгінгідей құлағымда тұр.

— Біржан маған орта бойлы, аш өңді, ақ құба селдір шоқша сақалды, қара мұртты, қырғи қабақты, қара қасты, өңі күлімдей қарайтын адам көрінді. Ал үстіндегі киімі сол кездегі адамдардың кигендерінен тіпті өзгеше болатын. Кең жағалы ақ көйлек, дөңгелек етекте оқалы камзол, сыртында көк ала қаптал шапан, басында үкілі құндыз бөрік, үкісі бұлғақ-бұлғақ етеді. Қалтасында күрең шұға тақиясы бар екен.

Б і р ж а н н ы ң б а л а л а р ы — Т е м і р т а о
п е н Қ а л к е н

Көкшенің шығыс жақ етегінде, Бурабай көлінің жағасында, шамасы, 1901—1904 жылдары ағылшынның Бор-

гул деген капиталисі консерв заводын ашып, сол маңның еңбекке жараған адамдары заводтың жұмысын істеді. Біз де көп жыл сол заводта жұмыс істедік. Біржанның баласы Теміртас 1916 жыл осы заводқа жұмысқа түсті. 1918 жылдан бастап осында милиционер болып істеді. Теміртас келісімен елмен танысып, араласып кетті. Жастардың ойын-сауық тойынан қалмайтын, сүйікті адам болып алды.

Теміртас ұзын бойлы, сида, ашық өңді, кең маңдай, қара қасты, қыр қабақты, мойыны ұзын, жарау қара торы жігіт еді. Теміртастың мінезі сыпайы, сөзге шорқақтау, сөйлегенде орышаны араластырып отырушы еді.

Теміртасты құрметтеп, бір күні біздің үй қонаққа шақырды, ол қасына екі жолдасын ертіп келді, сонда менің әкем Теміртасқа: «Кешегі жақсының баласы екенсің, әкең Біржан әкемізбен дос еді, жыл сайын келіп, өлең айтып, ән салып, думан қылып кетуші еді, мына төр әкең отырған орын, енді сен отырсың. «Атадан ұл туса еді, ата жолын қуса еді» деген сөз бар, атаңа тартып жақсы бол, талабың қайырлы болсын»,— деді. Теміртас бұл жерде салмақты, сыпайы сөйлесіп отырды. Бір кезде: «Салдың баласы қонақ қаде айтсың!»— деген ұсыныс болды. Сол-ақ екен, отырғандар Біржанның әндерін сөз етіп кетті. «Сал әпін төмен бастап, көтеретін жеріне келгенде, әнімен бірге өзі де көтеріліп, дөңгеленіп, өлеңі біткен соң орнына қайта келіп отырушы еді» десті. Даусының күштілігі сонша, терезе әйнегі зіркілдеп, ілулі тұрған поднос, от басындағы құман-легендер бірге күңіреніп тұрушы еді» дегенді де айтысып жатыр. Біреулер: «Біржанның шырқаған даусы естілгенде, мал сауып отырғандар сауынын қоя қойып, малдарын исіндіріп алушы еді»,— деді. Біржанның «Аққайың», «Бұрылтай», «Көл-

бай—Жанбай», «Ләйлім шырақ», «Көкей кесті» әндері сөз болып, әңгіменің өзі думанға айналды.

Теміртасқа өлең айттыру деген сөз қайта басталды. Бір кезде, Теміртас қысылып, көптің тілегінен құтыла алмайтын болған соң:

— Менің өлсеңмен зауқым жоқ еді, алайда, бірдеңе айтайын,— деп, жаңа әнмен жаңаша бірнеше ауыз өлең айтты, оның бұл өлеңі бұрын біз естімеген, оны біз қызығып жазып үйреніп алып, елге таратып та жібердік.

Теміртас бұл қызметінде екі-үш жыл істеп, сонда жүріп, бізге жақып Сатай деген кісінің Күлжәмила деген қызын алып, еліне көшіп кетіп еді. Содан кейін 1924 жылы, қызмет бабымен сол елге барып, жатар үйім Теміртастың үйі болды.

Мен үш жылдай осы елде қызметте тұрып қалдым. Бұл кезде сауатымыз ашылып, сана сезіміміз көтеріле бастаған кез еді, мен Біржанның өмірі, балалары, басқа туыстарымен тапыса бастадым...

Теміртас әйелімен 1935 — 36 жылдары қайтыс болды. Біз Теміртаспен өмірінің ақырғы кезіне дейін дос болып, байланысып жүрдік. Теміртастан үш ұл: Шәріп, Мұхамметқали, Мұхамметжан, бір қыз: Жамал болды. Қазір Мұхамметқали мен Жамал үйлі-баранды болып отыр.

Біржанның сүт кенжесі — Қалкен. Біреулер Біржан өлеңдерінде Қалкенді қоспау себебі не екен деген сұрау қояды. Сол елде Қалкеннің туғанын білетін адамдар былай дейді. Қалкен Біржан барында туып қалды, бірақ Қалкенді Біржанға көрсетпепті, өйткені ол кезде Біржанның сырқатқа ұшыраған шағы екен. Қалкеннің түсіп көрген қарттар: «Япырай, салдың аузынан түсіп қалған маңдайы, ерні, көзі, көз қарасы, нағыз Біржан»,— деп таңырқап отырушы еді.

Қалкен орта бойлы, аш өңді, жұқа ерінді, қара қасты, келте мұрын, қыр қабақты, ақ құба жігіт еді. Қалкенмен замандас болып, кей кезде ойнағанда: «Салдың сүт кенжесі, салдың бар асылы сенде қалған болар, қанс өлең айт, ән сал»,— деуші едік. Қалкеннің ойын-сауықпен әуестігі жоқ еді де, ол жағына келгенде, азарда-безер болып қашушы еді. Қалкен отырғанда шынтақтап, бүйірін таянып салдарша отыратын еді. Оның ол отырысына да біз салдың өзі болдың деп қалжыңдайтынбыз.

Қалкен, шамасы, 1896—97 жылдары туған болар деп шамалаймын.

Қалкеннің мінезі өте сыпайы, қырмызы жібектей қырық оралушы еді, Қалкеннің өмірі жетімдік, жоқшылық, жетіспегендікпен өтті. 1923—24 жылдардан бастап ол «Степняк» алтын заводының «Ермовка» деген бөлімінде смотритель болып істеді. Ол кезде өндіріс жағдайы жақсы емес, алтын жуатын жері шаң-тозаң болып, алтын жуған кезде, кислотаның көк жалыны тұман болып тұратын. Басқа уақытта су-дымқыл болып жататын. Сондай жағдайда Қалкен сырқатқа шалдығып қайтыс болды. Одан тұқым қалмады.

Біржан мен Балуан Шолақтың кездесуі

Атақты Балуан Шолақтың баласы Құдайберген Шолақов Біржан мен өз әкесі туралы (1964 ж.) мынадай әңгіме айтты:

— Сырқаттанып жатыр деп естіп әкем әдейі барған соң, Біржан разы болып көңілденіп, масайрай бастапты. Әкем сол елде қасына Біржанды ертіп қыдырып тоғыз күн жүріпті. Ауырды-шалықты деген Біржан бір сыр

бiлдiрмей, кезегi келген жерде өлең айтып, ән де салыпты.

Әкеме қайтарда:

— Әй, қарағым Шолақ-ай, келгенiң өте жақсы болды-ау. Шiркін-ай, жұрттың бәрi сендей болмады-ау!— деп разы болып аттандырып қала берiптi.

Бұлар аттанып кетiп бiр жерге қонып отырғанда, артынан шапқын келiптi: «Бiржан қайта сырқаттанды, сiздi шақыра жiбердi»— деп.

Әкем: «Алдымда барайын деген жұмысым бар едi, екi-үш күннен кейiн барам»,— деп қайырыпты.

Бiржанның сырқаты содан меңдей ауырлай берiптi, оны әкем сырттан есiтiп, меңдеп кеткен сырқат қой, ендi болмас деп, қайыра оралмапты.

Б i р ж а н н ы ң ж ұ б а й ы Ә п i ш т у р а л ы

Бiржанның Нұржан деген туған ағасының Сыздық деген баласына қосылған Рахия деген келiнi (қазiрде Павлодарда тұрады) мына әңгiменi есiне алып маған жазып жiбердi.

«Мен 1914 жылы Сыздыққа қосылдым. Сонда бiздiң үйлердiң үлкенi Әпiш шешемiз бен өз шешем (Нұржанның әйелi) болатын. Әпiш шешемiз ұзын бойлы, сұңғақты, ат жақты, қыр қабақты қара торы адам едi. Темiр-тастың бойы, өңi, қас-қабағы шешесiне тартқан болатын. Шешемiз ақыл иесi, терең ойлы адам едi, оның ондай қасиетiн бертiн келгенде үлкен адамдар қадiрлеп айтып отыратын: «Осы Әпiштiң ақыл-ойы адамнан артық, шыққан тегi жаман адам емес, осы тәркiнiнiң жоғына қарағанда, перiнiң заты болар», дейтiн. Осы шешемiздiң айтқаны бойынша мына бiр оқиғалар есiмде қалыпты.

Атамыз Біржан серілік — салдықпен ел кезіп, «Қыр» еліне барыпты. Бір жерде өлең айтып, ән салып, тыңдаған халықтың құлақ құршын, мерейін қандырып, ойын тарқар кезінде, шешемізді көріп қалады. Ол бой жетіп отырған қыз екен. Екеуі ымменен сырласыпты. Ауызбауыз сөйлесуге көптен қаймығып тарасыпты. Сол кезде бір ауылда ойын болып, бұлар сонда барыпты. Сол жерде сөйлесіп бірін-бірі сүйетінін айтыпты. Солай бола тұрса да, қалың елдің ішінен жалғыз жүрген әнші қалай қыз әкетеді, соның ебін таба алмай дағдарысып қалған кезде Әпіш шешеміз ойлап ақыл тауыпты:

— Сері, мына ел көшеді. Бұл жерден ұзайды. Сен де бұл елден кет те, бір жұмада мені мына моладап тап, мен сонда келем, тірі болсам сенімен кетем, сенімен кетпесем, өлсем осы молада өлем. Менің орным осы мола болып қалсын,— депті.

Атамыз елден аттанып кетіп қалған болады да, ана ел көшіп екі-үш күндік жерге кеткенде, төрт күнінен кейін оралып келсе, анамыз Әпіш сол молада отыр екен. Бұл жерге келгеніме екі күн болды депті. Сол бойда екеуі түнделетіп жол жүріп, күндіз жапан түзді паналап ел шетіне жетіпті. Шешеміз содан кейін ел-жұртын көрмепті, оны іздеп ешкім келмепті. Ол: «Менің елі-жұртым, туған-туысқаным осы сері ғой. Бір деп білегінен, екі деп стегінен ұстап келдім ғой, мені жұрт не десе о десін!»— деп отыратып. Шешеміздің көңіліне қарап, елі-жұртын біз сұрамайтынбыз, осыдан басқаны ол кісі айтпайтын.

Біржан атамыз бертін келе Сараны екінші рет тағы іздеп бармақшы болыпты. «Мына әйеліңді, көріпген балаларды қайтесің, бір жерде қаңғырып жүріп өліп қаласың»,— деп Нұржан атамыз разылық бермепті. Сонда Әпіш шешеміз ақылға жеңдіріп, рұқсат әперіпті. Атамыз-

ға: «Мен Салдың атағын күтіп, жас бөбектерді бағып отырам. Сал өлең-әнге бола жаралған адам ғой, жолы болсын» — депті. Бірақ жолдың ұзақтығынан, қолының қысқалығынан Біржан атамыз елден ұзап шыға алмапты.

Біржан салға Мұса Бегенұлының ақыл беруі

Біржан сал алыстан Сараның ақындық-айтқырлық даңқып естіп, қайткенде іздеп барып онымен айтысуды арман етеді. Жол алыс, ел шалғай, оған мықты жолбасшы адам, алыс жолға талмайтын көлік керек болады. Бұл екі араға сауда жолымен жүретін керуендер күз кетіп, келер жылы жаз қайтады екен. Жолдың алыстығын жолдағы шөлейт сусыз даланың қиындығын ел жақсы білетін де еститін. Біржанға еріп ит арқасы қиянға бірден мен барам деп жолдас шыға қоймайды.

Осы дағдарыспен арада екі-үш жыл өтеді, бірақ барам деуден Біржан қайтпайды. Барам дегенін ақылдасқан ел адамдары мақұлдай да қоймайды. Өйткені алыстағы Найман елінің Біржан елімен еш байланысы жоқ. Сарамен айтыссын, жеңсін-жеңілсін, ол елге түсер пайда жоқ. Өйткені Найман — алыстағы ел. Бірақ әуелгі ниетінен қайтпай Біржанның елден жалғыз шығып кетіп бара жатқанын көріп амалсыздан немере туысы Ахметжан еріп шығады. Бұл екеуі Ақмолаға дейін келіп одан аса, Қуандық — Сүйіндік, Алтай — Тоқаны аралай отырып, руы Жауар Мұса Бегенұлының үйіне келіп түседі. Мұса жасынан Бекетші болып ұлықтардан сый алған адам екен. Мұса көп елді аралап, көп жүрген адам екен. Ол үйіне қондырып, Біржанның өлең-әнін естіп жөн сұ-

райды. Ақыры бір жұма үйіне жатқызып ақыл айтады. Мұсаның ақылы былай болады:

— Найманға тура барам деме, жолдың алыстығына қарамай ел аралап, Ертіс жағалап, Семейлетіп Аяғөз арқылы бар.

Ол елдің шетіне барған соң, Сарамен айтысуға келемін деп жар шашпа. Қайткенде тар жерде, ойланбай қапылыста соқтық.

Руым Керей елімін деме, Орта жүзде Керей аз ел. Онда жеңілесің. Орта жүздің аруағын көтере, Арқаның бұлбұлымын де, Арқаның басты адамдарын, байларын біліп алып, Найманның ер азаматтарымен ерлік дәрежелерін жарыстыр. Найманның басты адамдарын біліп алып, Сараның кіммен айтысып, кімнен жеңіліп, кімді жеңді, мақтаныш стетін қандай адамдары бар екенін біліп ал деді.

Біржап елден жеке шығып кетсе де, Сарамен айтысып жеңіп қайтуына, Мұсаның ақылы да себепші болды. «Біз елдетіп жүрмесек, жалғыз атпен Найманға жете алмас едік те, Найманның ақыны Сараны жеңе алмайтын да едік. Біржанның руым Керей демеі, жалпы Орта жүздің атақты адамдарын, байлығын мақтан ету себебі де, осы Мұсаның ақылы болды»— дейді Ахметжан.

Әрі қарай Біржанның жол серігі былай депті:

«Біз елден екеу шықсақтағы, жүре бере, Найман елінің шетіне барған соң, әр жерден адамдар қосылып, Найманға жеткенде жиырма-отыз адам болып кеттік».

Ел шетіне барған соң Мұсаның айтқанын істеп, Сараның өсегіне дейін сұрастырдық. Сүйтіп, жиналып барып Сарамен айтысты. Біз бұл жолы көп олжамен қайттық. Олжаның басын әдейі бұрылып барып Мұсаға қалдырдық, бірақ Мұса үйінде жоқ болды.

Осы сапардан қайтып келген кезде, қоныстас отырған Атығай-Керей жерге таласып араздаса бастады. Мұндай жағдайда Біржан елді тастап безіп көршілес ауылдарға кетіп жүрді. Берекесі кетіп дау қуған ел Біржанның салдық мерейін көтере де қоймады, немқұрайды қарады. «Шамның жарығы түбіне түспей, маңына түседі» деген бар ғой. Біржанның өлең-әндері туған елінен де маңайдағы елге көп тарау себебі де осы»,— дейтін.

Әңгіме етіп айтушы Кенжеболат Қосмағамбетұлы, Біржанның аталасы Мырзахмет Мұсаұлы (90 жаста) және Асқаров. Мұсаның туған жиені халық ақыны Хафиз Асқарұлы (60 жаста).

Б і р ж а н , Ш ы ң ғ о ж а ¹, Ш о л а қ б а л у а н т у р а л ы

Бекахмет Байғожаұлы деген әнші болған. Ол Біржанның шәкірті, жерлесі болатын. Кейін Біржан әндерін көп айтып елге таратушылардың бірі болған. Сол кісі айтып отырушы еді деген мына әңгімені Бекахметтің құдасы Қасен Қожахметұлы баяндап берді.

Менің жігіт кезім. Шағала көлінің бойына Сухотин қаласы (қазіргі Тайша станциясы) түсіп, сол жерден июль айында жәрмеңке ашылды. Сол жәрмеңкеге үлкендерге еріп мен де бардым. Күндіз базар аралаған ел кешке орындарына келіп орналасқан соң, олар өз іштеріндегі иеше түрлі ақындарды, сөз білгіш шешендерді, әнші өнерпаздарын айтыстырып, пағыз қызық осында болады екен. Бір кезде бір үйден өлең айтқан дауыс шықты, со-

¹ Шыңғожа — Арғын руы, Майлыбалта елінің адамы, Біржанның замандасы.

ны тыңдай бергенімізде, екінші үйден бір үн аспанға көтерілді. Жиылған жұрт сол үйге ағылды, солардың арасында мен де барып үлгердім. Қарасам, төрде тоты құстай түрленіп, қос шекті домбыраны безілдетіп, ақ көйлектің жағасын ағытып жіберген, үстінде жамылып «тырған көк торғын қаптал шапаны бар, ақ пайы ормалмен терін сүртіп біреу отыр.— «Бұл — Біржан, Біржан сал!»— деседі. Біржанның оң жағында өзіміздің Шынғожа (Шікен) отыр. Ол біздің бұрын елде көріп жүрген Шікең сықылды емес. Біржан ән салып тоқтаған кезінде қолындағы домбырасын баптап шертіп, қоңыр күйге, зарлы сарынға басып, кең дарияда қалқып жүзген аққудай шалқып отыр.

Одан төменірек, денесі кесек жұп-жұмыр, тұғырда отырған алғыр бүркіттей қомданып жас біреу отыр. Ол Шолақ балуан екен. Бір кезде ол да жуан қоңыр дауысқа салып әнді қоя берді. Сол кезде тыстағылар үйді жығатын болған соң, әншілер тысқа шығып, кезек-кезек ән салды, күй тартты. Сөйтіп, таң атқанша далада отырды. Жұрт алқа қотан отырып алған, басқа ойын-күлкі жоқ, тұс-тұстан: «Ай пәле, көп жаса!» лап көтеріп жатыр. Сол өлең айту, ән салумен отырғанда, таң да атты.

Келер күні жан-жағымыздағы көрші ауылдардан ән-өлең, күй тыңдаушылар жиналып келіп қаптап отырып алысты. Тағы думан. Іңірде Шолақ балуан ат ойынып көрсетті, артынан тағы өлең, ән, күй тартылды, тағы таң атты. Бір кезде көптің арасынан біреу орнынан тұрып:

— Уа сабаздар, міне бірнеше күн болды. Тайшаның жәрмеңкесін думан қылдыңдар, көп жасаңдар! Шіркін-ай, Біржаны, Шынғожасы, Шолақ балуаны бар ел қандай көрікті,— деп дуылдасты. Бүгін жәрмеңке тарайды,

сіздер топтарыңмен біздің ауылға жүріңдер!—деді. «Бұл кім?»— деп сұрап едім, «Бұл — Махамбет»¹,— деді жұрт. Келесі күні жәрмеңке тарарда, елдің аузында Махамбеттің айтқан жалынды сөзі болды. Осы сөзді айтып жұрт ауыздан-ауызға тарата жөнелді. Содан кейін елге бұл сөз мақал болып кетті.

Бұл жәрменкеден мен де олжасыз қайтқам жоқ: бұрын көрмеген Біржан мен Шолақ балуанды көріп, әндерін естідім. «Ағайынның қадірі жоқ» дегендей, Шікең елдес болған соң, қадірін білмейді екенбіз. Біржан мен Шолақтың қасында отырып зарлатып күй тартқанда Шікеңнің жекеше қасиетін сонда көрдім. Бұл жәрменкедегі екі-үш күн көрген қызығым маған бір жыл оқып үйренгенмен тең болды. Мені жұрт әнші дейді, міне мен сол әншілерден үйрендім, бұл әнді сондай өнерпаздарды көрген мен айтпағанда, кім айтады!— деп әрдайым осы әңгімені Бекахмет әнші айтып отырушы еді.

Біржан өзінің әдеті бойынша ел аралап, сауық-сайран құрып келе жатып Байғожа дегеннің үйіне іңірде қонуға рұқсат сұрап түсе қалады. Күн жауып екен. Үй иесі Байғожа ықыласты болмай, үйде қонақтар бар еді, қонсаң қош дей салады. Аты-жөнін сұрамайды. Біржан үйге кірсе, шынында үйінде қонақтары бар екен. Қонақтардың үлкендері домбыра тарттырып, өнерлі өлең білетіндеріне өлең айтқызып гулесіп жатады. Бір өлеңшінің домбыра тартқанда бір-екі пернесі орнында болмай бөгет жасайды, дыбысы түзу шықпайды, оған қараған әнші болмайды, қызыл кеңірдек болып өлең мен әнді төпей бастай-

¹ Махамбет Айдосұлы — Қадыр руының басты адамы. Кезінде мырза атанған жомарт адам екен.

ды. Отырғандар «Уай, пәлел!» деп көтеріп, мақтауларын беріп жатады. Сонда біреуі:

— Жігітім, домбыраңның үні келіспей отыр, мынау айтып отырғаның Біржан салдың өлеңі мен әні ғой, оған келтіре алмай отырсың дейді. Өлең айтушы оған намыстанып:

— Ой, Біржаның кім еді, былтыр Атбасардың базарында мен оны әннен отырғызып кеткем,— деп мақтанып көпіреді. Біржанда үн-түн жоқ. Бір сәтін күтіп отыра береді. Бір кезде отырғандар желпінуге далаға шығады. Сол кезде Біржан домбыраны ала сала:

— Біржанды әннен тоқтатқан әншінің домбырасы!— деп пернені түзеп, домбыраны тартып-тартып жіберіп, орнына қоя қояды. Оны сол үйдің әйелі байқап қалады.

Қонақтар үйге кіріп домбыраны қайта тартса, манағыдай емес, үні басқа шығады. Отырғандар:

— Е-е, жаңа түзелді ғой, қалай түзедің?— деп гулеседі. Біреулер:

— Міне, Біржан осылай тартатын,— деп сүйінеді. Әңгіменің бәрін естіп бағып отырған әйел, күйеуіне, отырғандарға:

— Мына қонаққа да бір кезек келген болар, домбыраны беріңіз,— дейді. Біржанға домбыра тиген соң, әнді шырқап жібергенде отырған үйге жұрт лық толып кеткенін сшкім аңғармай қалады. Басқа әңгіме, ішілетін ас бәрі ұмытылып қалады. Ызаланып алған Біржан ән мен өлеңнен тоқтамайды. Адамға, шырқалған дауыс та үйге симай тарылып дем алу қиынға айналған кезде, Біржан шаршап домбырасын қоя салады. Жөн сұрасақ, Біржан екен, үй иесі жаман масқара болып ұялып, бұрынғы қонақтардың көбін басқа үйге шығарып, Біржанды құрмет-

ке бөлейді. Мамағы өлең айтып мақтанып отырған әнші ұялып түнде аттанып та кетеді.

Отырғандар Біржанға «Қалай шыдап отырдың?» деп сұрапты.

Біржан:

— Қайдан шыдап отырайын. Үйде пана болмады, далаға бірнеше шығып кірдім. Олар өлең айтқанда, делебем қозып шығып кетем, өлеңдері қойылған кезде үйге кірем. Тұншыққан адамша булығып эрең шыдадым,— депті.

Біржанның үні, даусы туралы

Біржанның үні, даусы туралы ел ішінде мынадай аңыздар көп айтылады.

Біржапды он бес-жиырма жасында көрген. 92 жастағы Айтжан Қонды баласы былай дейді:

— Бір жылы ел жаз Шағала көліне көшіп шығып, төл аяқтандырып отырған маусым еді. Бір күні кешке кенеттен бір үн, аңыз естілді. Мал сауып отырған сауыншы сауынын қоя қойып, отын ұсақтап отырған адамдар, балтасын көтерген күйі тұра қалып, мал қайырған адамдар да тоқтап тыңдай қалыпты. Бұрыннан даусына, үніне таныс адамдар: «Мынау Біржанның даусы, әнді қайда салып тұр екен? Мұнда келе жатыр ма екен?»— деп, жорамалдап жатты. Біраздан кейін, дауыс алыстай бастады, оның үні әркімнің құлағында қалғандай болды. Сол түні кәрі-жастың, барлық ауылдың әңгімесі «Біржан қай ауылда, кімнің үйінде ән салып отыр екен» деумен болды. Осы жоғарыда айтылған Шағала көлінің күн батысында Қотыр, Сейтен, Жабағы, Қатық, Қонды, Көшербай ауылдары деген орманды жағалай аралары төрт-

бес шақырымдай қашықтықта отыратын ауылдар болатын. Біржанның осы салған әні осылардың бәріне естіліпті. Бәрі таңырқапты. Артынан сұрастырсақ, сол күні Біржан үлкен қара жолмен Жабағы ауылына өтіп бара жатып ән салған екен. Сол жолдан мына айтылған ауылдар он-он бес шақырымдай болады.

1925 жылы, сексеннің ішіне мол кірген Бейсеннің Қорқытбайы деген адам былай деді:

— Қазіргі Қонды жұрты мен Көшербайдың ауылының екі арасы қалың орман еді. Иса ауылында бір жұмысымыз болып, жанымда Шайтім деген інім бар, келе жатыр едік. «Жол қысқарсып, Шайтім, өлең айт»,— дедім. Шайтім сол күнде жаңа шығып жүрген Біржанның «Қаудырлеттім»¹ деген әнін айтып келе жатты. Кешеттен, екінші жақтан, алдымызда екі атты адам көрініп, бізді тосып тұрды. Біз жақындап келіп, сәлем бердік, біздің сәлемімізді алды. Бірі — Біржан екен, ол басқа сөзге келмей: «Әй, «Қаудырлетке» басып келе жатқан қайсың?»— деді. Мен:

«Мынау менің інім еді»,— дедім. Сонда Біржан: Әй, сенің қаракөкті жылқыңда менің не жұмысым бар, ал енді менің «Қаудірлеттімде» сенің не жұмысың бар? «Қаудірлетке» бассаң, былай бас»,— деп, шырқап кеп жіберіп еді, қалың орман, сыңсыған тоғай жаңғырып кетті.

Содан соң Біржан: «Ал қош болыңдар!»— деп жүріп кетті.

Шайтімге қарасам, қара терге түсіп, қарадай булығып тұр екен, «уһ» деп демін алды.

¹ Әңгіме айтушы ақсақалдан:— Қоқа, «Қаудірлеттің» өлеңі әні қандай еді, есіңізде бар ма?— дегенімде ол кісі:— Тіпті есімде жоқ,— деді.

Біржанның бір аталасының есінде қалған әңгімесі

Бірде әкем Сүлеймен Біржан туралы оның даусы мен әншілігі туралы әңгімелеп отырды.

— Әке сіз Біржанды білесіз бе?— дедім.

— Е, неге білмейіп, көрдім де, бірінші көруім былай болды,— деді.— Қанжығалы елі мен Керей арасында құдалық болып, сонда мені балуан күресіне шығарды. Ол жақтың балуаны түйе балуан екен, алғызбады. Бір сәті абройы болып жамбасқа алып соғып жіберіп, үстіне шыққанымда, ызаланып үстінен босатпай құшақтап тұрғызбады. Біз сүйтіп арпалысып жатқанымызда, бір адам топтан шығып, ащы дауыспен:

— Ысмайылышы! Ысмайыл! Әй сені тапқан шешеңнен айналайын!— деп жетіп келіп, мені балуанның үстінен жұлып алды. Мен оны танымай, сөзіне түсінбей, артынан бұл кім еді, деп әкем Құлакеңнен сұрағанымда, ол Біржан сал, деді. Сонда ол кісі:— біз Ақсары-Құрсары Ысмайылдан тараймыз, соны ұран қылған ғой,— деді.

Әкесі Сүлеймен Құлеке баласынан естуі бойынша әңгімелеуші Қаңтарбайұлы Көпен.

Біржанды сабаған поштабайдан елдің кек алуы

Атығай ішінде Ақжолбайдың Айжан деген қызын Азнабайдың руласы Махамбетке айттырады. Бір жолы Біржан сол Ақжолбайдың үйіне келіп қонып, Айжанның құрметіне разы болып, «Айжанның разы болдым құрме-

тіне» деген өлеңін шығарады. Осы өлең Азнабай мен Махамбетке жетіп, олар Біржанға наразы болады. Екінші Азнабайдың руласы Балғожаны Біржаншың өлеңмен өлтіріп кеткені тағы бар. Осыларға намыстанып олар Біржаннан кек алмақшы болып поштабай Сайлыбайды жұмсайды. Поштабай Біржанды ұрмақшы болады. Біржан бұған назаланып Жанботаға өлеңмен назын айтса, Жанбота оны тыңдап, Біржанның намысын жоқтамайды. Біржанның «Жанбота», «Адасқақ» деген өлең-эндерінің шығуына себеп осы болған екен. Бұл оқиғаға Атығай — Керей елі наразы болады екен. Келесі жылы Азнабай Атығай, Қожағұлды, Бейсенді қонаққа шақырады. Олар шақырған жерге «Қу Сүлеймен» атанған ел адамын ертіп ала барады. Құрметті қонақтар түрлі сый-сияпатын көріп жатқанда, Сүлеймен тысқа шығып, баяғы Біржанды ұрған поштабайдан Біржанның кегін алу үшін жеке-леп шақырады. Аңқау есер поштабай жетіп келеді. Қараса, поштабайдың түрі: сары, бұжыр, шегір шүңірейген көк көзі, қошқар мұрын, ұзын бойлы адам екен.

Сүлеймен:

— Жігітім, аман жүрмісің? Өзің мықты, алғыр, шабытты жігіт екенсің. Сені тапқан шешеңе болайын. Жігітім, осы сенің туысыңда бір көркемдік бар болар, шешең қандай адам еді?— дейді. Аңқау поштабай:

— Я, шешем көркем сұлу адам еді, біраз жыл болды қайтыс болды,— депті.

Сүлеймен жұлып алғандай:

— Бәсе, «шөптің басы жел болса қимылдайды ғой», тегін кісі таз бола ма? Осы Азнабай да тегін адам емес қой, сенің шешеңе көңіл қосып сені поштабай сайлап ұстап жүргені сол деседі ғой,— дегенде поштабай ашуланып жарылып кетердей болыпты.

Сонда Сүлеймен шарт жүгініп отыра қалып, былай дейді: «Қане жұрт, міне өздерің көріп отырсыңдар, осы біз Атығай — Керейдің баласы осы Азнабай мен оның мына жыңды поштабайы үшін туыппыз ба? Былтыр қан базарда Атығай — Керейдің ардагер еркесі Біржанды ұрып зарлатты. Жанбота құдалығына сатылып, Біржанның жоғын жоқтамады, ол намыс Атығай — Керейдің намысы еді. Ал, міне көз алдарыңда, мені ұрам деп таптап береді, басқа жерде не істемейді. ал жұрт, мені арашаламаңдар, өлтірсін, Біржаннан артық емеспін,— деп, поштабайға өкпені көрсетіп қояды. Көпшілік, сөзден тосылып, «Поштабай, сенікі теріс»,— деп айып кесіп, поштабайдың атын Сүлейменге әпертіпті. Отырғандар:

— Сен, поштабай, тартар айыбыңды тарттың, бұл саған не қылды?— десе, поштабай айтпайды. Ал, «қу», сен айтшы, бұл саған неге өшікті?— дейді Сүлеймен:

— Жұрт-ау, мен бұған не қылыппын, түк жазығым жоқ, көріп отырсыңдар ғой, бұл есер поштабай, елге не істемей жүр, мен соның бір ғана кінәсін айтып едім,— дегенде, поштабай үйден шыға жөнеліпті. Сүлеймен оған:

— Сен былтыр, қашпа, қызық әлі алда,— деп кешегіден бергі сөз қайдап, қалай басталды бәрін айтқанда, отырғандар шек-сілесі қатып күліп, мәз-майрам болып кенеліпті. Поштабай ашуланып, олар аттанғанша жоламай қойыпты. Елдің жігіттері поштабайды іздеп таба алмапты. Естіген Атығай — Керейдің адамдары Біржанның Жанбота жоқтамаған кегін Сүлеймен іздеп алды,— деп разы болыпты.

Сүлейменнің осы ісі елге жайылып кетіп, поштабай сол елге тұра алмай, көшіп кетіпті деп әңгіме қылып айтушы Қожахметтің Қасені деген кісі еді.

Жазып алған Қарта Қақтарбаев.

Бір мәжілісте Біржанның «Жанбота» әні шырқалып айтылған еді, ішінде Ыбырай мен Сұраған әншілер бар еді.

— Апырым-ай, Азнабайдың поштабайына бір зауал болмады ма екен?— деген сұрау туып қалып еді, сонда Ыбырай жұлып алғандай — пәли поштабайға, сол жиында дүре соғылып, бір ат-шапан төленіпті,— деді.

— Бір қария отырып, Ібекеңдікі дұрыс, мен де осылай есітіп едім деді. Бірақ, Ыбырай әңгімені одан әрі жалғап, «Жанбота» әнінің қалай шыққанын, Азнабай мен Жанбота арасында қандай жанжал туғанын Біржанның өз аузынан естігенін және Орекеңнен, Шыңғыс баласы Жақыптан тағы бірнеше ішінде болған адамдардан есітіп-біліп, Жанбота Біржан туралы әңгімені мен өзім Өрекең баласы Омардан, Тілембайдың Оспаннан, Бағасының Назарынан, Сердалінің Жәмшиінінен естіген едім, сол естіген әңгімелердің түйіні жоғарғы Ыбырай айтқан шындыққа соғады. Аға сұлтандық жойылып Көкшетау уез болған заманда, болыстардың, билердің бас қосқан үлкен жиналысы Көкшетау қаласының дәл желкесіндегі, Қылшақты өзенінің бойында өтіпті. Ол жерде ұлықтар түсетін қызыл үй бар екен. Елден келгендер киіз үйлерді, сойыс малдарды, көшіріп әкеліп өзен жағасына орнатып тастапты. Сол жиынға Атығай, Керейдің болы-

сы Жанбота қасында бір топ нөкері, атақты әнші, Біржан сал да келіпті. Әр болыстың мықтылары осылай келіп өзіне тігілген арнаулы үйге түсіпті. Біржан қалың жиынның бір бөлегін өзінің шырқаған әнімен жиып алып, босатпай, басталатын бір бөлек мәжіліске бөгет жасапты. Қылды Қарауылдың болысы, Азнабайға мәжіліске жұртты түгел жинап келтіру тапсырылыпты. Азнабай поштавойын жұмсап, жұртты шақыртса, Біржан думанды қыздыра берсе керек. Поштавой екі рет сөзін тыңдата алмай, болысқа қайтып барғанда, Азнабай ашуланып, — бұйрықты неге орындамайсың — деп, үйден боқтап шығарыпты. — Біржан деген қайдан шыққан құдай тоқтатпайсың ба деп, поштавой осы бетімен бара Біржанның домбырасын тартып алып, қамшымен ұрамын деген жерінен жұрт айырып алыпты. Отырған жұрт поштавойдың бұл қылығына ызаланып, Біржанмен бірге намыс қылып, бұған Атығай — Керей қосыла ұран шақырыпты. Үлкен жанжал туып кетеді. Міне, осы ашу-ызаның үстінде Біржан өзінің болысы Жанботаға келіп өкпе назын, поштавойдан көрген қорлығын айтыпты, ол жерде Біржанның айтқан өлеңі көп дейді. Атамыздың және Ыбырайдың айтуына қарағанда ән дәл сол жанжал үстінде емес, кейінірек шығарылып таралса керек. Біржанның және қалың Атығайдың, Қарауылдың болысына деген мұндайлық ашулы наразылығы Жанботаға да оңай тимеген. Онда өзінің елдің ыңғайымен Азнабайға қарсы салмақ салып, — мына бұзақы поштавойын тияма, тимаса Атығайдың қолы бос тұрысатын жерін айтсын, — депті. Азнабай жағын қолдаушылар аз болып, жанжалдың арты насырға шабатынын сезіп Азнабай амалсыз бітімге келіпті. Поштавойға дүре соқтырып, бір ат, бір шапан айып төлепті. Азнабай осы жиында поштавойының бұза-

қылығынан опық жеп оның үстіне артынан Біржанның өлеңі елге таралып кетіп, көпке дейін Атығай — Керейдің бір қатар адамдарымен, Біржанмен араз болып жүрсе керек. «Жанбота» әні туралы мұның бұрынғы қариялардан есітіп есімде қалғаны осылар. Мен өзім Ыбырайдың айтқанына, атамыз Омардың айтқандарына имандай сенем. Сол сенгендігімнен бұл айтқандарым түгел шындық деп білем.

Жазып берген Ержанұлы Молдахмет.

БІРЖАН ЖӨНІНДЕ ЕСТІГЕНДЕРІМ

Мен, 1925—1930 жылдары қызмет бабымен Керей елінде тұрып, Біржанды көрген, жақсы білген адамдардың талайымен кездесіп, соның ішінде ақынның баласы Теміртаспен, атақты ақын, әнші Хамитпен жақын араласып жүріп, солардың айтқан талай қызық әңгімелері мен салған әндерін тыңдап едім. Бірақ ол кезде Біржан өлеңдері керек болады-ау деп, ескеріп жинаған жоқ едім, солай бола тұрса да жақсы адамның өнері, кімді де болса қызықтырмай қоймайды ғой. Сол естіген әңгімелердің кейбірінен есімде қалғандары.

1928 жылы «Ақкөл» бойында отырған Теміртас үйінде басымыз қосылды. Арамыздағы халық әндерін өте әсем орындайтын белгілі әнші Бәкеннің Хамиты, тағы бір топ жастардың әңгімесі Біржан төңірегінде болды. Біздің ниетімізге орай Теміртастың айтқан әңгімесі де көңіл бөлерлік еді.— Әкем өлгенде, шешемнің қолында үш бала қалдық. Олар: екі қыз — Асыл, Ақық, ұлдан Қалкен екеуміз. Інім Қалкен енді ер жетіп биыл отызға шығып отыр, Асыл, Ақық ерге шығып, балалы-шағалы болып кезінде егде тартып қайтыс болған. Мен 1916 жылы 27 жасымда солдаттыққа алынып 1917 жылы қайтып келдім, мынау отырған Гүлжамилара сол қайтып келген жылы қосылдым, кішкене інілерің Мұхаметқали биыл жетіге келді деп ұлының басын сипады.

Осыдан бірер жыл бұрын қайтыс болған шешеміздің әңгімелері мол еді. Оның үстіне бала болсам да ауырып

жатқан әкемді ұмытқам жоқ. Әкем шақырып алып маңдайымнан сипап жыласа біз шырылдап қоса жылаушы едік. Ал байлаулы жатқанына ыза болып дауысын қатты шығаратын. Өлер алдында жұрт оны жындандыға санаған. Біржан науқастанып жүрсе де, кейде домбырасын қолынан тастамай, өзінің әншілік өмірі есіне түсіп, орыныс уақытта айғайлап шу көтеріп, ән салып жұрттың мазасын ала берген соң, оны ағалары домбырасын тартып алып өлең айтқызбайды екен, әкеміздің әншілігін үлкепкішінің бәрі айтып келеді. Осы үйге де сіздерді сол кісінің атағы әкеліп отыр ғой. Бір өкініші біздің Атығай — Керейдің ішінде Біржанның жолына түсіп, сондай ән салатын әншілер қайда деп ренжігендей болды. Біз Біржанның жолын ұстап, оның әндерін айтып жүрген шебересі мына отырған Хамит бар емес пе дедік.— Я ендігі үміт ететін осы Хамитіміз ғой деді.

— Шешеміздің айтуынша,— деп, тағы бастады Теміртас әңгімесін:— әкеміз орта бойлы, қызыл шырайлы келбетті кісі екен, оның үстіне киімді де өте сұлу киген. Әкеміздің араламаған, бармаған жері шамалы, кейде ол ел аралап ұзақ жолға шыққанда екі-үш айда әрең қайтып ксетін деп шешеміз айтып отырушы еді.

Манадан бері домбырасын шертіп, жүйрік аттай құлшынып отырған Хамитқа бір қарап қалған әңгімені тағы айта жатармын, алдымен Біржанның бір-екі әнін салып жібер деп тілек етуі-ақ мұң екен Хамит іркілместен Біржанның «Айтбай», «Ләйлім шырақ», «Жанбота», «Жанбас сипар», «Көкек», «Екіжирен», «Жиырма бес» әндерін бірінің артынан бірін шырқап айта берді. Хамиттің салған әндеріне разы болған жастармен бірге Теміртас та — па шіркін, деп бір көтеріп қойып сөзін қайта бастады. Хамиттің салған әнінен шешеміздің тағы бір

айтқан сөзі есіме түсті.— Көршілес ауылда бір жиын той болып, сонда әкеміз жұрттың сұрауымен осы «Айтбай» әнін айтады, өлеңді айтып болған соң, көпшіліктің арасынан орта жасқа келген бір ажарлы әйел Біржанмен қалжыңдасып:— Біржан-ай, өл-өлгенше атымды елге жайып кеттің-ау депті. Артынан сұрастырып білсем, Біржанның жас кезінде өлең шығарған Айтбай деген қызы осы екен. Ал енді «Жанбота» әні, би-болыстардың Біржанға істеген қиянатынан шыққан ән дейді. Біржан мен Қарауыл Азнабай және Жанбота араларында болған араздық осы әннің шығуына себеп болды деп айтушы еді шешеміз. Әкеміз шаруаға салақ екен, атамыздың бар дәулетін судай шашып, төгіпті.— Кейін шешем құдай әкелеріңнің серілігін бермесін, марқұм үнемі үйде отырмай, шаруасына көзін салмай маған сеніп, ұдайы ел кезіп кете беруші еді.— Бір жылы Тобықты, Қаракесек аталық Қаптағай елдерін аралап отырып Найман ішіне барыпты, сонда жүріп Сара деген қызбен айтысып жеңіп қайтқанын шешем де, ауылдағы қариялар да есіне түсіріп айтып берген еді. Шешеміздің басқа айтқан әңгімелерінің көбі есімізден шығып қалыпты. Біржанды көрген, жасы келген қариялардан осы Керей ішінде, Тоқсанбайдың Сыздығы бір кезде домбыра тартып, ән айтқан Елебайдың Ержаны. Қисықтың Қарасы, Есімнің Ақаны тағы басқалар жақсы біледі деп естимін. Әкем жөнінде осылардан сұрасаңдар айтып берер деп сөзін бітіріп, Хамитке тағн да ән салдырды. Мен кейін Теміртас атаған адамдардың бірталайымен әңгімелестім. Сыздық Жанботаның, Азнабайдың, Қожағұл әулетінің тарихын түгел таратып айтып берді. Ал Ержан, Біржан әндерінің қалай шыққанынан, әсіресе жастық, серілік дәурен құрғанынан бір талай әңгімелер де қозғады, өзі домбыра

тартып ән салуға бейім адам еді, шырқап салмаса да ән мен күйдің бабын білетін. Ал оның баласы Рамазан гармон тартатын еді. Рамазанның қандайлық композитор болып ер жеткені жұртшылыққа аян. Біржан жөнінде аңыз әңгіменің ұшы-қиыры жоқ, мол Көкшетау елі түгіл,—Қарқаралыдағы Қаракесек руынан шыққан 76 жасқа келген Тәнекенов Ысқақ, 80 жасқа келген Мәлібеков Тоқан да қызық деректер келтіреді.— Жас кезім дейді — Ысқақ Біржанды Қоянды жәрменкесінде ән салып сайрандап жүргенде бір көргенім бар еді. Біржан орта бойлы, сұлу келбетті кісі еді, дауысы өте зор, тынысы кең, әнді екпіндете түрлендіріп шырқап салғанда, базарға келгендердің бәрі қасына жиналды, оның салған әнін естігенде құлағыңның құрышы қанып, іштегі қайғы-шерің тарап, кең дүниені еркін аралағандай болатын едік, онан кейін де талай жерлерде ән салған әншілерді көрдім, бірақ Біржандай әнді бабына келтіріп салған әншілерді көрмедім деді. Біржан жөнінде білетіндерімді жас кезімде өлең қылып жинамасам да, кейін біліп әр кімдердің айтқан әңгімелерінен есіме түсіріп жазып алған деректерім көп еді. Осыны ескеріп 1956 жылы «Лениншіл жас» газетіне (№ 5) «Біржан мұрасы жете зерттелсін» және 1957 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде «Біржан ел аузында» деген мақалаар жаздым. Бұл менің газетке жариялаған деректерімді Ахмет Жұбанов та «Замана бұлбұлдары» атты кітабында, Ғ. Әбетов те (Қазақ әдебиетінің тарихы II том) ғылыми еңбектерінің керегіне жаратыпты. Сол сияқты осы кітапты құрастырушылар да мен жинаған деректерді пайдаланғандығын жасырмайды. Біржан жөнінде жинаған азды-көпті деректеріміз үлкен кітаптардың бір керегіне жараса еңбегімнің еш болмағаны ғой.

Есім Байболов.

Түсініктер



Помощник
Биржевой
Кассы
1835-1897
Биржевой
Кассы
Кассир

ӘН, ӨЛЕҢДЕР

1. «Баласы Қожағұлдың Біржан салмын» — ән-өлеңі. Өлеңнің тексі Қазақ ССР Ғылым академиясы М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен С. М. Киров атындағы Қазақтың мемлекеттік университеті Қазақ әдебиеті кафедрасы 1962 жылы шығарған (жаалпы редакциясын басқарған Ы. Т. Дүйсенбаев) «XVIII—XIX ғасырлардағы қазақ ақындары шығармаларының жинағы» бойынша баспаға ұсынылды. Бұл өлең алғашқы рет А. Жұбановтың 1942 жылы баспадан шыққан «Қазақ композиторларының өмірі мен творчествосы» атты кітабында жарияланды. Одан кейін Б. Ерзакович құрастырған «Қазақстанның халық әндері» атты 1955 жылғы жинаққа, Ы. Т. Дүйсенбаев құрастырған 1965 жылы жарыққа шыққан «Үш ғасыр жырлайды» жинағына енді.

2. Айтбай («Атымның қақ тұрады сауырына» — ән, өлеңі. тексі 1965 жылғы жинаққа сүйеніп берілді. Өлең 1962, 1965 жылғы жинақтарда және 1959 жылы Б. Ерзакович пен М. Майчкин бастырып шығарған «Біржанның Әндері») деп аталатын өз шығармалар жинағында жарияланды.

«Айтбай» Е. Байболсұттың және Көкшетау облысы, Еңбекшілер ауданында тұратын 70 жастағы Кәрім қарияның айтуына қарағанда Айтбай деген сұлу қызға гашық болып шығарса керек. Екеуінің қосыла алмағанын арман етіп, кейін «Ғашығым», «Ғашық жар» деген әндер шығарады.

3. Қаламқас («Мен жаздым сәлемдеме Қаламқасқа») — ән-өлеңі. Өлеңнің тексі алғаш 1955 жылғы жинақта, кейін, Біржан шығармаларының жинағында басылды.

4. Алтын балдақ («Қолыма асынғаным алтын балдақ») — ән-өлеңі, тексі 1955, 1962, 1965 жылғы жинақтарда жарық көрді.

5. Ақсеркеш («Бір атты сатып міндім елу беске») — ән өлеңі. Өлең 1955—1959, 1962, 1965 жылғы жинақтардың негізінде алынды.

Біржанның бұл әні ел арасында «Ақсеркеш» деп те аталады, бұл жинақта «Ақсеркеш» деп жіберіліп отыр.

6. Соқпа-ай-соқ («Мінезі жүйрік аттың — соқпа-ай-соқпа») — ән өлеңі. Өлеңнің тексі 1955, 1962, 1965 жылғы жинақтарға сүйеніп берілді.

7. Керкекіл («Астымда керкекілім бұлаңдайды») — ән өлеңі. Өлеңнің тексі Біржан шығармаларының жинағы және 1963 жылғы «Қазақ әндері» жинағы бойынша баспа бетіне ұсынылып отыр.

8. Бірлән («Қарағым, айналайын көз көргенім») — ән өлеңі, тексі 1955, 1959, 1962, 1965 жылғы жинақ бойынша баспаға ұсынылды.

9. Ғашығым («Дарига, дүниеге неге келдім-ай») — ән өлеңі, тексі 1955—1965 жылғы жинақ бойынша алынды.

10. Ғашық жар («Қиын екен жалғанда сүйген ғашық») — ән өлеңі, тексі 1955—1963 жылғы жинақ негізінде жіберіліп отыр.

11. Жайма-шуақ («Көл жағалай бітеді көкше құрақ») — ән өлеңі, тексі ел аузында айтылып жүрген нұсқасы бойынша баспаға ұсынылып отыр. Өлеңнің бұл нұсқасы А. Жұбановтың «Замана бұлбұлдары» (1963) кітабында және 1963—1965 жылғы жинақта жарияланды.

12. Жонып алды («Аты еді бұл әнімнің «Жонып алды») — ән өлеңі. Өлеңнің тексі Біржанның шығармалар жинағы негізінде баспаға жіберілді. 1965 жылғы жинақта жарияланды.

13. Сырғақты («Ақ тұйғын құс қолымда сырғақтым-ай») — ән өлеңі. Өлеңнің тексі 1955 жылы жинақ негізінде алынды, кейін Біржанның шығармалар жинағына және 1963 жылғы жинаққа енді.

14. Аққошқар («Өрісім өрдегі Алтай Қуандық-ты») — ән өлеңі. Өлеңнің тексі Біржанның шығармаларының жинағы және 1963 жылғы жинақ бойынша алынып отыр.

15. Ақтентек («Қызы едің Ақтентектің Шұға, Мақпал») — ән өлеңі. Өлеңнің тексі 1955, 1962, 1963, 1965 жылдардағы жинақтар бойынша берілді.

Қаңтарбаев Қартаның айтуынша бұл Атығай ішінде Есімбек — Маныс руынан шыққан. Соның Маныс руында ел адамы. Ән Шағырайдың Мақпал, Ажар деген қыздарына арналас керек, бір сапарында Шағырай бұлағына Біржанның аты сүрініп жығы-

лыпты. Сонда Біржан мына: «Ақтентек», «Мақпал» деген өлеңдерді шығарған екен.

16. Мақпал («Сайына Шағырайдың-ай-ау ағып кеттім») — ән өлеңі. Өлеңнің тексі ел аузында айтылып жүрген нұсқасы бойынша тұңғыш жарияланып отыр.

17. Жігітке кедейшілік ол сергелдең) — ән өлеңі. Өлеңнің тексі А. Затаевичтің жинағы («500 казахских песен и кюев» Алма-Ата, 1931, 104 — ән) бойынша берілді. Өлең 1962, 1965 жылғы жинақтарда басылды.

18. Бұрылтай әнінің («Таңбасы-ай жоқ, ені-ай жоқ Бұрылтайдың») — ән өлеңі. Өлеңнің тексі Біржан шығармаларының жинағы негізінде алынды. Өлең 1955, 1962, 1965 жылғы жинақтарда басылды.

«Бұрылтай» тексінің әні ел аузында үш түрлі айтылады, бұл жинаққа сол үш түрінің үшеуі де жіберіліп отыр.

19. Көкек («Аты жоқ құс болады көкек деген») — ән өлеңі, тексі 1962, 1965 жылғы жинақтар бойынша алынды. Өлеңі алғаш 1965 жылғы жинақта жарияланды, Біржанның шығармалар жинағына, 1963 жылғы жинаққа енді.

20. Телқоңыр («Телқоңыр қайтып кетті елге тамап») — ән өлеңі. Өлеңнің тексі 1962, 1965 жылғы жинақтар негізінде алынды. 1955, 1963 жылғы жинақтарда Біржан шығармалар жинағында басылды.

«Телқоңыр» әнінің төрт түрі бар, сол төртеуінің де текстері түгел беріліп отыр.

21. Ләйлім шырақ («Ләйлім шырақ дегенге, Ләйлім шырақ») — ән өлеңі. Өлеңнің тексі 1962, 1965 жылғы жинақтар негізінде жіберіліп отыр. Өлең алғаш С. Мұқанов пен Бекқожин құрастырған әдебиет хрестоматиясында (1939 ж.). 1940 жылы «Пионер» журналында (№ 11) жарық көрді. Одан кейін Қ. Жұмалиевтің «Қазақ әдебиеті» (1942, 1949, 1950), А. Жұбановтың «Қазақ композиторларының өмірі мен творчествосы» (1942) атты кітаптарында, 1955, 1963 жылғы жинақтарда, «Біржанның шығармалар жинағында», «Ақын жырлары» (1958) атты жинақта, М. Ғабдуллиннің «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» атты оқу құралында (1958, 1964) басылды.

С. Мұқанов пен А. Жұбанов, Қ. Қаңтарбасов, Е. Байболовтардың айтуына қарағанда өлең Көлбай, Жанбай деген дәулетті адамдардың қарындасына әзілдеп шығарса керек.

22. Көлбай — Жанбай («Атақты отыратын Көлбай —

ای بلس کویتنگان آردا کیر سین * فور بنگان جیتکیز باغان فوردا سینگ
 نینگ دالای جیتکی کویتنگان * آیتنگ نینگ قرانی جیتکی بوردا سین
 ایلاس جیتکی سین آنکو ماشیل * موتنگ مین چیا الای سین قراباسینه
 جنتای این اوردای جولدیس آلسنگ * مین کیمیل مین جیتکل ملی توراسینگ
 نك بولسا اوسیلن توتقا بوران * آرهنتی موس قازدیرمای اورا غایتنا
 * موندی برچان ننگ آیتن جوی * *

یسا تیل تیکیز با اهر قونلییای * آلسنگ دانکنی جیتکل کیر دولاندای
 سکرایس اون آقتی ایسل باسیم * ناداننگ منن ملرا صور جیلاندای
 ر توکل جیتکل ایلس ایرکاک قوزیب * تومان برمان جیر سچون اوزیم طلوب
 نی مان جابانک تاغیب صامطاندا * نوبسا کیتکاس ایلاس آدم جویف
 ن سینای فاق-قیلوب اوکوزار مین * ایزنارلی کورونادی سوزینک سووی
 ل سوروب تودان کیر جاندی ار سین * باسقال سین تاهلم شیل برچیل قویف
 روتقا اونارنگ نینگ آیتنای سال * کیتکیدی کرتارایاق حوزیم جویف
 ی غازی سین بالاکیتامین جور قسوق سلوز * مین صامطانورون
 یاکیکی آهی سیر قیندی شالما پتوغون

بندی اون ایکی ایسپوط جیدارامون * ایسینگان اول اولکانچه قالما پتوغون
 جیلان قولاج مویون کولک آیل مون * ایلاماوغا جتی کونکا تالمپتوغون
 لانیون ایکی حوزی جیش خوروش * کورساوین چاینان توپا تانما پتوغون
 وویورون موش نالاه ساؤلا بیز کین * داندیجه جمانینگان جاند اینوغون
 وی جینگا فامیس قولای قرلا کورکون * توتوغان جوزوبه اسپای فانی پتوغون
 ورطاشلیق قیلاننگ بیز باسین * قرانل خوی برچاندیسا نانی پتوغون
 ازوم و ننگ انکا ترستی کاری جیتی * داؤرلاب بلغان معاین مولاندیغون
 ارپا پاندا خولمه آشا بانام * اوصوندای اسز کومده قولدا پتوغون
 رسیده فرایتوغون قوراکیر مین * آنک آلمای جیرکا بکار قولدا پتوغون
 بنواس قاندى بالای آق ایپتوغون * توپاغیم تیکان تامغر اولتاپتوغون
 صلر مین آسمانداغی قوس بولانده * خانکلردی تالچیدانن تونکاپتوغون
 ولپارمورن کورغولی ننگ قیزا تیندای * آردینه جر کورسا مال سالما پتوغون
 وستم داستاندایسون دال اونارگا * سینگرب کسین بیلاب آلماپتوغون
 ایپنگا اسنگ نیکا بورامدی * آلاشمان ایلاب سین نالدا پتوغون

Жанбай»)— тексі 1962, 1965 жылғы жинақтың негізінде баепаға ұсынылып отыр.

23. Шідер («Көлбай—Жанбай дегенге, Көлбай—Жанбай»)— ән өлеңі, тексі 1955 жылғы жинаққа сүйеніп баспаға ұсынылды. Біржан шығармаларының жинағында, 1963 жинақта басылды.

24. Айжан қызға («Айжанның разы болдым құрметіне»)— өлеңнің тексі ел аузынан жиналып, алғаш жарияланып отыр.

Бұл өлеңді Қарта Қаңтарбаев Қожахметтің Қасені деген қарттан 1940 жылы жазып алады. Ол қарттардың айтқанын Айжанның інілері Бәйештің Омары деген кісі де растайды.

Ақжол байдның бой жетіп отырған қызы Айжан Біржан салды өзі шығып үйіне аттап түсіріп, сый-құрмет көрсетеді. Осыған Айжанды айттырып қойған жері Азнабай болыстың жақыны Махамбет жанжал шығарады. Осы әңгіменің алғы Азнабай болыстың Біржанға өшігуіне әкеліп соғады.

25. Біржанның Омбыда бір қызға айтқаны («Сіз бұрын естіп пе едіңіз Біржан салды»)— ән өлеңі, әні «Шалқыма» деп аталады. Өлеңнің тексі ел аузынан жиналып Тілеубаев Хамит ақсақалдың айтуы бойынша баспаға ұсынылып отыр.

Бұл әннің шығу тарихы жайында Сандыбаев Ыбырай ақынның (Үкілі Ыбырай) айтқандарын Тілеубаев Хамит ақсақал былайша әңгімелейді.

Омбы қаласында бір неше дуан елдің бас қосқан жиылысы болады. Патшаның баласы келеді, соған ақындар да барады,— деп лақап тарады, менің есер-соқ жігіт кезім, бетім ашылып, топқа кірген жоқпын да, дауысым ашылып өлең айтып ән салып топқа түсе бастағамын. Біржанның қалаың жиып үстінде кеп әнін естідім, әңдерін тыңдадым. Астына ақ боз ат мінген, басында үкілі бөрік, қолында үкілі домбыра, үстінде қаптал шапан, мойнында ақ торғын орамал, ұзын бойлы, әдемі келген, құр мұрынды, ақсұр адам екен, егде тартып қалыпты. Бір орында тұра алмадым, айналып теңселе берсем керек,— деп әркім мені қағып қыса бастады.

Бір кезде әлгі үйдеп екі-үш әйелмен атақты сұлу қыз шығып, Біржанды аттан түсіріп, алып кетті. Содан кейін ат үстінде тұрып шырқаған «Шалқыма» әнін Үкілі Ыбырай үйреніп айтып тартыпты.

Өлеңмен екі өкпеңді қалқытайын,
Қорғасындай денеңді балқытайын.

Біржаннан алып қалған аңыз еді
Толқындай «Шалқымамды» шалқытайын.

Ыбырай ақынның бұл өлеңін ең алғаш жазушы Сәбит Мұқанов та мектеп хрестоматиясына енгізген болатын. (С. Мұқанов, Қ. Бекхожин. Әдебиет хрестоматиясы. Орта мектептің 8 классына арналған. Алматы, Қазақмеккөркем әдеббас, 1938, 182 бет.)

26. А т ы м Біржан («Алтынмен тең түспейді інжу-маржан») — өлеңнің тексі ел аузынан жиналып тұңғыш басылып отыр. Бұл өлеңді Қарта Қаңтарбаев 1960 жылы Қасеннің Сатыбайы деген адамнан жазып алады.

Біржан ел аралап жүріп күздің бір сұрғылт күнінде белгілі сері Байгожаның Бекахметі дегеннің үйіне түседі. Үйдегі бұрыңғы қонақтар Біржанды ешкім танымаған соң, елемейді. Әнімді Біржаннан да асырғамын деп мақтаныпты. Біржан бір кезегі келгенде домбыраны бабына келтіріп, шырқай салған әнімен өзін танытыпты. Манағы Біржаннан ән асырдым деп бескен қонақ ұялғанынан түн ішінде аттанып кетіпті.

27. О р ы н б а й («Дегенге Орынтай-ды, Орынтай-ды») — ән өлеңі, тексі ел аузынан жиналып басылды. Өлеңді айтушы Солтүстік Қазақстан облысы, Совет ауданы В. И. Ленин атындағы совхоздың тұрғыны Аждад Исаұлы былай дейді: 1921—1922 жылдары Ақсары Керейдің іші бүліншілікке ұшырап, біздің Көкбайдың Көшейі, Тоқбайдың Еншігі т. б. он шақты үй көшіп келген болатын. Сол көшіп келгендердің жастары Біржан салдың жас кезінде Молдабайдың қызы Орынтай дегенге шығарған ән деп айтатын еді.

«Орынтай» әнінің ел ішінде айтылып жүргенін осы өлеңді жинаушы Қарта Қаңтарбаев та қостайды.

28. Қ а л қ а м а («Қалқама хат жаздырдым алақандай») — ән өлеңі. Өлеңнің тексі Құрманғазы атындағы Өнер институтының фольклор кабинетінен алынып, тұңғыш жарияланып отыр. Тапсырған Солтүстік Қазақстан облысы, Октябрь ауданының тұрғыны ақын, әнші Әлібаев Игібай.

29. П а р ж е к т і м («Пар жектім қос күреңді сүмеңдетіп») — ән өлеңі, тексі Құрманғазы атындағы Өнер институтының фольклор кабинетінен алынып, тұңғыш баспаға ұсынылды. Бұл да жоғарыда көрсетілген Әлібаев Игібай әнішіден алынды.

30. Қ а р а ш а («Қараша — қыстың басы болады күз») — ән өлеңі, тексі Құрманғазы атындағы Өнер институтының фольклор

кабинетінен алынды. Өлеңді тапсырған жоғарыда көрсетілген Әлібаев Игібай әнші, өлең баспа бетіне тұңғыш ұсынылып отыр.

31. Он екі завод («Қара нар жүк көтермесе, бұл кеткен соң») — ән өлеңі, баспа бетіне тұңғыш жарияланып отыр.

Өлеңнің бірінші түрі Құрманғазы атындағы Өнер институтының фольклор кабинетінен алынды, тапсырушы — жоғарыда аталған Әлібаев Игібай әнші.

Өлеңнің екінші түрін тапсырған — Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының қызметкері Садық Қасиманов. Ол Біржанның бұл әні жайында былай дейді:

Біржан Тобықты елін аралап жүріп Абай аулына келіп сауықсайран құрып жүргенінде, бұл елден Біржанның қасына Майбасардың Мұхаметжаны, Құсайын, Смағұл дегендер жаз бойы ерін жүріп жолдас болады. Біржан қайтқанша бірге болып, өлең-әндерін үйреніпті. Бұл үшеуінің өлеңге, әнге Мұхаметжан басым екен де, өзінше ән шығарған адам болыпты. Оның «Қоңырғы», «Әкелу» деген әндерін ел іші осы күнге дейін айтып жүреді.

Құсайын осы жолы Біржан мен Мұхаметжаннан көп өлең-ән үйреніп, өз репертуарының ең бір аяулысы есебінде өмір бойына орындап өткен, солардың көбін Құсайынның баласы Бағыбай ақсақал осы күні өзі айтып отырады.

Біржанның әндері деп ел ішінде айтып жүрген бірнеше әндері бар. Солардың бірі «Он екі завод» дейтін әні, Бағыбайдың орындауында өзгеше бір нәзік ән. Бұл әнді 1948 жылы Б. Г. Ерзакович поетаға түсіріп алды.

32. Ақ а у а р и а й д а й («Ақауға мен салайын арнайдай») — ән өлеңі. Өлеңнің тексі ел аузынан жиналып тұңғыш баспа жүзіне ұсынылады. Бұл өлеңді 1942 жылы Бәйіштің Омарынан жазып алған Қарта Қаңтарбаев.

33. О р ы н б ө р («Жігітке жарамайды ызақорлық») — ән өлеңі. Өлеңнің тексі 1962, 1965 жылғы жинақтар бойынша басылып отыр. 1955, 1963 жылғы жинақтарда Біржанның шығармалар жинағында басылды.

34. Т а л а й з а м а н («Мен Біржан болғалы талай заман») — ән өлеңі. Өлеңнің тексі 1962, 1965 жылғы жинақтар негізінде алынды.

Бұл әнді Біржан ақыл қыз Сарамен айтысып еліне оралғаннан кейін, сол сапарына арнап шығарады.

35. Ж е т і с у («Мен өзім Жетісуға барып қайттым») — өлең тексінің негізі етіп ел аузында айтылып жүрген нұсқасы алынды.

Бұл өлең Бекеш Исаұлының айтуы бойынша баспа бетіне алғаш ұсынылып отыр. Өлеңді 1963 жылы Қарта Қаңтарбаев жазып алды.

36. **Ақ жорға жан** («Басында кәмшат бәрік қиғашырақ») — эн өлеңі. Өлең ел аузынан жиналып алғаш басылып отыр, жинаушы Қазақ ССР Ғылыми академиясы Тіл білімі институтының қызметкері Садық Қасимановтың айтуынша өлең: Ақтай деген бір сұлу өлеңші, енші қызға арналған.

37. **Жастарға** («Ер жігіт дүниені кезгені артық») — өлеңнің тексі 1962, 1965 жылы жинақтар негізінде беріледі. Өлеңнің бір нұсқасы «Қазақ әдебиеті» газетінде (1960 жыл, 27 май № 22) басылды.

Бұл өлеңнің шығу тарихы жайлы Балғожаұлы Есмағамбет былайша әңгімелейді:

Біржан серілік-салдық құрып бір кетсе, үйіне айлап, жылдап жүріп оралатын болыпты. Біржанның мұнысына туыстары, өте-мөте Біржанның ағасы Нұржан, басқалары да, — сен ел кезіп кетесің де қоясың, артыңда әйелің, балаларың зарығып отырғаны, «Жамаң айтпай жақсы жоқ» бір жерде ауырып-сырқап қалсаң, масқара болғанымыз ғой. Енді тоқта, бала-шағаңа, мына дәулетіңе бас-көз болып отыр, жыл сайын, ай сайын келген қонағыңды, қыс соғым, жаз сусыныңды біз көтеріп отырайық, — деп ақыл айтқанда. Біржанның шығарған өлеңі еді.

38. **Қос дәулетке** («Үйімде жатыр едім көрінбей-ақ») — өлеңнің бірінші шумағы ел аузынан жиналып басылып жарияланып отыр, жинаушы — Қарта Қаңтарбаев. Бұл шумақтың бір нұсқасы А. Жұбановтың «Замана бұлбұлдары» (1963) атты кітабында басылды, ол нұсқасы мынау:

Мен өзім жатыр едім көрінбей-ақ,
Шіркін тіл, сөйлесейші ерінбей-ақ.
Тастық жел жоқшылыққа қарата ма
Ақын-енші дегендер өзімдей-ақ.

Өлеңнің екінші шумағы «Қазақ әдебиеті тарихының» екінші томының бірінші кітабында (XVIII—XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті) жарық көрді.

39. **Қасенге** («Кетейін сөйлеп-сөйлеп сөз келгенде») — өлеңнің тексі ел аузынан жиналған нұсқасы бойынша алынып, тұң-

ғыш жарияланып отыр. 1949 жылы Сағынай Амантайұлынан жазып алған Қарта Қаңтарбаев.

Күшен Қарауыл елінде Қасен Ниязулы дегеннің баласы тұғанда үлкен той жасап, сол тойға Біржан да барыпты. Тойдың көркі ән-өлең, оның несі — Біржан, ол кезек келгенде осы өлеңді шығарып арнай айтады. Тойға жиылған жұрт — Біржан төрт аяғын түгел айтты — деп қатты разы болады. Ертеңіне Біржанды жолаушымен аттандырады.

40. Байпаққа («Ей-Байпақ, өлең айта келдім саған») — өлең тексі ел аузында айтылып жүрген нұсқасы бойынша берілді. Бұл өлеңді 1963 жылы Шәкарым деген қарттан жазып алған Қарта Қаңтарбаев. Өлең баспа бетіне тұңғыш жарияланып отыр.

Ешкімге ешнәрсе бермейтін Байпақ деген бір сараң бай бар екен. Жұрт — Байпақтан ешнәрсе сұрап ала алмайсың деп Біржанды еліктіреді. Көпшілік жұмсаған соң: Біржан жұрттың көңілін қалдырмай, берсе, бермесе де, атағын шығарып кетейін деп байға келіп осы өлеңді айтады. Байпақ — А-а бір сом ба? — деп, жанын қармапты да, алып беріпті. Біржан бір сомды алып қасындағы жолдастарына қарап, — сендер, би күнә біреудің обалына қалдыңдар, бұл сараң болса, берер ме еді, міне көрдіңдер ме? Айтқан бір сомды берді, — деп, бір сомды отырғандарға әкеліп беріпті. Отырғандар — «қалауын тапса қар жанады» — деген осы-ау деп, аң-таң болып, Біржанға разы болыпты.

41. Күлен — Маймаққа («Сен өзің туғаныңнан Маймақ едің») — өлеңнің тексі Балуан Шолақтың баласы Құдайбергеннің айтуы бойынша тұңғыш рет басылып отыр. 1964 жылы жазып алған Қарта Қаңтарбаев.

«Күлен — Маймақ» — Күлен және Маймақ деген ағайынды екі адамның аты, сеуі де бай болып елге атағы шығады. Олар Петропавел қаласының төңірегін мекендеген қазіргі Совет ауданының адамдары, ру жағынан алғанда Атығай ішінде Бабасын. Күлен — Маймақ о баста кедей болып, кейін саудамен байнды.

Бұл өлеңнің шығу тарихын Құдайберген әкем Балуан Шолақтан естіп едім дейді.

42. Шорманның Мұсасына («Ассалаумағалейкүм, атың Мұса») — өлеңнің тексі Қазақ ССР Ғылым академиясы Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қоры (461 п) негізінде алғаш жарияланып отыр.

Керей Мәті — Дәулен, Нұрлыбек (советник), Сағынайдың

Нурмағамбеті бір жерде бас қосыпты. Мұсаның аға сұлтан кезі екен, көпке қосылмай басқа үйде отырыпты.

Біржанның әнін есітіп, құмарынан шығып отырғанынан кейін Біржанға «енді барып Мұсаға өлең айт, бірақ Мұса өлеңді көп ұнатпайды, оның лұқсатына қарамай, өлеңді қоя бер»,— дейді. Біржан Мұса отырған үйге кіріп барып, өлеңді кідірмей қоя берді екен. Бұл өлең Біржанның сондағы айтқан өлеңі.

Балгожаға айтқаны («Балгожа, сенің әкең — Құдайберген») — өлеңнің тексі «Қазақ әдебиеті» гаветінде (1960—27 май, 2), «Жұлдыз» журналында (1963, № 6) басылған нұсқасы негізінде алынып отыр.

43. Балгожаға қарауыл елінде Азнабай болыстың жақыны хатшы болып тұрған кезінде, Біржан келіпті. Біржанның келгенін көрген, естіген адамдар — Біржанға өлең айттырамыз, ән естиміз — деп жиналыпты, Балгожа Біржанның келгенін де, көптің жиналғанын да ұнатпай, көпке — Біржанның әнін әрқашан есітіп жүрсіңдер ғой, — деп жұртты таратып жіберіпті. Ертеңіне шай ішіп болған соң, Балгожа, мынау жолықыңыз, — деп бес сом ақша беріпті. Біржан ақшаны алып, қалтасына салмай, өзі отырған көрпенің астына тыға салыпты. Мұны көріп отырған Балгожа: — «Біржан, сен ақын емес дегенге реңжіп отырған боларсың, ал ақын болсаң, қане, қолма-қол шығарып өлең айта қойшы» — депті. Түні бойы өлең айтпай, құса болып, іші жарылғандай болып отырған Біржан, қолына домбырасын алып шырқағанда, кешеден зарығып, құмартып жүрген жұрт, Балгожаның үйіне тура жүгірісіпті. Біржан да жұрт жиналсын дегендей биік әнге басып шырқай беріп, енді жұрт жиналған кезде, осы өлеңін айтыпты. Сонда Балгожа — япырмай, Біржан ақын екенсің ғой, мен білмеген екенмін, ақынға ат-шапан айыбым деп, ішік жауып, ат мінгізген екен.

44. Тұрлыбекке айтқаны («Әуелі сөз сөйлейік бір құдайдан») — өлең тексі Қазақ ССР Ғылым академиясы Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қоры (461 т.) негізінде алынып, тұңғыш басылып отыр.

Тұрлыбек Күшенұлы Күрсары Керей руынан, бұрынғы Ақмола уезінің адамы. Тұрлыбек өз кезінде ірі бай, оның үстіне Ақмола дуанының советнигі болып, патшадан күміс медаль алған адам.

Біржан сал да ру жағынан алғанда Тұрлыбекпен рулас Керей болады.

45. Алтын қызға («Алтын жан, сен де Керей, мен де Керей») — өлеңінің тексі ел аузынан жиналып алғаш жарияланып отыр. Жинаушы Қарта Қаңтарбаев, ол бұл өлеңді алғаш 1935 жылы шамасында Мұсаның Шаймердені деген ақсақалдан есітіп жазып алады. Артынан Ыбырайұлы Әбдірахман деген кісі де айтып береді.

46. Жанбота («Жанбота, осы ма еді өлген жерім») — ән өлеңі, тексі 1962, 1965 жылғы жинақтарға сүйеніп беріліп отыр. Өлең С. Мұқановтың «Қазақтың XVIII—XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер» (1942) атты зерттеуіне, Қ. Жұмалиевтің «Қазақ композиторларының өмірі мен творчествосы» (1942), М. Ғабдуллиннің «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» (1958, 1964) атты кітаптарына, 1955, 1958, 1963 жылғы жинақтарға, Біржанның шығармалар жинағына енген.

Жанбота Қарлық баласы, арғы атасы — Сарықыз, руы Атығай ішінде Елтоқ. Қотыркөл төңірегіндегі Атығай, Керей елінің болысы болады. Ал Азнабай Қоңырқұлжа баласы, Қарауыл руынан, Қылды Қарауыл елінің болысы болады. Азнабай болыстың поштабайы Сайлыбай деген пысық жігіт екен.

Әннің шығу тарихы мынадай: Көкшетау қаласында жиналған жұрт Біржан салға ән салдырып отырады. Бір кезде Біржан әнін тоқтатсын, губернатордың келетін уақыты болды деп Жанбота мен Азнабай болыстар бұйрық етеді. Әйтсе де жиялған халық тарамайды, қызып алған Біржан да әнін тоқтатпайды. Осыны сылтау етіп, бұрыннан өшігіп жүрген Азнабай болыс өзінің поштабайын жіберіп, Біржанға қол жұмсатады. Осы оқиғаға байланысты, топ ішінде қол іс көрген Біржан ашынып, «Жанбота», «Адасқақ» әндерін табан аузында суырып салып шығарады. Бұл туралы Біржан жайында естеліктегі материалдарды қараңыз, сонда толық жазылған.

47. А д а с қ а қ («Созады Біржан дауысын қоңыр қаздай») — ән өлеңі, тексі 1962, 1965 жылғы жинақтарға сүйеніп жіберілді. А. Жұбановтың «Қазақ композиторларының өмірі мен творчествосы» (1942) атты кітабында, 1955, 1958, 1963 жылғы жинақтарда, Біржанның жинағында жарық көрді.

Бұл өлең Біржанның «Жанбота» әніне жалғас суырып салып айтқан өзінің тексі. Ол жайында «Жанбота» әніне берілген алдыңғы түсінікті қараңыз.

48. Ж а н б о т а г а («Жанбота, жоқтамадың, кетті кегім») — өлеңнің тексі ел аузынан жиналған нұсқасы бойынша, тұңғыш

баслады. Өлеңді жинаушы — Қарта Қаңтарбаев, 1966 жылы Аждар Исаұлынан жазып алған.

Бұл өлеңде айтылып отырған Иса Керей руынан шыққан. Біржанмен ағайындас адам, әкесінің аты — Нарке. Атығай, Керей еліне Жанботадаан кейін боластық осы Исаға тиеді, Біржан соны еске алып отыр. О баста өлең ұзақ болса керек, есте қалғаны тек осы ғана.

49. Жанботаға тағы да бір айтқаны («Бұрынғының биіңдей би қалмады») — өлеңнің тексі А. Жұбановтың «Замана бұлбұлдары» (1963) кітабы бойынша алынып, басылып отыр. Бұл өлең 1963 жылғы жинаққа да енді.

50. Әйелі Әліш туралы айтқаны («Үш жүзге бойың жеткен биік аршын») — өлең тексінің алғашқы екі шумағы ел аузындағы нұсқасы бойынша берді. Бұл шумақтарды 1963 жылы Қаңтарбаев Қарта 95 жастағы Қонды баласы Айтжан ақсақалдан жазып алған. Соңғы бір ауызы А. Жұбановтың «Замана бұлбұлдары» (1963) атты кітабынан алынды.

Әліш — Біржан салдың сүйікті жұбайы. Әліштің әкесінің аты, қай елдің қызы екені белгісіз. Өйткені оны Біржан сал басқа бір аялыс елден жасырып алып қашып келген екен. Ел аузындағы аңыз-әңгімелерге қарағанда, Әліш сұңғақ бойлы, парасатты, ибалы, үлгілі адам болған деседі. Бұл жайында Әліш туралы айтылған естелікті қараңыз.

51. Атығай елінің адамдарына айтқаны («Атығай, Қайран елім, қоныстасым») — өлеңінің тексі ел аузынан алынды, 1960 жылы Шақатұлы Дәдеттен жазылып алынған.

Атығай — Аргын руының бір атасы. Атығай елінің бір бөлек рулары Біржанның руы Ақсары Керейлермен қоныстас, іргелес отырған, аралары төрт-бес шақырымдай-ақ болған. Атығай мен Керей елі қашанда тату-тәтті көрші ел екен, бір себеппен екі елдің арасына дау-жанжал түсіп, араздасады. Соның салдарынан Біржан бұрынғыдай екі елдің еркесі болып сайрандап жүре алмайтын болады. Бұл кезең Біржанның көрілік меңдеп, сырқатқа айналған шағы еді. Бұл өлеңді Біржан сол кезде шығарады.

52. Жамбас сипар («Ұшына орамалдың түйдім сусар») — ән өлеңі, тексі 1962, 1965 жылғы жинақтардың негізіне сүйеніп жіберілді. Өлең алғаш А. Жұбановтың «Қазақ композиторларының өмірі мен творчествосы» (1942) атты кітабында жарияланды, оған кейін 1955, 1958, 1963 жылғы жинақтарда басылды.

Өлеңнің соңғы шумағының екі және төрт тармақтары:

Бала мен ағайынға жақпас болдық,
Ойлаанып адам ебін таппас болдық,—

деп ел аузында айтылып жүрген нұсқасы бойынша жіберілді, басылған жарық көрген нұсқаларында бұл тармақтар:

Келін мен балаға да жақпас болдық,
Таппайтын адам ебін қақпас болдық,—

делініп келген еді.

«Жамбас сипар» әні Біржанның серілікті салтқа айналдырған жас кезіндегі әндерінің бірі, әйтседе әннің алғашқы тексі сақталмай, көріліктің көрілігін баяндайтын текстен айтқан нұсқасы ғана ел аузында қалған.

53. Көкейкесті («Ай қараңғы көрінер, солған сайын») — ән өлеңі. Өлеңнің тексі ел аузынан жиналып алғаш басылып отыр. Өлеңнің бұл нұсқасын 1964 жылы тоқсан жастағы Жұмабек ақсақалдан жазып алған Қарта Қаңтарбаев.

54. Жақсы мен жаман («Біреудің аспанда жүр даражасы») — өлеңнің тексі ел аузынан жиналып, тұңғыш басылып отыр, жинаған Есім Байболов.

55. Бүркітті («Бүркітті асуыңнан талай өттім») — ән өлеңі, тексі ел аузында айтылып жүрген нұсқасы бойынша алынып, баспа бетіне алғаш ұсынылып отыр. Бұл ән тексін 1964 жылы Біржанның ағайыны Мақашұлы Ақан қарттан жазып алған Қаңтарбаев Қарта.

Бүркітті Көкшетау облысы, Еңбекшілер ауданындағы Жөкей көлінің батыс бетіндегі қалың орманның ортасындағы шоқының аты. Патша отаршылығы кезінде жергілікті қазақ шаруалары, соның ішінде Біржан салдың ауылы да ата қонысынан ығыстырады. Осы оқиғаға байланысты Біржан сал өзінің ата мекенін аңсап, осы «Бүркітті» әнін шығарады.

56. Мәті — Дәулен («Аржақта Керей, Уақ, Мәті — Дәулен») — ән өлеңі, тексі 1962, 1965 жылғы жинақтардан алынды. 1955, 1963 жылғы жинақтарда да жарияланған.

Бұл өлеңдегі аталып отырған Керей, Уақ Орта жүздегі ру аттары, Мәті — Дәулен сол рулардың басты адамдары.

57. Теміртас («Біржан деп атым шықты алты алаш-

قەسەدە پەرھیزان خەلقىنىڭ
قۇرغاق ئايتىشقا

۱۹۹۵

۱۳۹

۸

بۇ كىتابنىڭ نامىدە تەبىئەت بىلەن مۇناسىۋەتلىك مەسىلىلەرنى
پۈتۈنلەي ئىشلىتىش ۱۹۹۷ يىلى بېكەت

كىتابنىڭ ئىزاھاتىدا مەسىلىنىڭ تەبىئەت بىلەن مۇناسىۋەتلىك نامىدە
ئىزاھات بېرىش ئۈچۈن مەسىلىنىڭ تەبىئەت بىلەن مۇناسىۋەتلىك
مەسىلىنىڭ خۇلاسەسىنى ئىزاھات قىلىش ۱۹۹۵ يىلى بېكەت

Издательство «Госиздат» 20-август 1997

KAZAKH

State Agency for Intellectual Property

1997

қа) — ән өлеңі. Өлеңнің тексі А. Жұбановтың «Замана бұлбұлдары» (1963) атты кітабынан алынды.

«Теміртас» Біржанның қартайып науқасқа шалдыққан кезінде айтқан әндерінің бірі.

Бұл өлеңде Біржанның жасы 65 те деп қате көрсетілген, дұрысында Біржан 64 жасына қарағанда қайтыс болған.

58. Біржанның қартайған және сырқаттанған кезінде шығарған өлеңдерінен әзірге қолда бары осылар. Бұл өлеңдер салдың сол қартайған, науқасқа шалдыққан кезінің сезімдерін елестетеді.

Өлеңнің 1 цифрмен белгіленген шумақтары «Жаңа әдебиет» журналының 1928 жылғы 12-санында басылған нұсқасы бойынша алынды. Бұл нұсқасы кейін 1962, 1965 жылғы жинақтарда жарияланды. Бұл шумақтың алғашқы ауызы С. Мұқановтың Қ. Бекхожинмен бірігіп құрастырған, орта мектептің 8 классына арналған «Әдебиет хрестоматиясында» (1938) мынадай өзгерістермен басылған:

Дүние, өтеріңді біліп едім,
Білдірмей кедейлікті жүріп едім.
Бұл күнде бір тоқтыдан құным төмен,
Үш жүзге атым шыққан Біржан едім.

Бұл өлең тармақтарын осы нұсқасында С. Мұқанов өзінің «Қазақтың — XVIII—XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер» (1942) атты кітабында келтіреді. Кейін бұл тармақтар осы өзгерістерімен Қ. Жұмалиевтің «Қазақ әдебиеті» (1942, 1949, 1950) және М. Ғабдуллиннің «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» (1958, 1964) атты кітабында орын алды. Ал бұл шумақтың соңғы ауызы С. Мұқановтың жоғарыда аталған кітаптарында мынадай өзгеріспен берілген:

Теміртас, Асыл, Ақық балдан тәтті,
Не болар деменіздер адам затты.
Үкідей желпіндірген құлындарым,
Шешшенші, білегіме арқан батты!

Бұл шумақтың жоғарыда көрсетілген «Жаңа әдебиет» журналында басылған нұсқасында «Асыл» дегеннің орнына ылғи «Ал-

тын» деп басылды, дұрысында Біржанның қызының аты Алтын емес Асыл болғандықтан «Асыл» деп түзетілді.

Өлеңнің 2 цифрмен белгіленген шумақтары 1958 жылғы жинақтан алынды.

3 цифрмен белгіленген шумақтары А. Жұбановтың «Замана бұлбұлдары» (1963) атты кітабы бойынша берілді.

4 цифрмен белгіленген тармақтары ел аузынан жиналып, оқушы жұртшылығына алғашқы ұсынылып отыр.

59. Біржанға хат — ел арасында кең тараған өлеңнің бірі. Мұны жазған Басықараның Қанапиясы. Біржанның ауылдасы Исаұлы Бекіштің айтуы бойынша жазып алған Қарта Қаңтарбаев.

АЙТЫСТАР

60. Біржан мен Сараның айтысы («Қызы екен Тастанбектің ақын Сара») — айтыс өлеңі. Айтыстың тексі «Қисса Біржан сал менен Сара қыздың айтысқаны» деген атпен 1898 жылы Қазанда басылған алғашқы нұсқасы бойынша беріліп отыр. Айтысты бастырушы Шайхұлисламұлы Жүсіпбек қожа, ол Сараның өз айтуынан жазып алады.

«Біржан мен Сараның айтысының» революцияға дейін басылған екі нұсқасы бар, бұл баспаға ұсынылып отырған алғаш жарық көрген бірінші нұсқасы. Айтыстың екінші нұсқасы алғашқы нұсқасынан бір жыл кейін — 1899 жылы жарияланды, «Қисса Біржан сал менен ақын Сараның айтысқаны» деп аталады. Айтыста оны жинап бастырған адамның аты-жөні көрсетілмеген, тек айтыстың соңында бастырушының атынан айтылған бірнеше шумақ өлең бар, онда бастырушының айтыстың бұл нұсқасын Зайсан қаласынан жібергені:

Зайсанның жіберілді қаласынан,
Кімнің кім зиян шегер данасынан.

деп көрсетіледі. Бастырушы айтыстың ел арасында ауызша таралып жүргенін де ескертіп:

Әр кісінің қолында біреуі жүр,
Біреуі рас болса да, бірі жалған,—

дейді. Және айтыстың сол уақытқа дейін сол төңіректе баспа жүзін көрмегенін, енді ғана жинап бастыруға ниет қылып отырғанын айтып:

Сөйтсе де хат болмайды, басылмайды,
Қазанға бастыруға көңіл ауған,

дейді.

Енді айтыстың бұл нұсқаларының бір-бірінен айырмашылығына келсек, ол мына секілді: Айтыстың 1898 жылы басылған алғашқы нұсқасының көлемі — 907 жол. Бұл айтыстың ең негізгі нұсқасы болып табылады, өйткені бұл бірінші нұсқасы айтыстың екінші нұсқасында түгелдей алынады да, 173 тармақ ара арасына қосылады. Бұл тармақтар — ел ішінде айтысты таратушылардың, немесе жинап баспаға ұсынған адамның қоспасы.

«Біржан мен Сараның айтысы» болмапты, оны Төңірекберген Әріп ақын шығарыпты дейтіндер айтыстың осы екінші нұсқасын негіз етеді. Шындығында бұл пікірлер ешбір ғылыми дәлелді көтермейтіні тек лақап сөздер. Олай дейтіміз, біріншіден, — айтыстың алғашқы нұсқасы екінші нұсқасынан бір жыл бұрын жарыққа шығады. Екіншіден, — айтыстың екінші нұсқасында (Әріп шығарыпты-мыс дейтін нұсқасында) алғашқы нұсқасы сол қалпында түгелдей алынады. Үшіншіден — айтысты жинап бастырған адамның аты-жөні көрсетілмейді және бастырушы айтысты, жоғарыда келтіргендей, өзім шығарып едім демейді, ел аузынан жинап баспаға ұсынғанын ескертеді.

Айтысты Әріп шығарыпты дейтін осы лақап ел ішінде тек ауылаша таралып қана қоймай, «анау айтты, мынау айтты болып» баспа бетіне де түскен. Ол лақап сөздің баспа бетінен орың алуы зерттеуші әдебиетші ғалымдардың арасында талас тудыруға негіз болып келді, бұл жайында «Қазақ әдебиеті тарихын» және осы жинақтағы кіріспе мақаланы қараңыз, онда бұл талас пікірге кеңінен тоқталынады.

61. Біржанның Нұрғайша қызбен қағысуы («Бауыры Көкшетаудың қара қайың») — айтыс өлеңі. Өлеңнің тексі Қазақ ССР Ғылым академиясы Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбасы (461 п.) бойынша жіберілді. А. Жұбановтың «Замана бұлбұлдары» (1963) атты кітаптарында және 1963 жылғы жинақта басылды.

62. Біржанның бір қызбен қағысуы «Байлардың

жейтін асы жая мен жал»— айтыс өлеңі. Өлеңнің тексі С. Мұқановтың «Қазақтың XVIII—XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер» (1942) атты кітабы бойынша алынды. Бұл айтыс алғаш Қ. Бекхожин мен С. Мұқанов құрастырған «Әдебиет хрестоматиясында» (1938) жарияланды, бірақ онда 1942 жылғы басылуынан өзгеше, өлеңнің алғашқы шумағының соңғы екі тармағы мына секілді:

Қыс аяғы шаруаға тарын болды
Жекіреймей, көжеге ерніңді мал!

Біржанның бұл айтысының ел аузында бірнеше нұсқасы бар, соның бір түрін Аймаған қарттан 1963 жылы Қарта Қацтарбаев жазып алған.

Бір жылы Біржан қыстың қатты үскірігінде жолаушылап жүріп мезгілсіз уаққа келді бір үйге келіп тұса қалыпты. Үйде отырғандар, ортасына қойып көже ішіп отыр екен, Біржан ұсынған көжені алмапты. Үйдің бойжеткені Біржан екенін сезіп:

Жүрсің бе аман-есен, ей Біржан сал,
Қыс аяғы ұзарып кетпеген қар.
Шаруаның ішкені бәрі — көже,
Кекіреймей көжеге ерніңді мал,— депті.

Біржан кенеттен айтылған өлең болған соң ба, жоқ кейін берерлік астың жоқтығына көзі жетті ме, жұлып алғандай:

Бет алып елден шықтым Қаракермен,
Қаракер жүре алмады, қара термен,
Елдің ішкен тамағы көже болса,
Көжеңді босып-босып әкел бермен,—

деп көжені ішіп салыпты,— дейді.

Бұл айтыстың ендігі бір нұсқасы А. Жубановтың «Замана бұлбұлдары» (1963) атты кітабында былайша берілген:

Қыс аяғы:
Қыс қатты, арық болды, сойылған мал,
Ел жүдеп, таусылды жая мен жал.
Жұрттың ішкен тамағы осы көже,
Сал болсаң да, көжеге ерніңді мал.

Біржан:

Аралап таныс болдым әрбір елмен,
Көп көрдім сияпатты жүрген жерден.
Шаруаның ішкені көже болса,
Замандас, басып-басып әкел бермен.

63. Біржанның Шөже ақынмен қағысуы («Шөже:— Ей Біржан, маған берші бір азды дат»)— айтыс өлеңі. Өлеңнің тексі Қазақ ССР Ғылым академиясы Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қоры (461 п.) негізінде жіберілді. Баспа жүзіне тұңғыш ұсынылып отыр.

Шөже — XIX ғасырда (1805—1891) жасаған атақты айғыр ақын, Біржаннан жасы үлкен.

64. Біржанның Тезекбай ақынмен қағысуы («Тезекбай:— Бұл өнерді кім берді, Біржан саған»)— айтыс өлеңі. Өлеңнің тексі Қазақ ССР Ғылым академиясы Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қоры (252—п.) негізінде алынып, баспа бетіне тұңғыш жарияланып отыр. Өлеңді ең алғаш 1939 жылы Тезекбайдың інісі Сыздықтан жазып алған Есмағамбет Ысмайлов.

65. Біржан, Орынбай, Шөже ақындардың айтқырлықтары («Біржан, Сағынай, Мәті, Дәулен жайындайсың»)— тапқырлық салыстыру өлеңі. Өлеңнің тексі — Қазақ ССР Ғылым академиясы Орталық ғылыми кітапханасы (461 п.) негізінде басылып отыр.

66. Бабай мен қасқырдың айтысы («Бабекен қарсақ аулап жүрген екен»)— айтыс өлеңі. Өлеңнің тексі ел аузынан жиналып, тұңғыш рет баспаға ұсынылып отыр. Біржанның бұл өлеңін 1964 жылы Қаңтарбаев Қарта Шақанұлы Дәдет қарттан жазып алады. Біржанның бұл айтысының бір нұсқасы Қазақ ССР Ғылым академиясы Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қорында (461—п.) сақтаулы. Бірақ ол «Бабак бай мен қасқырдың айтысы»— деп аталады. 1963 жылы тапсырған Телжанов Хажиахмет.

Біржанның бұл өлеңі кезінде ел ішіне кеңінен тараған айтыстың бірі, өйткені айтыс сол кездегі ел мен елдің арасындағы ру тартысына, дау-жанжалға байланысты шығарылған.

Мұндағы қасқырмен айтысатын Бабай — тарихи болған, Атығай руының ішіндегі Сары деген атадан шыққан адам. Бабай қара

жалу өлең шығаратын кісі екен. Бабайдың алғашқы алған жұбайы қайтыс болып, Айжан, Балжан деген екі қызы жетім қалады. Содан Бабай ағасұлтан Ыбырайдың (Ғабдолла баласы) туысына үйленеді. Жаңа әйелі жетім қыздарын күтпей үй ішінен реніш туады. Ыбырай жақынына бұрып Бабайды шақыртып — сен менің нәсілімді неге қорлайсың, туысымды айырып алып, өзіңді айыптап жер аударам дегенде, Бабай мына өлеңді айтқан екен:

Тоқал байға жағам деп сылаңдайды.
Байының жылағанын жайшылықта кім аңдайды.
Тоқал шеше баланы ұрғаныңда,
Бала шіркін атаға алаңдайды.

Айжан тәтті болғанда, Балжан тұңғыш,
Бағай-еке-ау, мен болыппын ба елді бұзғыш?
Тоқал шіркін баланы ұрғаныңда,
Балапанын қорғаған мен бір қызғыш.

Не қыласаң да еркің бар, Бағай-еке,
Соңымда балалар бар, емен жеке.
Өмірім өксіп қызғыштай шырылдаймын,
Балаға қатаң болып тоқал шеше,—

дегенде Ыбырай, әй, кіне өзіңде екен ғой, бұдан былай Бабайды, балаларды күтіп ұста деп, қарындасын Бабайға қосып жіберген екен.

Аға сұлтан Ыбырайдың арғы тегі кірме, аз атадан екен. Әйтседе өзі аға сұлтан болғаннан кейін, Атығай, Қарауыл, Алтай — Тоқа, Керей — Уақ елдеріне үстемдігін жүргізеді. Бұл елдер Ыбырайға наразы болып үстінсіз арыз-шағым беріп көп тартысып айтысады. Бұл жайында Атығай Ақсақ — Тәңірбергеннің, Тоқа Әтеке-нің айтқандары бар. Ыбырай да өзінің әкімшілігін пайдаланып бұл елдердің адамдары Керей Сүлейменнің Айдаркесін, Атығай Қасымды және Жүкен дегендерді Сібір айдатады. Ақырында көпшілік бұқараның қарсылығымен, Аққошқар — Сайдалының байлығымен орқынап алынады. Сондықтан Біржан Ыбырайдың күйеуі Бабай мен қасқырды айтыстыру арқылы, аға сұлтан Ыбырайдың сөтқарлық қылмыстарын ашпақ болған.

М А З М Ұ Н Ы

Біржан салдың ақындығы (Е. Ысмайылов)	7
---	---

ӨЛЕҢДЕРІ

Баласы Қожағұлдың Біржан салмын	51
Айтбай	52
Қаламқас	53
Алтын балдақ	54
Ақсеркеш	55
Соқпа-ай соқ	56
Керкекіл	57
Бірлән	58
Ғашығым	59
Ғашық жар	60
Жайма-шуақ	61
Жонып алды	62
Сырғақты	63
Аққошқар	64
Ақтентек	65
Мақпал	66
Біржан сал ақын	67
Бұрытай	68
Көкек	70
Телқоңыр	71
Ләйлім шырақ	73
Көлбай-Жанбай	74
Шідер	76
Айжан қызға	77
Сіз бұрын	78

(Біржанның Омбыда бір қызға айтқаны)	78
Атым Біржан	79
Орынтай	80
Қалқама	81
Пар жектім	82
Қараша	83
Он екі завод	84
Ахау, әриайдай	85
Орынбор	86
Талай заман	87
Жетісу	88
Ақжорғажан	89
Жастарға	91
Қосдәулетке	92
Қасенге	93
Байпаққа	94
Күлеп-Маймаққа	95
Шорманның Мұсасына	96
Балғожаға айтқаны	98
Тұрлыбекке	99
Алтын қызға	100
Жанбота	101
Аласқақ	102
Жанботаға	103
Жанботаға тағы бір айтқаны	104
Әйелі Әлішке айтқаны	105
Атығайдың елінің адамдарына айтқаны	105
Жамбас сипар	107
Көкейтесті	108
Жақсы мен жаман	109
Бүркітші	110
Мәті — Дәулен	111
Теміртас	112
Біржанның қартайған және сырқаттанған кезінде шығарған өлеңдері	113
Біржанға хат	117

АЙТЫСТАРЫ

Біржан мен Сара	121
Біржанның Нұрғайша қызбен қағысуы	153
Біржанның бір қызбен қағысуы .	154
Біржанның Шөже ақынмен қағысуы	155
Біржанның Тезекбаймен қағысуы .	157
Біржан, Орынбай, Шөже ақындар- дың айтқырлықтары	159
Бабай мен қасқырдың айтысы . .	161

ЕСТЕЛІКТЕР МЕН ЕСТІГЕНДЕР

Түсіліктер (Ғали Әбетов)	205
----------------------------------	-----



Біржан сал.
ӨЛЕҢДЕР. Алматы, «Жазушы», 1967.
228 бет.

Біржан сал Кожакұлов
НА КРЫЛЬЯХ ПЕСНИ

Сборник стихов

(На казахском языке)

Издание издательства
«Жазушы»— 1967

Редактор А. Шалабаева
Худож. редактор И. Исабаев
Художник А. Рахманов
Техническ. редактор М. Прокаева
Корректор А. Симбинова

Сдано в набор 23/VII—1966 г.
Издат. № 235. Подписано к
печати 29/XI—1966 г. УГ02084.
Бум. тип. № 2. 70×108¹/₃₂=
=7,125 п. л.—9,975 усл. п. л.
(Уч.-изд. 7,14 л.). Тираж 20 700 экз.
Цена 37 коп.

Заказ № 362. Типография № 2 Глав-
полиграфпрома Государственного ко-
митета Совета Министров КазССР по
печати, г. Алма-Ата,
ул. К. Маркса, 63.